ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай өтетін білім алушылардың республикалық XII ғылыми – тәжірибелік конференциясының ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ XII республиканской научно-практической конференции обучающихся, посвященной 12 апреля – Дню работников науки

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES XII republican scientific-practical conference of students, dedicated to April 12 - the Science Workers Day

I том

Шымкент-2023

УДК 001
ББК 72
О-59

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна	**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы - Ректор, т.ғ.к., доцент**

Ұйымдастыру алқасы

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	**Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент**
Кудышева Айнаш Амангельдыевна	**Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, к.п.н., доцент**
Керімбеков Ержан Рахымжанұлы	**Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор, PhD**
Тажекова Ақмарал Джаксыбековна	**Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, г.ғ.к., доцент м.а.**

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай өтетін білім алушылардың республикалық XII ғылыми – тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент, 2023 - 452 бет

Сборник научных статей XII республиканской научно-практической конференции обучающихся, посвященной 12 апреля – Дню работников науки. Шымкент, 2023 - 452стр.

Collection of scientific articles XII republican scientific-practical conference of students, dedicated to April 12 - the Science Workers Day. Shymkent, 2023 - 452 p.

ISBN 978-601-7968-22-9

Жинаққа білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2023

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 811.512.122.81'44

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

Үкібай Д.Д., Тоғайбек Ж.М., Усупбаева А.Т. – 1701-29 оқу тобының студенттері
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г.- ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается объем системы упражнений в обучении морфологии современного казахского языка.

Summary

This article discusses the volume of the system of exercises in teaching the morphology of the modern Kazakh language.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан практикалық сабақтардың мақсатын үлгі бағдарламада «... ғылыми курс бойынша меңгерген ғылыми-теориялық білімін жүйелеп, оны практикалық тұрғыдан талдап, тани білу дағдысын қалыптастыру, тұрақтандыру» - деп нақтылайды [1]. Мұнда практикалық сабақтардың мазмұны, мақсаты туралы, оны жүргізуде басшылыққа алатын көмекші оқу құралдары көрсетіледі. Демек, семинар сабағы теориялық білімді бекіту, жүйелеу, студентті оны іс жүзінде дұрыс қолдана. білуге дағдыландыру мақсатын көздейді. Қазіргі қазақ тілінен семинар сабағында орындалатын жаттығу, тапсырмалар орындауда бағдарламада көрсетілген мына әдебиеттерді қолдануға болады: практикалық сабақтарға арналған Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, О.Төлегеновтердің «Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы» [2].

Бұл — университеттер мен педагогика институтының филология факультетіне арналған, өңделіп 2-рет басылған оқу құралы. Жинақтың негізгі міндетін авторлар былай көрсетеді «...студенттердің өз білімі мен тіл фактілерін талдап дағдылануына, лекциялық курстан алған теориялық білімін тереңдетіп кеңейтуіне, сөйтіп оны практикалық тұрғыда меңгеріп алуына мүмкіндік туғызу». Аталған көмекші оқу құралы үшінші рет өңделіп 1997 жылы жарық көрді. Оқу құралы «Қазіргі қазақ тілі» ғылыми курсының жаңа бағдарламасына сәйкес жасалған. Мұндағы жаттығулар түгелдей дерлік жаңадан құрастырылып, әр бөлімінің соңында қолданылатын әдебиеттер мен сөздіктердің тізімі берілген. Оқу құралы Қазіргі қазақ тілінің лексика, фонетика және грамматика бөлімдерінен практикалық сабақтарды жүргізуге арналған. Мұндағы жаттығулардың бір ерекшелігі — терме мәтіндер түрінде тұтастай берілуі. Тапсырмалар мазмұны: морфемалардыңсөз таптарына қатысты лексика-грамматикалық мағыналары, грамматикалық формалы сөздерді теріп жазу; грамматикалық мағыналардың берілу жолдарын, негізгі және көмекші морфемаларды анықтау, сөздерді құрамына қарай талдау сөздердің атқарып тұрған қызметін анықтау, жұрнақ, жалғауларды табу т.б.

Оқу бағдарламасында оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылған әдебиеттің бірі-С.Исаев пен Ш.Бектұровтың «Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері» құралы [3]. «Жоғары оқу орындарында оқылатын Қазіргі қазақ тілі" ғылыми курсының теориялық материалын терең ұғынып, алынған білімін

бекітуде, практикалық дағдысын қалыптастыруда сөйлемге грамматикалық талдау жасаудың маңызы зор. Сөздерді бөлшектерге боле білу, сөздердің морфологиялық құрамын ажырату, сөйлемдегі сөздердің байланысын білу морфологиялық ұғымдарды түсінуге мүмкіндік жасайды; грамматикалық талдау студенттерді ондағы тілдік құбылыстарды дұрыс талдай білуге, практикалық дағдысын қалыптастыруға, сөйлем талдаудың техникасын меңгеруге көмектеседі, белгіліден белгісізге көшуде абстрактілеу, талдай білу қабілетін дамытады» [3]. Аталған оқу құрамында грамматикалық талдауды морфологиялық және синтаксистік деп бөле отырып, үлгілерін көрсетеді.

Студенттердің теориялық білімін қалыптастырып, оқытудың кәсіби бағытын жүзеге асыруда семинар сабағында орындалатын жаттығу жумыстарының алатын орны ерекше. Жаттығу жұмыстарын іріктеп, оның мазмұнын анықтау - өте күрделі жүйе, оның дидактикалық негізі жан-жақты зерттелгенімен, белгілі бір жүйе қалыптасты деп айту қиын. Лингвистикалық дағды мен іскерлік жаттығулар орындау барысында қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, дағды мен іскерлікті қалыптастырудың физиологиялық негізі — уақытша шартты байланыстар. Адамның білім алуы осы уақытша шартты байланыстарға, ягни алынған білім мен жаңа түсінік, ұғымдар арасындағы байланыстарға негізделеді Осы байланыстар беки отырып, стеоротипке айналады. Теориялық білімнің тәжірибеде, жан-жақты түсіндірілуі семинар-зертханалық сабақтарда жаттығу жұмыстарының орындалуы арқылы жүзеге асады, сондықтан теориялық тақырып мазмұнын ашатын жаттығу түрлерін мұқият таңдап, іріктеудің болашақ маман білімінің сапасын арттыруда маңызы ерекше. А.Байтұрсынов айтқандай, «жаттығу, төселу үшін істің кайта-қайта істелуі ғана шарт» [4,363]. А.Байтұрсынов жаттығулар түзудегі тәжірибесін зерттей келе, А.Қыдыршаев былайша топшылайды: «...әдіскер жаттығулардың мазмұны жағынан алғанда, тәжірибелік және жалпы білімдік мәнін ерекше ескерген. Екіншіден, әрбір тақырыптан кейін берілген жаттығулар сол тақырыптың мақсаты мен міндетіне сай құрастырылган. Үшіншіден, жаттығуларды мазмұны жағынан да, мақсаты жағынан да бір сарында алмай, түрлендіруге тырысқан» [5,125].

Бұдан біз А.Байтұрсыновтың өз кезінде білім беру үдерісінде жаттығу маңыздылығына үлкен мән бергенін байқаймыз.

Ғылыми-әдістемелік еңбектерде жаттығу түрлері сан-салалы түрлі жіктелетіндігі анықталды. Олар: даярлық сынау, машықтандыру, шығармашылық, бақылау жаттығулары [6], өзге. байланысы, тілдік және сөйлеу жаттығулары деп бөле келе, алдыңғысына түсірілген сөздерді табу, сөйлемдерді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылту, көп нүкте орнына тілдік тұлғаларды қою соңғысына сұрақ-жауап, шығарма, мазмұндама жазу, сөйлесу, су жұмыс, әңгімелесу, кітаппен жұмыс, тілдік құбылыстарды тану және оны ұқсас құбылыстардан бөліп алу, есте сақтау, бекіту, ұқсастығы айырмашылығына қарай бөлу, топқа жіктеу, құбылыстарды салыстыру, ұғымдарды қалыптастыру, білімді жалпылау және практикада колдану жаттығулары,психолингвистикалық тұрғыдан рецептік, продуктивтік, репродуктивтіктілдік жүйе туралы қалыптастыруға арналған жаттығулар,

тілдің динамикасы туралы дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар (тілдік материалды талдау), сөйлеу әрекетін қалыптастыруға арналған жаттығулар [7,198].

Семинар сабақтарында әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды талдап орындау әр студенттің жеке дара ерекшелігін ескерумен қатар, оның ерік-жігерін, ізденімпаздығын, ақыл-ойын дамытады, сондай-ақ өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Семинар сабақтарында орындалатын жаттығу-тапсырмалардың, оқу әрекеттерінің әр түрлілігі студенттің танымдық белсенділігін арттырумен бірге, оқыту мазмұнын қызықты ете отырып, пәнге олардың қызығушылықтарын арттырады. Жаттығулар үшін оқу мәтіндерін іріктеудің білім сапасына тигізетін ықпалы үлкен. Мәтіндерде оның құрамындағы сөйлемдерде игеріліп отырған грамматикалық құбылыстардың жеткілікті болуы, жас ерекшелігіне сай танымдық, қызығушылығына сәйкес алынуының оқу-тәрбие процесіне тигізетін маңызы зор. Мәтіндердің қайнар көзі көркем әдебиет, ғылыми көпшілікке арналған әдебиет, баспасөз, ауыз - әдебиеті, педагогикалық әдістемелік әдебиеттер т.б. Семинар және зертханалық сабақтарда студенттің өз бетінше ой түйіп, өз бетінше шешім шығарып, қорытынды жасай білуге дағдыландыру грамматикалық ұғымдарды меңгерту барысында морфологиялық талдауды жүйелі түрде жасап отыру өз нәтижесін береді. Бұл жөнінде С.Исаев жоғары оқу орындарында сөйлем талдауды дұрыс игеру грамматиканың ғылыми ұғымдарын жете ұғуға, тілдің грамматикалық, құрылысы жөнінде студенттердің практикалық дағдысын қалыптастыруға, грамматиканың тілдік ұғымдарын жіті түсінуге, өз беттерімен сөйлемді грамматикалық жағынан толық, дұрыс талдай алуға даярлайтынын айтқан. Грамматикалық талдауда аналитикалық сипат басым, сондықтан ол ақыл-ойдың, логикалық, грамматикалық ойлаудың дамуына, білімді бекітіп жүйелеуге септігін тигізді. Грамматикалық талдау - ереже анықтамаларды түсіндірудің дедуктивті, тиімді жолы. Оқу үдерісінде орыс тілін оқытумен байланысты грамматикалық талдауды жургізудің дидактикалық, әдістемелік қырларын жан-жақты талдаған ғалым А.В.Текучев [8]. Автор грамматикалық материалды игеруде. оны жетік түсінуде грамматикалық талдау ең тиімді жол дейді. Ол грамматикалық талдауды ұйымдастырудың дидактикалық талаптарының орындалуы ғылымилық, тарихилық, тіл мен ойлау арасындағы байланыс, саналылық, жүйелілік оқу үдерісіндегі маңызды шарттардың бірі екендігіне баса мән береді. А.В.Текучев грамматикалық талдауды морфологиялық талдаудың түрлерінен құрылымына, сөз таптарына, формасына, қолданысына қарай талдау түрлерін көрсетеді [8,144]. Грамматикалық талдау - теориялық білімді практикада қолдана білуге дағдыландыру, себебі талдау арқылы студент өз білімін практикада қолдануға үйренеді.

Біз бұл пікірді қолдай отырып, морфологиялық талдау жүргізуді мына рет пен ұсынамыз:

1. Сөзге морфемдік талдау жасау (сөз құрамына, негізгі, көмекші морфемаға ажырату). Морфологиялық талдау жасаудағы студенттердің көп| қателесетіні түбір мен нөлдік морфеманы ажырата алмау. Бұған себеп - мектеп

оқулықтарында түбір мән нөлдік тұлға туралы білімнің толық бсрілмеуі. Мысалы, мектеп оқулығында: "...атау септік тұлгасы зат есімнің түбір тұлғасымсн сәйкес келеді» деген жаңсақ тұжырым берілген, себебі атау септік парадигмалық сипаттағы сөз, ол сөйлсм ішінде сөздермсн қарым қатынаста танылады, ал түбірдс ондай қасиет жоқ [9,208].

2. Сөз табына қарай талдау; Сөздсрді сөз таптарына талдауда кездесетінқиындықтар сөздсрдің семантикалық сипатының өте күрделілігіне байланысты болса, екіншіден, конверсиялық құбылысқа (создің бір лексика-грамматикалық категориядан екінші грамматикалық, категорияға ауысуы) байланысты. Сондықтан сөздерді сөз таптарына талдағанда оны семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қызметі тұрғысынан талдау қажет. Сондай-ақ сөз таптарын сөз формаларды салыстыру арқылы талдауғада болады.

3. Сөйлемдегі сөздердің құрамындағы көрсеткіштердің қай категорияларға қатысын анықтау;

4. Сөздердіңграмматикалық формасына қарай талдау. Грамматиканың синтетикалық формасының өз ішінде омонимдік қатар құруы жиі кездеседі, сондықтан морфологиялық белгіні оппозициялық талдау жасау, яғни бір сөздің формаларын салыстыру, қарама-қарсы қою арқылы дұрыс тануға болады;

5. Грамматикалық мағыналарына қарай талдау. Талдаудың бұл түрінде мынадай тапсырмалар беруге болады: 1) лексикалық, грамматикалық мағыналарын салыстыру: 2) бір формамен берілген әр түрлі лексикалық мағыналы сөздерді тауып, морфологиялық ортақ белгісін, морфологиялық мағынасын анықтау; 3)оппозициялық талдау негізінде сөз форманың белгілерін салыстыру арқылы морфологиялық мағыналарын айқындау; 4) модель арқылы сөз таптарының лексика-грамматикалық сипатын ашу: 6) Грамматикалық көрсеткіштердің мағыналық құрамына қарай талдау: (көп мағыналық, синонимдік, омонимдік, антонимдік); 7)Кез келгенморфологиялықкөрсеткіштің синтаксистік қызметі бар, сондықтан синтаксистік кызметіне карай талдау.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясын оқытуда лингвистикалық тәжірибені қолдану студенттің оқу белсенділігін арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, лингвнстикалық тәжірибені жүзеге асыру жолдарын былай көрсетуге болады: нолдік формасы бар сөйлем беріліп, оны қосымшамен ауыстырып, қолданыста қай тұлға тұрақты, қай тұлға тұрақсыз екенін анықтау; заттанған (субстантивтенген) —утұлғалы қимыл есім тұлғаларының анықтауыштық қызметке ауысуын мысалдармен дәлелдеу; қимылдың шақ категориясы мен өту сипаты категориясының бірдей емес екендігін дәлелдету мақсатында мысалдар келтіріп салысгыру, тәжірибе жасау; қимылдың өту сипатының жасалу жолдарын көрсету: (жұрнақ арқылы) көсемше тұлғасы негізінде етістіктің қайталануы (көсеп-көсеп), аналитикалық формант (айтып қой), арқылы жасалатындығын мысалдармен жалғастыру; атау септігінде тұрган сөз септеулік шылаумен тіркесіп жұмсалады, осы дұрыс па? Жауап іздеп, тәжірибемен дәлелдеу; бір тұлғада тұрып, екі түрлі жақ, шақ, рай мәндерінде қолданылатын етістікті тауып, мысалдармен дәлелдеу; көптік жалғау көптік мағынадан басқа мәнде жұмсала ма, тәжірибе жасап,

колданылатындығын дәлелдеу; көптік жалғау сөз бен сөзді байланыстыра ма? Тәжірибе жасау, дәлелдеу; кейбір грамматикалық форманттардың негізгі грамматикалық мағынасынан ауытқып, басқа грамматикалық мағыналар беретіндері бар, мысалдарды оқу арқылы негізгі, ауыспалы мағынасын тауып, далелдеу; мына сейлемдердің қайсысына ... сөзді қоюға болады, тәжірибе жасау жалғауды түсіріп қолдануға бола ма, дәлелдеу.

Қазақ тілі морфологиясы пәні - жоғары кәсіптік білім беру құрылымының басты буындарынын бірі. Болашақ қазақ тілі маманы үшін тіл білімінен жетік даярлығы болуының маңызы зор. Теориялық білімді игеру арқылы ғана болашақ маманның әдістемелік іскерлігі, даярлығы қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Омарова А. Қ.Жұбанов етістіктер туралы. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы , 1999.

2. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. -Алматы,1983.

3. Исаев С, Бектұров Ш. Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері(методикалық талдау). - Алматы, 1985.—97 б.

4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі. 1992. — 448 б.

5. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша). Пед. ғыл. докторы... дис. автореферaты. - Алматы, 2001. -50 б.

6. Онищук В.А. Урок в современной школе. Пособие для учителей. - М.: Просвещение, 1981. -191 с.

7. Джусупов М.Ж. Звуковые системы русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению. -Ташкент. -239 с.

8. Текучев А.В. Грамматический разбор в школе. - М.,1998. -239 с.

9. Боровков А.К. О частях речи в тюркских языках. -М.,1996. -247 с.

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ АСТРОНОМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА КОМПЬЮТЕРЛІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Турсунова А.М. – М1502-22 магистрант

Ғылыми жетекші: Рамазанова С.А. – ф.м.ғ.к, доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В настоящее время преподавание курса астрономии в средней школе в целом затруднено из-за нехватки оборудования. А обучение с помощью этой компьютерной программы позволяет учащимся глубже понять астрономию.

Summary

Currently, teaching astronomy courses in secondary schools is generally difficult due to lack of equipment. And learning with the help of this computer program allows students to understand astronomy more deeply.

Түйін сөз: *астрономия, бағдарлама, нәтиже*

Ключевое слово: *астрономия, программа, результат*

Keyword: *astronomy, program, result*

Астрономия – ғарыштық денелердің құрылысы, дамуы, ғарыштық жүйелер, тұтас Ғалам туралы ғылым. Ол ғарыш кеңістігіндегі жекелеген

денелерді, олардың құрылысын, пайда болуын, динамикасын, құбылыстарын зерттейді. Аспан денелеріне жұлдыздар, планеталар, кометалар, астероидтар және т.б. жатады. Астрономияны оқыту барысында оқушылар Ғалам жүйесін, ғаламшараралық, жұлдызаралық ортаны, пульсарларды, қара құрдымдарды, тұмандықтарды, галактикаларды, квазарларды оқып, таныс болады.

Жалпы астрономия өте қызықты ғылым. Күнделікті өмірімізде орын алып жатқан Күн мен түн, жұлдыздардың жарқырауы, Күннің тұтылуы, айдың тұтылуы, жұлдыздың ағуы, Жетіқарақшы деген құбылыстар тылсымға ие, қызыға, іздене оқитын пәннің бірі ретінде ең керек ғылым болып табылады.

Жалпы орта мектепте астрономия курсы 7 сыныпта *«Ғарыш және жер»* бөлімінде оқытып бастайды. Онда аспан денелері туралы, Күн жүйесі туралы, Күнтізбе негіздері туралы түсіндіріледі. Ал 9 сынып оқушылары *«Астрономия негіздері»* тарауында жұлдызды аспан, аспан координаталарының жүйесі, әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт туралы, Күн жүйесіндегі планеталардың қозғалысын оқып үйренеді.

Ал енді астрономия курсын оқытуда кездесетін кедергілермен таныс болайық: көпшілік мектептерде астрономия ғылымын оқып үйренуге қажет құрал жабдықтардың аздығы, жақсы жұмыс істемеуі. Әрине, интернет желісін қолдану арқылы аспан әлемі туралы көптеген видеолар, суреттер тауып оқушыларға көрсету арқылы оқытуға да болады. Интернет желісіндегі ең қажет, қызықты мәліметтер көбіне орыс, ағылшын тілдерінде көптеп кездеседі. Аспан әлемі туралы мәліметтер қазақ тілінде аз. Ол өз кезегінде үш тілді меңгермеген мұғалім үшін қиынға соғатыны хақ. Мен астрономияны оқыту барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында, өздігінен іздену қабілеттерін ояту, интернет пен телефонды пайдалы мақсатта қолдану аясында септігін тигізетін бағдарламарды қолдануды ұсынамын. Дәл қазіргі уақытта аспан әлемінде қандай құбылыстар орын алып жатқанын көрсететін бұл бағдарламалар өте ыңғайлы болып табылады. Бұл бағдарламалар **Universe Sandbox 2, Star Walk 2 Ads, Solar System Scope, карманная галактика:песочница** деп аталады. Соңғы үш бағдарламаны телефонға орнатып, пайдалануға болады. Бұл әрине өз кезегінде гаджетті өте тиімді пайдалануға алып келеді. Оқушы өз уақытын пайдасы жоқ ойындар мен әлеуметтік желіллерде отырудан қорғайды. Уақытты тиімді пайдалана отырып, астрономиялық құбылыстарды көзбен көруге, бақылауға қол жеткізеді.

Star Walk 2 Ads бағдарламасын телефонға орнату арқылы Календарь деген бөлімі арқылы қай күні Ай қайсы планетаның қасында екенін, жаңа Ай қай күні болғанын, перигелий туралы білуге болады. Жалпы айтқанда бүгін, дәл қазір аспан әлемінде қандай құбылыстар орын алып жатқанын бақылап отыруға болады. Бұл өз кезегінде өте қызық тамаша емес пе?! Астроновости бөлімінде астрономиялық жаңалықтар туралы біліп отыруға болады. Жоғарыда көрсетілген барлық бағдарламаларды телефонға оңай жүктеп, қолдануға болады. Қазіргі таңда *«гаджетке тәуелділік»* уақытында оны дұрыс, тиімді пайдалануды оқушыға көрсете отырып, көптеген нәтижелі жетістіктерге жетуге болады.

Қорытынды.Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың астрономияға деген қызығушылықтарымен және т. б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Шаймерденова К. Астрономия https://www.twirpx.com/file/3030876/
2. Әлихан Бөкейханов Астрономия оқулығы https://abai.kz/post/8256
3. Google https://lifehacker.ru/15-astronomy-apps-for-amateurs/

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ергешбай Н. Б. – 1701-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сапарбаева Қ. Ж – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье дается общее представление о понятии «экопроза» в литературе, говорится о том, что тема экологии берет свое начало в таких произведениях, как тема экологии в мировой и казахской литературе. В начале статьи мы расскажем об общей экологической ситуации в мире и поговорим о роли литературы на эту тему. После этого мы проанализируем работы нескольких наших писателей и расскажем об экологических проблемах Аральского моря и Алтайского края.

Summary

This article gives a general idea of the concept of "ecoproza" in the literature, it is said that the theme of ecology originates in such works as the theme of ecology in world and Kazakh literature. At the beginning of the article we will talk about the general environmental situation in the world and talk about the role of literature on this topic. After that, we will analyze the works of several of our writers and talk about the environmental problems of the Aral Sea and the Altai Territory.

Экопроза-шығармалардағы оқиғалардың басты оқиға желісі немесе оқиғаның басты кейіпкері табиғат және бізді қоршаған орта болып табылатын көркем әдебиет жанры. Прозаның бұл жанрындағы шығармаларда адамның табиғатқа әсеріне байланысты көптеген әлеуметтік маңызды тақырыптар көтеріледі: климаттың өзгеруі, теңіз, өзен, көл секілді суобъектілері мен ауаның ластануы, адамдардың табиғатты түрлі қоқыспен ластауы, ормандарды жоюы, табиғатпен адмның байланысы көрініс табады. Сондай-ақ, осы жанрдағы көптеген шығармаларда басты кейіпкермен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас және олардың бір-біріне әсері туралы баяндалады.

Әдебиеттегі экопроза жанры 1900 жылдардан бастап дами бастады. Бұл жанрдың әлем әдебиетіндегі бастауы Джордж Р. Стюарт, Рэй Брэдбери секілді эко-сана тақырыбын алғаш қозғаған жазушылар мен Аптон Синклердің "Джунгли", Джек Лондонның "Зов предков" шығармаларынан бастау алған болатын. Бұл жазушылар өз шығармаларында түрлі ауыр эпидемиялар, табиғи апаттардан, үлкен экологиялық төңкерістерден кейінгі адамзаттың жойылу алдында тұруы жайлы оқиғаларды негізге алып, әлем алдындағы тұрған кологиялық мәселердің маңызын ұғындырады.

Экопроза жанрындағы үлкен серпіліс 1962 жылы орын алды. Сол жылы Рейчел Карсонның әлемді дүр сілкіндірген «Безмолвная весна» кітабы жарияланып, кітапта баяндалған экология мәселелердің шешімі табыла бастады. Жазушы өз кітабында пестицидтердің қоршаған ортаға, әсіресе құстарға зиянын сипаттайды. Дәл осы кітаптың арқасында пестицидтермен жұмыс істеу туралы заңнаманың өзгеруіне ықпал етті, ал осыдан соң бүкіл АҚШ – та қолданылатын ауыл шаруашылығында зиянды жәндіктерді жоюға арналған препараттардың біріне толық тыйым салды [1].

Бұл оқиға әлем жазушыларын экопроза жанрына бет бұруына себеп болды. Жазушылар экологиялық мәселелердің қоғамда көтеріліп, шешілуіне себеп бола алатынын, өз шығармаларымен әлемді өзгерте алатындарын түсіне бастады.

Ал қазақ әдебиетіндегі адам мен табиғат мәселесін қозғаған шығармалар арырақта Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі, жерді қорғау елді қорғау деп санаған Мұрат Мөңкеұлының «Үш Қияны», Абай, Ыбырай мен Мағжандардың табиғаттың сұлулығын, қадірі мен бағасын көрсеткен «Қыс», «Жаз», «Жаз келеді», «Жазғытұрымдары» болса [2], беріректе жазылған Роза Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Қалихан Ысқақовтың «Қараорман», «Ақсу жер жаннаты» секілді шығармаларын атап өте аламыз [3].

Арал теңізі мәселесі, Семей полигонында өткізілген сынақтардың экологияға ғана емес, жалпы адамзатқа тигізген зияны, табиғаттың талай кереметтері көз алдымызда жойылып, талай ғажайып жаратылыс жоғалып бара жатқанын ескертіп, дабыл қаққан жазушылар шығармашылығына шолу жасап өтсек.

Қазақ әдебиетінде экология тақырыбында бағалы дүниелер жазып қалдырған Қалихан Ысқақовтың дәл осы тақырыптағы 1989 жылы жазылған «Ақсу жер жаннаты» шығармасы халықтың көңілінен шығып, сұранысқа ие болды. Сондай-ақ, шығарма 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды. Жоғарыда аталған роман мазмұны өзекті экология мәселелері мен сол мәселеге қатысы бар адамдардың тағдырын бейнелейді. «Ақсу — жер жаннаты» Алтай өңірін мекендеген байырғы қазағы бар, кержағы бар қоянқолтық араласып жатқан жұрағаттардың кешегісі мен бүгінісінен сыр шерткен, ертеңі туралы ойланған, алаңдаған қаламгердің жан толғанысы. Ол кең тынысты шығарма [4]. Романның оқиға желісі Ақсу жерінде тұратын бас кейіпкер Бекет пен сол қоныста жайлаған халықтың өмірі мен бастан кешкен оқиғалары арқылы ашыла түседі. Шығармада лесхоз директоры Сиғат пен бас орманшы Бекет Алтай ормандарының себепсізден шабылып жатқанын көріп, бар қазақтың байлығына айналған Алтай жерінің дүние құмар тас жүректердің құрбанына айналмауына бар күштерін салады. Романда адамгершілік, Отанға деген махаббат, жауыздық пен қастандық, жамандыққа қарсылық секілдегі адам бойындағы түрлі қасиеттер және ең бастысы, сол уақыттағы ауқымды да, өзекті экология мәселесі сөз болады.

Бұл роман бір жағынан ерекше ғажайыпқа толы секілді көрінгенімен, екінші жағынан ондағы кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеті, өтіп жатқан оқиғалар қазақтың болмысына сондай жақын да таныс болып көрінеді. Романның ел арасында танылуына да осы себеп болған шығар.

Қалихан Ысқақовтың осы жанрда жазылып, тағы бір үлкен мәселені суреттеген шығармасы - «Қараорман». Шығарма Қараорман орманшыларының күнделікті өмірін көрсете отырып, қоғам оқиғаларын, сол заман өзгерістерін, адамдардың әртүрлі мінездері арқылы қоғамның нағыз бейнесін көрсетеді. Мұндай тақырыптарда қалам тербеуге келгенде Қалихан Ысқақов өзге жазушылардан бір қадам алда. Табиғат, экология тақырыбы жазушы шығармашылығында үлкен рөл ойнайды. Тіпті халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің: "Алтайдың тұмса табиғатын, шулаған қара орманы мен Бұқтырманың булыққан сарынын көркем прозада бірінші рет бейнелеген Қ. Ысқақов." [5] деген сөзі осы тұжырымды дәлелдей алады.

Өзінің туған жеріндегі экологиялық мәселелер туралы қалам тербеген Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романында Арал теңізінің басына төнген үлкен экологиялық зардап туралы баяндайды. Арал теңізінің тартылуы бүкіл қазақ басына келген ауыр сынақ. Диалогияда қазақтың ортақ азабына айналған Арал теңізінің тартылуының себептері мен салдарына әр кейіпкердің көзқарасымен түрлі баға беріледі. Кейбір кейіпкер көзінде Аралдың тартылуы тартылған орынға егін егіп, еңбек етуді, сол арқылы жаңа мүмкіндіктің көзі болса, келесі біреуге теңіздің тартылуынан күнделікті тұрмыста шеккен

азабының көрінісі болды. Арал теңізінің тартылуы жақын маңдағы тұрғындарға шешілмес қиындықтар алып келіп, балық аулаумен нан тауып отырған балықшылардың күн көруін қиындатса, теңізді мекендеген балық пен су маңындағы құстардың түбегейлі жойылуына алып келді. Жоғарыда аталған мәселелерден бөлек, Арал теңізін тартылуы, адамдардың денсаулығына да үлкен залал әкелді. Жазушы осындай ауыр тақырыпты шебер суреттеп, Аралдың мәселесіндей өзекті тақырыпқа әлем назарын аударта алды. Көптеген дерек көздерінде автордың аталған диалогияны жазуға 20 жыл өмірін арнағанын айтады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қай шығарма болса да, көркемдік ерекшелігі, актуалдығы жағынан ерекшеленіп тұратын бұл шығарманың жазылуына кеткен 20 жыл зая кетпеді деп нық сеніммен айта аламыз.

Әлемдік жылыну, ормандар мен жасыл желектің азаюы, озон қабатының кеңеюі, теңіз, көл, өзендердің ластануы секілді өзекті мәселелер әдебиет арқылы әлем назарына ұсынылуы керек. Жазушыларымыз осы тақырыпта көбірек қалам тербеп, тиісті мамандар жоғарыда аталған осы жанрдың бастауы болған шығармаларды қазақ тіліне аударып, мектеп бағдарламасына енгізу арқылы, эко-санға ие жаңа буын өкілдерін өсіруге талпынуымыз керек. Бұндай мәселелердің бар екенін және шешуді талап ететіндігін біліп өскен бала, есейгенде бұдан да ауыр апаттардың алдын алуға тырысатыны анық. Тек осылай ғана біз табиғаттың үніне бей-жай қарамайтын саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Әдебиеттер:

1. https://artflashmagazine.ru/ekoproza-kak-tema-ekologii-pronikla-vhudozhestvennuyu-literaturu/
2. https://kzref.org/mafjanni-tabifat-lirikasi.html
3. https://moluch.ru/archive/61/9109/
4. https://articlekz.com/kk/article/16491
5. https://articlekz.com/kk/article/22348

ӘОЖ 372.851

METHODS OF TEACHING MATH

Qaldybai O.Q. –1501-22
Academic adviser: Dauletova A.A.– lecturer (M.A.)
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақалада мектептерде математиканы оқытуда қандай әдістер тиімді екендігі туралы айтылады. Математика біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады, бірақ оны оқыту қиын болуы мүмкін. Оқушыларға математиканы жақсы түсінуге және есептерді шешу дағдыларын дамытуға көмектесу үшін авторлар визуалды оқыту, математикалық білімді нақты өмірлік жағдайларға қолдану, есептерді шешу, ойын және белсенділік, оқытуға сараланған тәсіл сияқты әдістерді қолдануды ұсынады. Бұл әдістер оқушыларға математиканы қол жетімді және қызықты етуге көмектеседі, сонымен қатар оларға шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі.

Резюме

Эта статья рассказывает о том, какие методы эффективны при преподавании математики в школах. Математика играет важную роль в нашей жизни, но ее преподавание может быть сложным. Для того чтобы помочь ученикам лучше понимать математику и развивать навыки решения задач, авторы предлагают использовать такие методы, как визуальное обучение, приложение математических знаний к реальным жизненным ситуациям, решение задач, игры и активности, дифференцированный подход к обучению. Эти методы помогут сделать математику более доступной и интересной для учеников, а также помогут им развивать творческие и критические мышление.

Mathematics has been a subject that has been a part of human life since ancient times. Mathematics plays an essential role in our lives, from calculating the distance between two points to managing finances. It is a subject that helps us understand the world around us and develop critical thinking and problem-solving skills. However, teaching mathematics can be challenging, and it requires effective methods that help students grasp the concepts and understand their applications. In this article, we will explore some of the most effective methods of teaching mathematics and how they can be implemented in the classroom.

1) Visual Learning:

Visual learning is an effective method of teaching mathematics. It involves the use of visual aids such as graphs, charts, diagrams, and videos. Visual aids help students to see the concepts and patterns in math problems, making it easier for them to understand and remember. The use of technology such as interactive whiteboards and tablets has made visual learning more accessible than ever. With the help of technology, teachers can create interactive and engaging lessons that involve visual aids, making learning more enjoyable for students.

2) Real-Life Applications:

Mathematics is often viewed as an abstract subject that has no real-life applications. However, this is far from the truth. One of the most effective methods of teaching mathematics is to relate the concepts to real-life situations. For example, using math to calculate the distance traveled or the amount of time it takes to complete a task. Students are more likely to be engaged and interested in the subject when they can see how it applies to their daily lives. By relating mathematics to real-life situations, teachers can help students understand the importance of the subject and its relevance to their lives.

3) Problem-Solving:

Problem-solving is at the heart of mathematics. By giving students challenging problems to solve, teachers can encourage them to think critically and develop problem-solving skills. Students can work together in groups or pairs to solve problems, which can also help them to develop teamwork and communication skills. Problem-solving helps students to apply the concepts they have learned in class to real-life situations. It also helps them to develop the ability to think critically and come up with creative solutions to problems.

4) Games and Activities:

Games and activities are another effective method of teaching mathematics. Games such as Sudoku, chess, and card games can help students to develop logic and

critical thinking skills. Activities like building geometric shapes or measuring objects can help students to understand concepts such as volume and area. Games and activities can make learning fun and engaging for students. It also helps them to develop problem-solving skills and encourages them to think outside the box.

5) Differentiated Instruction:

Students have different learning styles and abilities, and it's essential to cater to those differences. Differentiated instruction involves tailoring teaching methods to meet individual student needs. For example, some students may learn better through visual aids, while others may learn better through hands-on activities. By catering to individual student needs, teachers can ensure that all students are engaged and learning effectively. This approach also helps to create a positive learning environment where students feel valued and supported.

In conclusion, teaching mathematics can be challenging, but by using a variety of teaching methods, it can be made more accessible and engaging for students. Visual learning, real-life applications, problem-solving, games and activities, and differentiated instruction are all effective methods of teaching mathematics. As educators, it's our responsibility to find the right method for each student to ensure that they have a positive learning experience and develop the skills they need to succeed in life. By using these methods, teachers can create a classroom environment that promotes learning, creativity, and critical thinking.

References:

1. Novoseltseva Z.I. Detailed lecture plans and study assignments for students on the course "Theoretical foundations of teaching mathematics"/ St. Petersburg, Publishing House "Education", RSPU, 1997

2. Nechaev, N. V. About the initial teaching of algebra / N. V. Nechaev. — St. Petersburg: Typogr. M. M.: Stasyulevich, 1892. — 32 p.

3. Ermakov, V. P. On the initial teaching of algebra / V. P. Ermakov // Bulletin of experimental physics and elementary mathematics. — [Kiev]: tipo-litogr. tov-va I. N. Ku

4. Internet resources

THE EFFECTIVE PROGRAMS FOR SELF-STUDY AND SELF-CONTROL OF THE LEVEL OF ENGLISH LANGUAGE PROFICIENCY

Бегманова Балжан Бағланқызы – М1703-11 тобының магистранты

Ғылыми жетекші: Киясова К. К. п.ғ.к., доценті м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада студенттердің шет тілі сабақтарында өзіндік жұмысын жандандыруда қолданылатын тиімді платформалардың әдістері қарастырылды.

Резюме

В данной статье рассмотрены эффективные приложения активизации самостоятельной работы учащихся самостоятельно иностранному языку на уроках иностранного языка.

In our century, English is the most popular language. Why do you think this is in demand?

Because now all people with their family, or with a partner, or with a colleague go on vacation abroad. It has also become something of a trend for everyone, we learn about all this through social networks (from Facebook, Instagram). That's why now everyone should know English, as it is used all over the world as a world language. Going to some country, we will need to communicate with the locals in English, but for this we need to have at least basic knowledge of English. At the moment, various mobile applications, websites, videos, video podcasts of various teachers or bloggers who know the language will help us with this.

In this article, we show which applications are the most useful and effective for all ages. You've probably read hundreds of articles about learning English independently and for free. Is it still impossible to achieve the required level of knowledge? In fact, many people give theoretical advice that is not confirmed by practice. Therefore, we decided to create a practical guide for self-study. In this article, we will explain to you how to learn English without anyone's help, which materials to use for self-study and which resources you should turn to so that you don't get tired of learning English at home.

It is difficult for adults to learn English from scratch, because you should feel like a student who doesn't yet know simple words and simple rules. However, it is not a shame to start learning languages as an adult, but the opposite: passion for knowledge always requires respect.

Self-control of systematic guide: How to learn English from the beginning? We have compiled a series of plans from which you will learn where to start learning English and how to do it correctly:

- Learn the rules of reading English
- Clarify the pronunciation of words
- Begin to form vocabulary
- Learn grammar
- Listen to your level of podcasting
- Watch English news, movies, cartoons
- Read simple text
- Participate in online activities

Mobile applications will help us achieve all this. Nowadays Applications are the most relevant for language learning. Because you can stay at home and get knowledge at home free by playing games, but there are also paid versions. Also, many platforms make up interesting games that teaching the language makes the lesson very exciting. Now let us look at which of the lower ones are the most effective for beginners. They are:

LINGUALEO - is a mobile application for Learning English. One of the secrets of the success of this application is mastering the game format. Your cute little lion will love the cutlets that can only be obtained thanks to the lessons of the past.

Another undoubted advantage of the Lingualeo platform is the provision of a large number of information materials (films, books, songs, music, educational videos, etc.), with which you can work in the learning process. It also allows you to choose topics that are interesting to you in the beginning.

The online School *ENGLISHDOM* app will help you memorize new words and expand your vocabulary. AdWords is suitable for beginners and users with above-average English proficiency. The application is simple and intuitive, with 350 ready-made theme groups, as well as the ability to create your own and track progress. There are four types of exercises for memorizing words and methods of repetition at intervals.

Then there is gamification: you can compete with friends, and if you successfully learn words, you will get points and bonuses, which will provide excellent access to the app.

EASY TEN - is an application for those who have very little time but a great desire to learn English. Every day, the service selects 10 new foreign words that you need to learn by expanding your knowledge through simple training. By the end of the month, your vocabulary will be replenished with at least 300 new words.

The application also remembers and takes into account your mistakes in the test, so in the future you will have the opportunity to repeat and memorize particularly difficult words.

MEMRISE - is another application that is considered the best. The service is based on a scientific method and allows you to memorize up to 44 words per hour. The main "weapon" of the application is memes. They allow you to better remember the material, and different game modes train different aspects of memorization: visual learning, repetition and fixation, fast memorization, etc.

There are also thousands of video and audio recordings of native speakers, various tests to understand hearing, etc. in the application. You can download the course and study offline.

HELLOTALK is an educational platform spoken by teachers and native speakers from all over the world. You can chat and text them.

You can find interlocutors by searching by Country, city or other criteria. You can also work as a tutor by teaching someone their native language (there are about 100 languages in the app database). In addition to correcting pronunciation, the platform allows you to correct grammatical errors.

ENGLISH GRAMMAR TEST-the application contains more than 60 Tests, about 20 tasks cover all English grammar. Each question is devoted to a separate grammatical topic. After passing the exam, you can test your knowledge in several parts of the rules and identify weaknesses.

You can take combined exams and exams that match your level or the subject of your choice. After passing the test, the program will immediately give you the correct answer and explanation.

Bibliography:

1. Kukushin V.S. Foreign languages. Scenarios of creative lessons; March - Moscow, 2012. - 128 p.

2. Bim I.L. Profile teaching of foreign languages at the senior level of a general education school. Problems and prospects; Enlightenment - Moscow, 2011. - 168 p.

3. Konysheva A.V. Game in teaching a foreign language. Theory and practice; TetraSystems - Moscow, 2015. - 288 p.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Молдашева А. Ғ. – 1703-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Айнабекова Т.А. – ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Мобильные приложения – это новый инструмент, используемый в изучении иностранных языков. Их следует использовать как дополнительный инструмент в обучении и изучении иностранного языка. Обучение иностранному языку на основе мобильного приложения не может заменить традиционное обучение. Каждое мобильное приложение предлагает свой способ изучения иностранного языка. Каждый из них имеет свои особенности в изучении языка, и методы, которые они предлагают, имеют как положительное, так и отрицательное влияние на изучение языка. Среди мобильных приложений, используемых в образовании, нельзя выделить одно как самое эффективное. В обучении эффективнее сочетать несколько приложений, дополняющих друг друга, чем использовать только одно приложение.

Summary

Mobile applications are a new tool used in learning foreign languages. They should be used as an additional tool in teaching and learning a foreign language. Learning a foreign language based on a mobile app cannot replace traditional learning. Each mobile application offers its own way of learning a foreign language. Each of them has its own characteristics in language learning, and the methods they offer have both positive and negative effects on language learning. Among the mobile applications used in education, one cannot be singled out as the most effective. In training, it is more efficient to combine several applications that complement each other than to use only one application.

Шетел тілдерін білу – мансапты қөсу үшін ең керек қасиет. Бірақ бәрі бірдей тіл үйрену үшін аптасына бірнеше күн бөле алмайды. Қолы бос емес жандарға кезкелген ыңғайлы уақытта және кезкелген жерде оқуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшалар көмекке келді. Қазіргі әлем – жаһанданудан кейінгі әлем [1]. Бұл әртүрлі елдердің адамдары арасындағы қарым-қатынастың қазір түбегейлі басқа деңгейде екенін білдіреді. Біз үшін тұрғылықты елді өзгерту, шетелде оқу, шетелдіктер мен сөйлесу және скерлік қарым-қатынас үшін шетел тілдерін пайдалану қалыпты жағдай.

Шындығында, қазіргі заманда ең болмағанда бір шетел тілін білмеу адамды өмірдің көптеген салаларынан шеттетеді [2].

Қазіргі таңда Қазақстан үшін негізгі шетел тілі ағылшын тілі болып отыр. Шындығында, қазіргі әлем шетел тілі күнделікті өмірде маңызды және қажет болған жағдайда, ал екінші жағынан, бұл тілде сыртқы ортамен тұрақты қарым-қатынас жасау үшін жаһандану деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда жағдайлар жасайды [3]. Бұл жағдай мұғаліммен бірге оқуға мүмкіндік немесе қажеттілік болмаған жағдайда мобильді қосымшалардың тілдік деңгейін сақтау қажеттілігін тудырады. Сонымен қатар, көптеген заманауи адамдар бала кезінен ақпараттық қоғамда өмір сүреді. Оларға басқа адамдар қарағанда компьютер мен қарым-қатынас жасауды оңайырақ көреді. Бұл мәселеде мобильді қосымшаларда көмектеседі. Бұл қолданбаларды мұғалімдер тікелей жасай алады немесе олар өздерінің ішкі мәселелерін шешу үшін жасанды интеллектті пайдалана алады.

Осылайша, шет тілдерін үйренуге арналған мобильді қосымшаларға сұраныс тіл үйренуді бастағысы келетін, қажетті деңгейді жалғастырғысы келетін немесе сақтағысы келетін студенттерде қалыптасады. Сонымен қатар, технологияның дамуы бұл жүйелерді белгілі әдістермен материалдар негізінде де, ақпараттық технологиялар негізінде де қалыптастыруға мүмкіндік береді [4]. Сонымен қатар, сапа және оны анықтау әдістері туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Мақалада шетел тілдерін үйренуге арналған заманауи мобильді қосымшалардың артықшылықтарымен кемшіліктері қарастырылады. Ол үшін біз шетел тілдерін үйренуге арналған ең үлкен Play Market және AppStore қолданбаларын талдадық, олардың ерекшеліктерін, функционалдығын зерттедік. Нәтижесінде олардың сапасы, сондай-ақ оқытушысыз практикалық пайдалану мүмкіндігі бағаланды. Ендеше шетел тілін үйренуде қолданылатын бірнеше мобильді қосымшаларға талдау жасап көрелік.

LinguaLeo

Ағылшын тілін енді ғана үйрене бастағандар үшін қызмет көрсету бейнесіне қарамастан LinguaLeo қосымшасы кең мүмкіндіктер ұсынады. Интенсивті грамматика курсы, іскерлік сырттай курсы, сондай-ақбизнес, бухгалтерлік есеп және қаржы бойынша материалдар қамтылған кірістірілген «Іскерлік ағылшын тілі» кәсіпкерлерді қызықтыратыны сөзсіз.

Білім деңгейлері әртүрлі студенттерге арналған 20 курстың ішінде CAE, FCE, IELTS General, IELTS Academic және GIA сынақтарына арналған тренажерлар бар. Оқу үдерісін тиімді және қызықты ету үшін LinguaLeo жаттығулардың саналуан түрлерін ұсынады: интерактивті оқытудың алты түрі, транскрипциясы және дауыстық әрекеті бар жеке сөздік, тақырыптық сөздіктер, алпыс мың сөзден тұратын үлкен офлайн сөздік, әрқайсысына арналған ағылшын тіліндегі мәтіндердің таңдауы(соның ішінде TED және British Council жинағы), сондай-ақ ғаламторға қосылмай-ақ оқу мүмкіндігі.

Duolingo

Duolingo 2013 жылы екі рет "үздік білім беру қосымшасы" атанды. Бұл қосымшаның алдымен Apple-дегірейтингі жоғары болды, кейінірек шыққан кейінгі 3аптада жүктеулер саны миллионнан асқансоң Google Play-дегі мәртебесін растады. Қосымшаның орыстіліндегі нұсқасы тек екі тілді ұсынады: ағылшын және неміс. Алайда, егер сіз ағылшын тілін негізгі тіл ретінде таңдасаңыз, онда қолжетімді тілдер саны алтыға дейін артады.

Әр бөлім бірнеше сабақтардан тұрады, атап айтатын болсақ, жаңа сөздерді үйрену, тыңдау, грамматика, оқу, емле, айтылу және екі жақты аударма жаттығулары. Тұрақта жаттығулар жасау арқылы осы қосымшаның көмегімен нәтижеге қолжеткізуге болады. Оқу схемасы жетістік ағашына ұқсайды, сондықтан сіз бір тақырыпты тастап, екіншісін оқи алмайсыз..

Duolingo сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды игеруге және жақсы айтылымды қамтамасыз етуге көмектеседі.

British Council

Британдық Кеңестің негізгі міндеттерінің бірі мәдени құндылықтармен алмасумен қатар ағылшын тілін үйренуге көмектесу болып табылады. Тілді

курстарға барып үйренуге және оқытушымен бірге оқуға уақыты жоқтар 13 мобильді қосымшаның бірін таңдауға мүмкіндіктері бар. Британ кеңесі тілді ойындар, подкасттар, фильмдер және викториналар арқылы үйренуді ұсынады.

Learn English Grammar — ағылшын тілін меңгерудің әртүрлі деңгейлеріне арналған интерактивті грамматикалық кітап: бастауыштан жоғары деңгейге дейін. IELTS Wordpower емтиханға дайындалуға көмектесетін 11 санат бойынша 100-ден астам сұрақтан тұрады.

My Word Book оқуды жеңілдету үшін өз сөздеріңізбен, жаз баларыңыз бен және суреттеріңізбен толтыруға болатын флэш-карталармен сөздік қорыңызды кеңейтуге шақырады.

Learn English аудио және бейнесабақтары, оның ішінде аудио сценарий және түсіну жаттығулары тыңдау дағдыларын үйретеді.

Busuu

Busuu-бұл жай ғана тіл үйрену 0осымшасыемес, бір-біріне жаңа білім алуға және ағылшын, неміс, француз, итальян, испан, португал, орыс, поляк, түрік, араб, жапон және қытай тілдерін меңгеруге көмектесетін адамдардың бүкіл қауымдастығы.

Тегін мүшелікке лексика, оқу және жазу жаттығулары және интерактивті емтихандар кіреді. Премиум жазылым грамматика сабақтарына, аудио жазбаларға, бейнесабақтарға, арнайы саяхатқа дайындыққа, бизнес курстарына жеңілдіктерге, сондай-ақ әртүрлі шетел тілдерін үйренуге арналған барлық материалдарға шексіз қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Әр тіл курсы бастауыш, негізгі, орта және жоғары деңгей болып бөлінеді. Олардың әрқайсысында бірнеше сабақтар бар, олардың барысында пайдаланушыға сөздерді үйренуге, мәтінді оқуға және тыңдауға, сұрақтарға жауап беруге, содан кейін шағын жазбаша тапсырманы орындауға мүмкіндіктер ұсынады.

Busuu-ның сөзсіз артықшылығы-сіздің біліміңізді түзетуге және оны келесі деңгейге көтеруге көмектесетін ана тілінде сөйлейтіндермен сөйлесу мүмкіндігінің болуы.

Memrise

Memrise тек тіл үйрену қызметі ғана емес, сонымен қатар, сайт әртүрлі салалар бойынша курстарды ұсынады: өнер және әдебиет, математика және жаратылыстану, есте сақтауды жаттықтыру, кәсіп пен мансап және басқалар. Memrise классикалық оқу қолдан басы деп атауға болмайды, керісінше, бұл барлық жағдайларға арналған курстар жинағы. Мысалы, «Ағылшын тілі» санатын даграмматикалық тесттерді, тұрақсыз етістіктердің жинақтарын, фразалық етістіктерді, тіпті ағылшын классиктерінің романдарын табуға болады.

оны іздеу, өңдеу, ұсыну құралы, құралы ретінде әрекет етеді. Интернет білім алушының белсенді интеллектуалды және коммуникативті қызметінің, оның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруының бірегей көзі болып табылады, нәтижесінде оған қажетті білім, білік, дағды алуға мүмкіндік туады.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың алуан түрлілігімен ғаламтордың бүкіләлемдік ақпараттық компьютерлік желісі басты орын алады. Жаһандық желілерді пайдаланудың негізгі бағыты бірыңғай білім беру кеңістігін құру негізінде үздіксіз білім берудің ақпараттық ортасын құру мен пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздерін әзірлеу болып табылады. Қазіргі Интернет ғаламдық ақпаратты іздеуді ұйымдастырудың маңызды проблемасының болуымен сипатталады. Қажетті сөз немесе сөз тіркесі бойынша осы сөз немесе тіркесім ұсынылған желідегі беттерге сілтемелер табатын іздеу жүйелері әзірленді. [3]

Жалпы оқу үрдісін ақпараттандыру мен компьютерлендіру мәселесіне С.А.Бешенков, Б.С.Гершунский, А.П.Ершов, М.П.Лапчик, В.В.Лукин, Е.А.Машбиц, В.М.Монахов, И.В.Роберт және басқалардың еңбектері арналған [4].Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру мәселесі бойынша төмендегідей негізгі ғылыми мектептер қалыптасып, кешенді және нақты зерттеулер жүргізілуде. [4]

Қорытынды. Оқу сабағында интернет – ресурстарды тиімді пайдалану жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін жаңа мүмкіндіктер бере алады. Ақпараттық технологиялар дұрыс таңдалған оқыту технологияларымен бірге оқытудың сапасының, өзгергіштігінің, сараланuуының және дараланuуының қажетті деңгейін жасайды. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда Интернет-ресурстарды қолданудың жағымды жақтарынан басқа, балалардың ақпараттық қанығу проблемасы анықталды, сонымен қатар кейбір қабілетсіз сайттар балаларға жалған ақпарат береді. Қалай болғанда да, бұл мәселелерді шешу үшін оларға мұғалімдер мен ата-аналардың көмегі қажет. Интернетті пайдалану кезінде қауіпсіздік мақсатында желідегі пайдасыз және қабілетсіз ақпараттан қорғайтын сүзгілерді құру маңызды аспект болып табылады. Оқу орнының дирекциясы, мектеп кітапханашылары, мұғалімдер қандай сайттарды бұғаттау немесе жабу керектігін анықтауы керек. Бұл қызмет түрі оқушылардың жеке уақытын айтарлықтай үнемдейді.

Әдебиеттер:

1. Республикасының Білім туралы Заңы
2. Зайцева С.А., Иванов В.В. «Информационные технологии в образовании» М.: 2011. - 182 с.
3. Безручко В.Т. Информатика курс лекций: Учебное пособие - М.: ИНФРА – М, 2013. – 109 с
4. Элейн Уилсон. Оқыту мен оқу сапасын арттыру үшін сабақтарда сандық технологияларды қолдану / Педагогикалық диалог. №2 (12) 2015 13-17-б

ӘОЖ 332.51

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ӨЛЕҢ ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Калмаханбет С.А.-1301-12 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Кенжебекова Р.И.-п.ғ.к.,профессор
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы использования стихотворных задач на уроках математики в начальной школе

Summary

The article discusses the use of poetic problems in mathematics lessons in elementary school

Бүкіл дүние жүзіндегі сияқты тәуелсіз еліміздегі білім жүйесі ғаламдық өркениеттің барлық талап сұранысына сай келетін парасатты білімі мен біліктілігі барынша жетілген, білгір де іскер мамандар дайындауды талап етеді. Сондықтан да, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесіне байланысты: «...дамыған елдерде мұғалім өзінің кәсіби деңгейін тек ресми оқыту аясында ғана емес, сонымен қатар бейресми түрде тренингтерге, вебинарларға, мастер-класстарға қатысу, әріптестерімен өзара әрекеттесу, мектептегі ішкі оқыту нысандарына қатысу арқылы арттырады» деп әлемдік өркениет талабына сай дамытатын және кәсіби шыңдалған болып қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау керек екендігі нақты айтылған [1].

Осыған сәйкес бастауыш математикалық білім берудегі аса мәнді өзгерістердің бірі - оқушыларды оқу барысында математика сабағында өлең есеп терді пайдалану есептерін ізденіске жетектейтін іс-әрекеттерге баулу мақсатының көзделуі айрықша маңызға ие. Сондықтан, бастауыш сыныпта математика сабағында өлең есептерді пайдалану, бұл «өлең есептердің», ұғымдарының мән-мағынасын бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне сай аша түсу мәселесі оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесімен ұштастырыла баяндалды оларға шығармашылық өлең есептер жүйесін меңгерудің және саралап, бағалай алудың қажеттілігін көрсетеді.

Математика ғылымының негізі болатын білімдер жүйесімен және ол білімдерді сапалы түрде қолдана алудың іскерліктері мен дағдыларын берік қалыптастыру болып табылатынын ескерсек, бастауыш сыныптағы оқушылардың математикалық даярлығы.

Бастауыш сыныпта математиканы оқыту оқушыларға математика, оның маңызды еркшеліктері туралы негізгі мағлұматтар беруді, математикалық мәдениетін, сауаттылығын көтеруді мақсат етеді. Мұндай мақсаттарға жетуде сыныптан тыс жұмыстар да үлкен роль атқарады.

Әсіресе әрбір сынып бойынша және ол сыныптардағы тарау, тақырыптарға байланысты әр тоқсанға сәйкесінше өткізілетін сыныптан тыс жұмыстар мен ондағы өлең есептерін жүйелі түрде пайдалану әдістемесі тереңірек зерттеуді талап етеді.

1. Өлең есеп.

Есептей ғой, неше күн!

Біз ұшақтан түстік,
Біз саяхаттан келдік-
Он бір апта қалады
Қонақта болдық.
Есептей ғой тезірек,
Болады неше бұл күн?! [2].
(Жауап: 77 күн)
2. Өлең есеп.
Апайымыз Шымкенттен
Жәшік алма жіберді.
Бар еді біраз алма
бұл жәшікте.
Бастадым мен ертеден
Бұл алманы санауды.
Әпкелерім көмектесті,
Ағаларым көмектесті…
Санап болам дегенше
Сегіз рет демалдық,
Сегіз рет отырдық,
Бір алмадан жеп қойдық.
Қанша алма қалды екен!
Жәшікке қайта қарадық,
Бірақ түбі таза екен,
Қалмапты онда еш нәрсе.
Балалар мен қыздар,
Айтыңдаршы маған:
Қанша аға-іні едік?
Қанша апа-сіңлі едік?
Алманың бәрін
Қалдықсыз бөлдік
Ондықсыз елу алма
Болып еді барлығы.
(Жауап: 3 аға-іні және 2 апалы-сіңлі)
Өлең есеп.
Біледі бәрі сыныпта,
Тұрамын мен бас қалада
Бірде демалыста
Баруды шештім Астанаға
Келдім мен біздің перронға,
Отырдым бірінші вагонға,
Астанаға дейін поезд жүрді,
Станция мен ауыл паналап.
Өзен мен орман жанынан,
Жүрді ол он жеті сағат.
Сағатына жүрді ол,

Қырық жеті километр.
Астанаға дейінгі араны,
Санап шыққым келді мен,
Көмектесер кім маған,
Астанаға дейінгі араны. [3].
(Жауабы: 799 км.)

1. Ұжымдық санақ.
Адамдар жасаған қанша түрлі зат аталғанын санаңдар.
Сен отырған орындық,
Сен үйықтайтын керуерт,
Дәптер, жұп шаңғы мен бәтеңке,
Пышақ, қасық, шаңышқы мен тәрелке,
Және мынау шегелер,
Және мынау үй,
Және мынау нан тілігі –
Түскен жоқ бұл аспаннан,
Істелді бәрі еңбекпен!

Жұмбақ.
Бес өгіз бір соқамен жер жыртады,
Ақ дала, қара дән,
Кім оны ексе, сол оны ұғады.
Бес өгіз деген не және ол қандай соқа?
(Жауап: 5 саусақ қаламмен ақ қағазға жазып жатыр)
Жұмбақ.
Ұзын мата, бірақ жол емес,
Ат деп ат емес – қаратаяқ.
Жүріп келеді, сол жолмен,
Жүгін артып бір өзі.
(Жауап: поезд)
Сендер сұраққа жауап берулерің керек.
1 – оқушы:
Төрт жастағы Балаусаға,
Ұнайды өте арифметика.
Айтты Балауса бәріне,
Қуанышты хабарды:
– Егер екіге қоссақ алтыны–
Болады ғой жеті!
2 – оқушы:
Естіп оның сөздерін,
Санай бастады Мұхаметжан.
–Жоқ, алтыға қоссақ екіні: –
Болады ғой бес!
3 – оқушы:

Басталды қызу айтыс,
Бөлініп кетті дауыс
. . . . . .
Қуанышқа орай,
Келіп қалды Ақерке.
Ереже біледі Ақерке:
Екіні қосты алтыға,
Айта қойшы енді … . [4].

4 – оқушы: Қанша шықты сонда?
Ережемен қайсы
Жөндеді ол жауапты?

(жауап: 2+6 орнына ол 6+2 алды, қосындының ауысу қасиетін қолдады)

Өлең - есеп ұсынамыз. Мұқият тыңдаңдар!

1 – оқушы:
Мен бақшаға бармадым,
Ауырдым мен жаттым.
Мен Тоғатай атамменен,
Пошташыны қарсы алдым.

2 – оқушы:
“Жүйрік” станциясынан
7 тапсырыс хат,
Абай менен Мағжаннан.
Екі ашық хат,
Ұшып келді Қостанайдан.
9 “Ұшақ” хат.

3 – оқушы:
Біресе Жеңіс Күніне,
Әкеме, апама, атама
Келеді хат маған да.
Білмеймін санын оның мен,
Күтемін жауабын сендерден.

Оқушыларды математикадан сыныптан тыс жұмыстар өткізуде өлең есептерін қолдану арқылы олардың - білімдерін терең және тиянақты меңгеруді қамтамасыз ету; оқушылардың ақыл-ойын жетілдіру; білімдерді тұтастай меңгеру; оқу материалының негізгі мазмұнын есте сақтау; оқу материалының оқушы санасында үйлесімді бейнеленуінің тиімділігінде.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Кіру режимі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941/links [Қаралған күні: 04.01.2023].

2. Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ. «Бастауыш сыныптағы қызықты математикалық тапсырмалар» Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2017 -164 б.

3. Кенжебекова Р.И. «Бастауыш сынып математикасынан сыныптан тыс жұмыстар: теориясы мен әдістемесі» монография – Шымкент: «Әлем»баспасы, 2017 – 116 б.

4. Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ. «Бастауыш математика курсындағы олимпиадалық есептер» монография. – Шымкент: «Әлем»баспаханасы, 2016 ж. -198 б.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 811.512.122.1-11

ЕСКІ ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Олжабекова Т. - 1701 - 29 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Құрбанов А.Г.- ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье представлена информация об особенностях языка наследия, написанного на древнекипчакском языке.

Summary

This article provides information about the features of the heritage language written in the ancient Kipchak language.

XIII–XIV ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырып зерттеу және оны әрі қарай дамыту – маңызды міндеттердің бірі.

Әдеби тілдің қалыптасу, даму тарихын жалпы халықтық тілмен, диалектілермен және көне жазба мұралар тілімен байланыстыра зерттеудің маңызды екені ертеден айтылып жүр. Олардың ішінде әдеби тіл тарихының тереңдігін көрсететін бірден – бір айғақ көне жазба ескерткіштеріміз болып табылады.

Тарихи дереккөздер қыпшақтардың түркі халықтарының арасындағы ең көне тайпаларының бірі екендігін көрсетсе, кейбір мәлімет-терде оларды қазақ халқының байырғы руларына жатқызады. Біздің жыл санауымызға дейінгі IV-II ғасырларда қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағын үйсіндер мекендеген – дейді көне грек ғалымдары, үйсіндерді олар – исседондар деп атаған. Бұл рулықодақтар олуақытта Сырдария өзенінің ортаңғы ағысымен Сарысудың солтүстік жағын мекен еткен қаңлылармен одақтас болған. Албасқа арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, кердері, дулат, алшын, керей т.б. осы сияқты рулар солуақытта Солтүстік Қазақстанның кейбір территорияларын мекен етті [1, 107-108]. Олар өзара рулықодаққа бірікті.

Түркі халқының тарихында қыпшақтардың пайда болуын IX-XI ғасырларда Ертіс өзенініңжағасында қимақ мемлекетінің пайда болуымен байланыстырамыз. IXғ. бірінші жартысынан қимақтар Жетісудың солтүстік-шығыс жағына қоныс тебеді. Қимақ тайпаларының батыс шекарасы Оңтүстік Орал мен Арал аймағындағы далалармен шектесіп жатты. Академик Б. Е. Көмековорта ғасырдағы араб дереккөздерінің материалдарына сүйене отырып былай дейді: «IX ғ. ортасымен соңында печенектайпаларыноғыз, қимақжәне қарлұқтардың біріккен одағы бағындырған соң, көшпелі қимақтардың тайпалары шығыстан батысқа қарай тарала бастады» [2, 5]. Ал X ғасырдың ортасында көшпелі қимақтар оңтүстік Орал тауының оңтүстік және оңтүстік батыс бөлігі мен Ембі, Орал өзендерінің бассейінінен Каспий жағалауына

дейінгі аймаққа созылыпжатты. X ғасырдың екінші жартысында қимақтардың бір тобы оғыздармен және Түркістанның мұсылман аймақтарымен жанай өтіп, Сырдария өзенінің оң жақ жағалауына қарай жылжиды. Қимақтардың осы кездегі негізгі қонысы болып Ертіс өзенінің жағалауымен Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі қалды. Қимақтар мемлекеті тоғыз жолдың торабында болғандықтан, олар төменгі Сырдариямен, Таразбенжәне Қырғыз мемлекеті мен тығыз байланыста болды. Сонымен қатар қимақтар Тарбағатайтауының етегінде қоныстанған халықтармен, Ферғана алқабыныңорталығыменүнемі байланыста болып, Турфан және Баласағұн қалаларына барып тұратын, сондықтанда қимақтар мемлекеті жан-жақты дамыған мемлекеттердің бірі болған.

X-XII ғасырлардағы арабғалымдарының, саяхатшыларымен саудагерлерінің сөзіненжәне қосымша материалдар негізінде академикБ. Е. Көмеков былайдейді: «XI ғасырдың 30-жылдарында болған жағдайлар тайпалардың көшіп-қонуына үлкен ықпал етті. Осының нәтижесінде Орталық Азидан қуылған көшпенділер Орта Азиямен Шығыс Европа жеріне қоныстана бастады. Осындай жағдайлардың негізінде қимақтар бағынышты тайпалар үстінен саяси басқаруды жоғалтып, олардың орнына барлық жағынан күшейген туыстас тайпа– қыпшақтар келді» [2, 6-8]. Қимақтар М. Қашқаридіңкартасында көрсетілгеніндей, өздерініңнегізгі территориясы Ертіс өзенінің солжақжағалауында әрең-әреңтұрақтайды.

«Қазақ ССР тарихының» мәліметтеріне қарағанда, XI ғасырда қыпшақтар бірнеше тайпалықодақтарға бөлініп, территориялық жақтан бірнеше облысқа бағынышты болған. Мысалы, қыпшақтар Сырдария өзенінің жағасындағы бірнеше қалада тұрды, бірақ ол қалаларды сол уақытта саяси және экономикалық жағынан оғыздар билеп тұрған болатын [3, 74]. Сондықтанда түркі халықтарының бұрынғыо таны – Орталық Азияда қыпшақтардың өте көп болғандығын осыданда байқауға болады. Олар: қыпшақтар, ұйғыр (токузоғуз) мемлекетінің саяси-қоғамдық өміріне де мүмкіндігін шекараласқан болуы мүмкін, бұл туралы «Селенге тасында» жазылған болса керек. М. Қашғаридің пікірінше, Қараханид мемлекетінің Қашғар әкімшілік-саяси орталығында да қыпшақтардың өз ізін қалдырғандығын байқауға болады. Қыпшақ тілі туралы пікірлер мензерттеулерді біздер кіріспе бөлімінің төменгі жағында толығырақ әңгіме етеміз. XI ғасырдағы қыпшақтардың түркі халықтарының тарихында Орталық Азия, Ұйғыр, Қараханид (қарлұқ), Қимақжәне Оғыз мемлекеттерінің территориясында бірігіп өмір сүрген қыпшақтардың алдыңғықатарға шығуы түркі тайпаларының Орталық Азиядан Батысқа, Орта Азияға және Шығыс Еуропа аймағына қоныстанудағы Ұлықозғалыспен байланыстырған жөн сияқты.

Қыпшақтардың иелігіне тек қана қимақтардың емес, соныменқатар Орталық Азия түркілері мен Қараханид, Ұйғыр мемлекеті халықтарының, Сырдария бойындағы оғыздардың, Оңтүстік Ресейге оғыздар қысымымен ығыстырылған печенегтердің жері көшті. Сондықтанда олар шығыстан батысқа

және солтүстіктегі ұланғайыр даланың барлығын өз мемлекеттеріне қаратты. Қазіргі уақытта бұл жердің барлығы қазақтарға қарайды.

Қыпшақтар жекелеген оптарме нәр қилы жағдайларда үлкенді-кішілі біріккен күштермен түрлі бағыттарда, әр алуан әкімшілік-саяси жағдайларда қимылжасап, түрлі діндер ұстанып, көптеген халықтармен араласқан. Мысалы, XII ғасырда Кавказ жерінде грузиндердің мұсылмандарға жасаған шабуылына қатысқан. Тағыда бір мысал: қыпшақтардың бір хандығының XII ғасырдағы орталығы Суғнақ (Сунақ ата) қаласы (М. Қашқаридің айтуы бойынша). Қыпшақтар өзара етене жақын араласуларының нәтижесінде XII ғасырдан бұрын ислам дінін қабылдап қойған болатын.

Түркі тайпаларымен қыпшақтар және олардың күресі туралы әдебиеттер саны өте көп, олармен танысудың ешқандай қиындығы жоқ шығар депойлаймыз. Сондықтанда қыпшақтардыңмонғолдарменқантөгіс соқтығыстары кезіндегі тағдырына тоқталуды қажет деп санамадық, текқана қыпшақтарды орта ғасырларда қыпшақ-құмандар, қыпшақтар-половецтер, мәмлүк қыпшақтары және армян қыпшақтары деп бөлгендігін атап өткіміз келіп отыр. Әрине, бұл атаулардың барлығы шартты түрде ғана болды. П. М. Мелиоранский былай деп жазады: «Алтын Орда жеріндегі түріктер мен моңғолдар тайпасының қосындысынан тұратын қыпшақтар сияқты Волга өзенінің төменгі ағысынан шыққан қыпшақтарға қарағанда, қырым құмандары әрі таза, әрі біркелкі тілмен сөйлеген [4,9]. Құмандардың, половецтердің және қыпшақтардың бір-біріне қатысы туралы мәселе әзірге анықталғанжоқ, бірақ «қыпшақтар менполовецтер бір халық» [5, 94] дегенпікірлер бар.

Біздер С. Е. Малов айтқандай: «құмандар дегенімізполовецтер немесе керісінше» [6,132] дегенмәселені әңгіме етіпотырғанжоқпыз, бірақбұлшартты атауларды айтуға ыңғайлы екендігін айтқанымыздұрыс. Өйткені, бір кездерде Қытайдың батыс шекарасынан Шығыс Еуропаға дейінгі ұлан-ғайыр территорияны мекендеген халықтардың белгілі бір аймақта ғана қолданған атауы екендігін білгеніміз жөн. Осындай үлкен территорияның қай бұрышында қалай аталмасын, қыпшақтардан қалғанқандайда бірізді байқауға болады.

Алғаш рет 1880 жылы «Кодекс Куманикусты» латынтіліне аударғанвенгерлердіңбелгілі шығыстанушысы өз басылымының V және басқа тарау-ларында құмандардың (қыпшақтардың) тарихы туралы берген хабарларын Батыс Еуропадағыәр түрлі халықтардыңтілінде, бір-екі ғасыр көлемінде жинақталған мәліметтер жиынтығы деп танығанжөн. Оның мәліметтері бойынша құмандар толық көшпелі өмір кешкенжоқ, бірақ IX ғасырдың соңына дейін олардың хандарының өз қалаларымен хандық мекендері болды. Құмандардың хазарлар мен биссендердің арасындағы территориян ыиемденіп, кейіннен хазарлармен біріге отырып, биссендердің жеріне баса-көктеп кірді.

IX ғасырдың өзінде-ақ Бұлғар, онан соң Хазар хандықтарына енген мұсылман діні құмандарға да таратылған болатын.

Құмандардың Дунай өзенінің арғы бетіндегі мемлекеттерге жасаған шапқыншылығы туралы Г.Кун рет-ретімен жазып қалдырған. Оның қалдырған мәліметтері бойынша 600 мыңқолы (бұл сандыөте қатты шошыған гректер

көрсеткен болатын) бар қумандар 1068 жылыәйелдері, бала-шағалары, малдары және барлық заттарымен Дунайдың арғы бетіне өтіп, Византия империясына баса-көктепкіреді. Жеңіске жеткен қумандардың бір бөлігі өз еркімен Болгария провинцияларында қалудықалайдыда, қалғандары Балқантауларынан асып, империя жерін ойрандап, Грецияға дейінжетті. Бірақ қумандар Дунайдың арғыбетіне қайта оралады. Қумандардың кейбір жекелегенбөліктері моңғолшапқыншылығына дейін Молдавиямен оған жақын жерлерді иемденді.

XIII-XIV ғасырларда Батыс Еуропада Молдавияны «Кумания» депте атаған. Олар (қумандар) Венгерлерменкөршілес өмір сүрді. Жиі-жиі Трансильванияға, Венгрияға және Византияимериясына шабуылжасап, бұлмемлекеттерді тас-талқан етіпойрандапотырған.

Болгарлардың Ассенид ұрпақтары қумандармен келісімге келіп, солардың (қумандардың) көмегімен 1186 жылы Булғар хандығынқайта қалпына келтірді. Булғарлардың бұдан кейінгі Византиялықтары мен қақтығыстарына қумандар жиі-жиі араласып, Булғарлар жағында болды.

Модавиямен Волахияда қоныстанған қумандардың көпшілік бөлігі валахтардың тілі мен салт-дәстүрін қабылдап, қазіргі уақытта валахтардың Валахиясытек қана Валахияда емес, Трансильванияда да кездеседі, мысалы, Зарандиен комитетінде деп көрсетеді. Г. Кун. Молдавияның кейбір жерлерінің атауында әлі күнге дейінқумандар туралы естелікбар. Мысалы, Молдавия жеріндегі бір алқап Г. Кунның айтуынша «Коман» деп аталса, тағыда үш ауылдықжер «Команеет» деп аталады. Трансильванияның «Форгарес» деп аталатын бөлігіндегі екі ауыл «Коман» деп аталады.

Моңғолдардан Византия империясына қашқан қумандардың азбөлігі Г. Кунның шамалауынша ақырын-ақырын империятерриториясына шашылып, сіңісіпкеткен. Сургиан өзінің қанында қумандық ақ сүйектіктің бар екендігін дәлелдей келіп, өз атасының Византия императорына қашқандығын және 1453 жылы Константинополь құлаған соң, кейбір қумандардың Мухамедтен өздерінің төленбеген жол ақыларынталап еткендігі туралы еске алады.

Шығыс жерлеріне саяхат жасаған Плано Карпинус қумандардың елді мекендері Жайық өзендеріне дейінгі алқапқа созылып жатқандығын, Рубрикус өзінің тавриялық Кумания арқылы саяхатында қумандар жерін моңғолдардың қайыршылық күйге түсіргендігін суреттейді.

Г. Кун араб географы Әл-Идрисидің сөзіне қарап, қумандардың Таврия жерінде қалалары болғандығын мәлімдейді. Бұдан басқа да қалалар бар екендігінде еске салады, атап айтқанда: Мажлук («БелаяКумания», Молдавияны «Черная Кумания» деп атаған), Ней, Киркир, Нарус, Нусхи, Киниовт.б.

Қумандардың қазіргі «Молочиан» деп аталатын территориясын италиян-дықтар ұзақ уақытқа дейін «Қуманистан» деп атап келді, – деп жазады Г. Кун.

Батыс Еуропалық дереккөздерінің мәліметтеріне қарағанда, 1337 жылы Франк Паскальде Викторис Волга өзенінің жағасындағ ыкөне Сарай қаласына түркі тілін үйрену үшін аттанадыда, бір жыл бойы сонда бар ынта-жігерін тіл үйренуге жұмсайды. Бұған қарағанда, ол уақытта қуман тілі кеңінен

қолданыста болған. Г. Кунның мәліметі бойынша, батыс миссион ерлерінің бірі түркілердің сөйлеу тілін қумандардан үйрену керек болатындығын айтады.

Г. Кун Ролерустың сөзіне сүйене отырып, 1410 жылдың өзінде Молдавияда қумандар арасында пұтқа табынушылар мен мұсылмандардың кездесетінін айтқан болатын.

Болгарияда өмірсүрген қумандар туралы кейбір мәліметтер беруді де жөнкөріп отырмыз. Мың жыл бұрын шамасында Шығыс Еуропа даласының көшпелі түркі тайпалары – печенегтер, половецтер, уздар (оғыздар) – Балқантүбегіне қарай жылжиды. X-XIII ғасырларда олар текқана Балқаш түбегінің әртүрлі аудандарында ғана емес, сонымен қатар Валахияда, Молдавияда, Трансильванияда және Венгрия аумағында да қоныс тепті. Бұл тайпалардың жаһан кезу тарихы туралы Боняк, Тагор, Шарухандардың есімдері аталған «Ипотев жылнамасының» беттерінде қалдырылған жазбалар үнемі еске салыпотырады. 1116 жылдары Византия әскеріне жасаған тынымсыз шабуылынан кейін, көшпелі қыпшақтар өздерініңдаласына қайта оралды. XIII ғасырдың соңында Болгария жерінде бірнеше феодалдық княздіктер орнаған кезде, бұл княздықтардың басында қумандардан шыққан княздар болған, олар: Видиндік Шишмановтар және Тырновтық Тертеровтар. XIV ғасырда қумандардың бір тайпалық одағының жоғары дәрежеге жетеуі Добруджа княздығына күшті князь әулетін береді, бұл ғылыми әдебиетте «Оғыздар державасы» деген атпен белгілі. Бұл Бурғасек шығанағының оңтүстікгіндегі Бессарабия жерінің бір бөлігі болатын (1387 ж.). «Добруджа» княздығымен Генуэзия мемлекетінің арасындағы келісім-шартты түзу барысында қумандар үлкен рөл атқарды. Қумандардың Балқан түбегіне біржола қоныстануы XIII ғасырдың ортасына сәйкес келеді.

Әр тілдің өзінің дамуы барысында белгілі бір заңдылықтарымен ерекшеліктері болады екен. Олардың дамуына сәйкес тілдердің бір-біріне әсері, оларға тән құбылыстар келіпшығады. Сондықтанда араб жазулы ескі қыпшақ ескерткіштерінде кездесетін сөздерді, олардың өзіндің табиғатын басқа тіл фактілерімен салыстыра зерттеудің маңызы зор деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. ЫсқақовМ. Халықкалендары. Алматы, 1961, 107-108-б.

2. КөмековБ. Е. Государствокимаков IX- XI в. в. по арабскимисточникам. Автореф. канд. дисс., 1970, 5-б.

3. Агеева Е. А. Қазақстантерриториясындағы ерте феодалдықмемлекеттер. Қазақ ССР тарихы, 1957, 74-б.

4. МелиоранскийП. М. Арабфилологотурецкомязыке. Спб., 1900, С. 9.

5. Попов А. И. Кипчакии Русь, Ученые запискиЛГУ, Серияисторическихнаук, Л., 1949. вып. 14, № 112, С. 94.

6. Малов С. Е. Тюркизмывязыке «СловоополкуИгорове» // Известия АНКаз. ССР, ОЯЛ, М., Т. V, вып. 2, 1946, С. 131-132.

ӘОЖ 82.0

МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Полатбек Гүлдәна – 1701-29 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Алтынбеков Қ. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматривается о выдающийся поэт Каратауского края Майлыкожа Султанкожаулы, отметивший многими подвигами, расскажет о своем неизмеримом наследии, которое он оставил взакладывании основ казахской литературы. На сегодняший день богатое наследие поэта, достигающее 4000 строк, опубликовано в различных сборниках. Поэт часто писал на темы морали, воспитания и веры. В статье ряд стихотворений Майлыкоджи о воспитании будут сопоставлены с произведениями Асана кайгы, Букар жырау, Умбетей жырау, Шал акына. Важность воспитания детей- главный вопрос для нашего народа, и поэты тоже придавали ему особое значение. Рассмотрены пословицы Майлыкожой о воспитании из нескольких стихотверений Майлыкожи.

Summary

This article is about the outstanding poet of the Karatau region Mailykozha Sultankozhauly, who noted many feats, will talk about his immeasurable legasy, which he left in laying the foundations of Kazakh literature. To date, the rich heritage of the poet, reaching 4000 lines, has been published in various collections. The poet often wrote on the topics of morality, education and faith. In the article, a number of poems by Mailykodzhi about education will be compared with be compared with the works of Asan kaigy, Bukar zhyrau, Umbetey zhyrau, Shal akyn. The importance of raising children is the main issue for our people, and poets also attached special importance to it. The proverbs of Mailykozha about education frov several poems of Mailykozha are considered.

Тамыры терең тәрбие- ұлт болашағының кепілі

Кез келген ұлттың өзіне ғана лайықты ұлттық құндылықтары бар. Бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін өзіндік маңызы жойылмаған, күнделікті тыныс-тіршілігімізден көрініс беріп келе жатқан ерекшелік. Қазіргі алмағайып заманда тәрбие тамырын тереңдету жолында жыраулар поэзиясына, сол арнаның қалпын бұзбай, жалғастыра білген Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылығына жүгіну құба-құп.

Күнгейлік ақындар мектебінің негізін салушы, өзін ақындардың дүріне теңеген Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылығына ұйытқы болған тақырыптар алуан түрлі. Өзіне дейін ғұмыр кешкен жыраулар поэзиясы ақынның рухани өрісінің кең, шығармашылық жолының даңғыл болуына айрықша әсер еткен. Жазушы Мұхтар Әуезов бір сөзінде жыраулар поэзиясы жайында: «Олардың сөзі- мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да, көптің мұңы, көптің жайы туралы айтылады» деген болатын[3, 13-б.]. Майлықожа ақынның мол мұрасының жыраулық поэзиямен сабақтастығы туралы жүргізілген еңбектер, біз сүйенетін деректер көл-көсір емес. «Бес ғасыр жырлайды» жинағының 1989 жылы жарыққа шыққан 2-томына Майлықожа Сұлтанқожаұлының бірқатар жырлары енген. Мұнда берілген Майлы ақын туралы қысқаша мәліметте, оның ертедегі қазақ ақындарының дәстүрін мықтап ұстанғанын, түр жағынан енгізген жаңалықтарының жоқ екенін айта келіп, «өз шығармаларының өрісін кеңейтуге, оларға жаңа өрнек, бояу беруге мүмкіншілігі мол» деген пікір берілген[3, 25-б].

Қазақ хандығы құрылған 15- ғасырдан Майлықожа ақын ғұмыр кешкен отаршылдық уақытында да, егемендікке қол жеткізіп отырған бүгінгі кең тыныcты еркін заманда да, біз бір сәтке де естен шығармаған, оған қақылы да бола алмайтын, бей-жай қарауды кешірмейтін тақырып – тәрбие мәселесі. «Байлық- қолда еритін мұз, бала- артында қалған із» деп өткен дана халқымыз, бес күндік пәниде ізін жалғап, артында шырағын жағып қалар ұрпағының тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Тиісінше, аз сөзімен мол мағына берген жыраулар «тал бесіктен жер бесікке дейін» басты тақырып болған тәрбие мәселесін көп жырлап, бұл үрдіс Майлықожа ақынның толғау-термелерінде өз жалғасын тапқан. Жыраулар поэзиясында Майлықожа шығармашылығына негіз болған – қазақ дәстүрінің тұтастығы, даму жолы, үйрене білу мектебі жатыр. Адамгершілік қағидаларын, ынтымақ-бірлікті дәріптеу, жақсыға асық болу, жаманнан жирену мәселелеріне келгенде –ақын-жыраулардың айтар ойы, мақсаты бір арнада тоғысып жатады. Қарастырылатын бұл мәселелер поэзияның мәңгі жырлар тақырыбы болғандықтан, өткеннің ізін жалғап, толтыра, дамыта отырып, өз шығармашылықтарында қолданудың еш әбестігі жоқ. Керісінше, бабалар жаққан адамдық отын өшіріп алмай, аманатқа қылдай қиянат жасамай, сақтап, дәріптеп келе жатқан ақындардың арқалар жүгі ауырлай түскен. Осы себептен де Майлықожа мұрасын өткен дәуірді тұтас қамтыған жыр қазынаға балаймыз.

Қазіргі таңда, төрткүл тараптың хабарын табалдырықтан аттап шықпай-ақ көріп-біліп отыратын хәлге жеткізген ғылым-техника қарыштап дамыған кезде, алуан түрлі ақпараттар легі алдымызға ағылып келіп жатқаны даусыз. Әсіресе, күрес-тартысқа толы өмірде іліп алған тәжірибесі аз, айналадан түйгені сирек жас буын үшін маңызды тақырыптардың бірі – отбасы құндылығы, бала тәрбиесі, өмірдің мәнін түсіну. Ол тиісінше, ілімді қайдан алмақ? Қазір жасыратыны жоқ, үлкеннің алдына барып, ақыл-кеңес сұрап, әңгіме дүкен-құрып отырған жастар жоқтың қасы. Барлығында қайнаған қызмет, жетпей жатқан уақыт, тасым өрге домалай берсе деген тынымсыз тірлік. Өстіп жүріп, өмірдегі ең маңызды шешімді қабылдауға келгенде, қателікке ұрынбайын, өкінішке бой алдырып алмайын деп жан-жақтан ілім жинай бастайды. Маңызды деп отырғаным, отбасы, бала тәрбиесі. Қайтсем дұрыс шешім қабылдаймын, қайткенде баламды тәрбиелей аламын деген сауалдарға жауап іздегенде бүгінгі қоғамның ең басты жүгінетіні - әлеуметтік желіде қаптаған арнайы дәрістер, кітаптар. Оның авторы көпшілікке таныс емес, бір шығармасы үшін отыз-қырық жылын сарп еткен кешегі жазушылардың ізі емес, ол да сіз бен біз секілді үйренген ілімі әлжелінің аумағында болған ізденуші ғана. «Ақыл айтар жерде мың жасаған қарттай болған» жөн де шығар. Әрине, оқырман легі толастамайтын кітаптар да жазылсын, ең жоғары қаралым жинайтын дәрістер де көбейсін, атағы әлем шарлар авторлар да арта берсін. Тек олар беріп отырған дүние уақытыңды, қаржыңды құрдымға кетіріп көңіл бөлгеніңе татиды ма деген сауал туады менде. Оның ішінде нәрлі-нәрсізі, бетіндегі қаймағын қалқып алып, қалғаны еш керекке жарамайтыны да кездеседі. Бәлкім, қазір талғап, таңдап оқитын белсенді оқырман жұртшылығы көп шығар. Әйткенмен, нені де болса ой елегінен дұрыс өткізе алмай, тура шешім шығаруға қауқарсыз

болатындар үшін- соншама көл-көсір ақпарат пайда бермей, керісінше артқа сүйрей түспек. Қажетін де, қажетсізін де қабылдай беріп, барлығын орындағанша асығып, істі ушықтырып алмаса жарар дейсіз. «Қойшы көп болса, қой арам өледі»- нің кері боп жүрмесе деген алаң біздікі.

Айтқым келгені, жыраулар поэзиясы- адамдық биікті қалар, көкейде жүрген толассыз сауалға жауап іздеген жанға жөн бағыт сілтейтін, ойдағыңа дөп шешім шығарып беретін темірқазық емес пе еді? Мүмкін, 21 ғасырда алыс-жақын елге танымал, классика әлемінің биігінде орыны қаланған кейбір қаламгерлердің, ұстаздардың бүкіл шығармасын судай сіміріп ішпеу, санаға сіңірмеу, атына қанық болмау – қарапайым бұқара үшін айып бола қоймас. Алайда, жыраулар қалдырған әдеби мұраға бет бұрмай, өткенді ескермей, ертеңгі көксей беру әбден әбестік болар еді. Бүгінгі таңда иісі қазақтың салт-дәстүрімен, болмыс-бітімімен біте қайнасып, руханиятымызды биіктетіп отырған, әдеби қорымыздың қанатын кеңге жаюына жол ашып берген ақын-жыраулардың шығармашылығымен таныс болу, оны дәріптеу- бізге тиесілі аманат. Бес күніміз үшін де, ақыретіміз үшін де сауабы тиер игіліктің істердің мектебін ақын-жыраулардан үйренуге асықсақ, обалы қайсы?

Қамшының сабындай қысқа ғұмырға арқалап келген өз парыздарымыз мен мақсатымыз бар бір басымызда. Тиісінше, отбасында, бала тәрбиесінде ата-ананың бала алдындағы ақысы бар. Дінмен белгіленіп, шариғатпен өлшенген сол міндеттерге артымда салиқалы ұрпағым болсын дейтін әр ата-ананың мән беруі парыз. Ең бірінші ақысы: Жар іздеген ер жігіт ертеңгі күні баласына залалы келмес үшін, текті жерден болашақ жарын таңдағаны абзал [4, 210-б.]. Ел қамын, ертеңін ойлаған ақын-жыраулардың баса назар аударған бір мәселесі – осы жар таңдауға келіп тіреледі. Ұлттың болашағы да, ер жігіттің болмысы да, ананың ақ сүтімен бойға даритынын ескерсек, парасатты перзент салиқалы анадан туады. Жыраулар мұны дұрыс бағамдай білген. Қарадан хан алған Жәнібек ханды сөге сөйлеп, қарадан шыққан жар ел ұстайтын ұл таппай, ата мұрадан айрырар хәлге жеткізетінін айтып, өкініш білдірген Асан қайғы, тектіліктің шырағын сөндіріп алмауға кеңес берген Бұқар жырау: «Қатын алма қарадан, / Қара тумас сарадан, / Қатын алсаң қарадан, / Алды кетпес баладан, / Арты кетпес жаладан» [2, 114-б.] дейді. Баланы өмірге әкелгенмен, ол ұялатындай жөнсіз істерге малынып, абыройсыз боп жүру – өлімнен ұят күштіге саятын өкініш. Майлықожа айтады: «Айыбы жоқ жігіттер, жақсыны елден таңдағын» [1, 15-б.] деген. Әрине, егер тура мағынасында алып қарасақ, қарадан шыққан деп, көзге шыққан сүйелдей бөле-жарып, жерітіп айтып жату бір қарағанда, естір құлға түрпідей тиер оғаш әңгіме болуы мүмкін. Десе де, жыраулық поэзия сөз етіп отырған қаралық- ақыл-парасаттың таяздығы, таным өрісінің тарлығы деп, тереңіне үңіле түсуді қажет ететін күрделі тақырып. Әйтпегенде, Жиренше шешенді сөзден сүріндірген Қарақас сұлуды, Төле биді разы еткен, кедейден шыққан келіні Данагүлді қайда қоямыз? Біз мойындамағанмен, тарих олардың биігін әлдеқашан қалап беріп, ел аузында күні бүгінге дейін лайықты сөз болып келе жатыр емес пе? Демек, жар таңдау-қыз тегінің билігімен, теңдігімен емес, ақыл-парасатының өресімен өлшенбек керек.

Кезекті ақысы, балаға жақсы тәрбие беру. Жыраулар поэзиясының қайнар көзі тәрбие бастауында жатыр. Олар тәрбие тезіне сала білді. елді, тұғырына қонған ханды да, айбарынан аймағы сескенген азулы көршілерін де, сөзімен, парасатымен ығыстыра білді, ең бастысы тәрбиелей білді. Дүйім бір елді, тұтастай ұлтты тәрбие ықтырған ақын-жыраулар бала тәрбиесіне жайлы сөз қозғамауы мүмкін емес, және ол айыпты да болар еді. Сондықтан, бұл мәселеге келгенде ақын-жыраулар көркем де байыпты шешім қабылдай білді. 18 ғасырда Үмбетей жырау қатты ескертті: «Ұл он беске жеткенше, / Қолға ұстаған қобызың, / Ұл он бестен өткен соң, / Тіл алмаса доңызың» деп, қолда тұрған қобыздың құлағын қалай бұрап, қандай әуенге салу сенің өз қолыңда екенін еске салса, Майлықожа ұлдың да, қыздың да тәрбиесін қатар қарастырып былай дейді:

«Еркімен ұлды өсіріп,
Еркелетпе баланы,
Тәлпіш қып қызды өсірсең,

Көңіліңе дақ салады» дейді.Мұндағы байланыс: көңіліңе дақ салған бала, өзің баптаған доңыздай болып, күйіністен көңіліңді арылтпайтындығына бір дәлел. Перзентіне лайықты көңіл бөлмеген, тәрбие-тәліміне жөн сілтемеген отбасыдан ертеңгі күні «өз басында батпандай міні боп, кісі айыбын тергеген болымсыз бозбала» қалыптасатынына Майлықожа шүбә келтірмейді [1, 45-б.]. Керісінше, «Өз мінін білген жігіттің тәлімінде мін болмайтынын» Ақтамберді жырау сүйсіне жырлайды [1, 45-б.].

Келесі ақысы- балиғат жасына жеткен балаға әкесінің ілім үйретуі, діннен хабардар етуі, Алла Тағала, Пайғамбарымыз жайлы түсінігін ашуы, Қасиетті Құранмен таныс етуі- ізгі отбасын қалаймын деген кез келген мұсылманға басты мақсат болмақ керек. Тиісінше, баланы еңбекке үйрету де ата-ананың мойнындағы міндет. Бүгінде бірқатар топтың лайықты кәсіпке бас ұрмай, өмірден өз жолын дұрыс таппай, бағдарын айқындай алмай- есеңгіреп жүруіне, құм болған жігерді серік етуіне – жас күнінен еңбекке, кәсіпке ден қоймағаны себепшілік етті ме деген әттеген-ай ойдың санада оқтын-оқтын дүмпу беріп тұратыны жасырын емес. Асан қайғы айтқанындай, «Бақыты оянған ерлердің, Әрбір ісі оң болар, Дәулеті күнге артылып, Не қылса да, молар» [2, 27-б.]. «Шымалдай дәулет берсе, есебін тапқан ер жігіт» деген Майлықожа, шаңырақта епті боп өскен бозбала кез келген еңбекке бел шешіп кірісіп етуден жасқанбайтынын айтады. Кәсіптің көзін тауып, берекесін орнатып жатқандар аз емес, әрине. Десе де, таяқтың екі ұшы болатынындай, керуен ғұмырдың да сан салалы жолы, әрқилы тағдыр иелері бар. Қазіргі күнде екі қолға бір күрек таба алмай сарсаңға салынған небір тепсе темір үзер азаматтарды көргенде, «түлкі болған заманды тазы боп шала алмай жатқан» епсіздерді көргенде, бәлкім, қандай да бір іске машықтандырмаған отбасы, ошақ қасының олқылығынан емес пе екен дейтін өкініштің көкейде қылаң бере қалатыны рас. Бұл пәниге сөну үшін емес, сену үшін, өшу үшін емес, өсу үшін келген адамзаттың алдында кедір- бұдыры мол бейнет жолы кезддеспей тұрмайды. «Ел қамын ойлар бір ұл туса, оны қабатын екі ит қоса туатынындай» биіктен көрініп келе жатқан жасты сүріндіргісі, мұқатқысы келетін, жолына ор қазып, ақысын

жегісі, басынғысы келетіндер қашан да кездеседі. Сондай сәтте, ұяда көрген тәрбие, шыңдалған қайрат ер жігіттің жігерін құм етпей, өзгеге басындырмай, өзі көтеріп жүре алатын, шашының әр қылын жақұтқа айырбастамас алтын басы болар еді. «Білімді туған жақсыға, мың қарға да залал келтіре алмайтын» [2, 75-б.] теңдік орнар еді. Жыраулар ұғымында,«Азамат ердің баласы, жабыққанын білдірмес, Жамандар мазақ қылар деп» [2, 32-б.] деген ұстанымммен, азамат ердің бейнесі көркем сөзбен кестеленіп, қолдан соққан сом болаттай айқындала береді. Шал ақын «Уайымшыл жігіттің, Кең дүниесі тармен тең», / «Жетесі жаман жігіттер, /Тоқсандағы шалмен тең» [2, 131-б.] деп, ер жігіттің ұсақ мінезді болуынан сақтандырса, Майлықожа «Азамат ұлдың белгісі, Алысты жақын келтірер» деп, ел қамын ойлайтын адал ердің көп болуын көксеген.

Тұлғалар ғұмыр кешкен дәуір бізден қанша алыстаған сайын, ғибраты мол сөздері соншалық жақындай түсуде. Өйткені, бүгінгі руханият, тыным көруді білмейтін тіршілік бір сәт аялдауға, жөн сілтер салмағы басым бір-ақ ауыз сөзге сусап жүрген ұрпақ. Ғасырлар бұрын айғайлап айтқан сөздей тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін берген ақыл-нақылдарының жаңғырығы 21-ғасырға жетіп отырған тұлғаларымыздың тағылымын- біз бағытымызды айқындар темірқазығымыз ретінде бағамдай алсақ ләзім. Қазір бәріміз табанымыздан тозып, сарсаң боп, жауабын таппай жүрген сан сауалдың шешімін ақын-жыраулардың бір шумағы, бір тармағы ғана шешіп тұратыны бар кейде. Мән беріп, көкейге қондырар тыңдарман тапшы болып барады. Біздікі сол, неғұрлым танымал болған, елдің айтар жағымды бағасы көл-көсір болған дүниелерге, тұра шауып ақысына да, ыңғайына да қарамай, ұмтылғанның үстіне ұмтыла түсетін, «темірді қызған кезінде басқанша» асық болатын бос желік болмаса қайтсін. Бұл менің «өзің білмей, білгеннің тілін алмай», қол қусырып қарап отыруға үндегенім емес. Тек тарихпен байланыстыра отырып, бүгінімізді қолмен қалай беруді басты мақсат етсек, нұр үстіне нұр. Жыраулар поэзиясын, онымен үндес Майлықожа мұрасын бойына сіңіре отырып, отбасы құндылығына көңіл бөлер бүгінгі күннің өкілдері табылып жатса, ұлттық тәрбиенің тамыры терең, елдігіміздің ертеңі жарқын бола бермек.

Әдебиеттер:

1. Майлықожа. Нақылият. Құр. Оспанұлы Ә. – Шымкент: Шымған, 1993.146 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, I том 1984.– 256 бет
3. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, II том 1989.– 498 бет
4. Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары, 4-том Алматы 2015. – 414 бет
5. Бақыттың кілті – Жанұя. – Алматы 2016, 266-бет.

ӘОЖ 82.0

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Тұрар Ә.Ғ. – 1701-39 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Халикова Н. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассматривается творческий путь писателя, этнографа, издателя Зейноллы Саник Мубаракулы, его неизмеримое наследие в фонд казахской литературы. На сегодняшний день издано собрание сочинений писателя в 15 томах. Писатель часто писал на исторические темы. В статье анализированы документальные произведения писателя «Каракерей Кабанбай», «Хан батыр Кабанбай». З. Саник в своих произведениях раскрывает образ Кабанбая батыра опираясь на исторические источники. В казахской литературе писатель К. Жумадилов создал образ Кабанбая в романе «Дарабоз». В статье был проведен сравнительный анализ образа Кабанбая батыра в произведениях З.Саник и К.Жумадилова. А также в статье рассматривается документальные романы писателя З. Саник «Сергелден», «Басбай».

Summary

This article examines the creative path of the writer, ethnographer, publisher Zeynolla Sanik Mubarakuly, his immeasurable legacy to the fund of Kazakh literature. To date, the collected works of the writer have been published in 15 volumes. The writer often wrote on historical topics. The article analyzes the documentary works of the writer "Karakerei Kabanbai", "Khan Batyr Kabanbai". Z. Sanik in his works reveals the image of Kabanbai Batyr based on historical sources. In Kazakh literature, the writer K. Zhumadilov created the image of Kabanbai in the novel "Daraboz". The article conducted a comparative analysis of the image of Kabanbai batyr in the works of Z.Sanik and K.Zhumadilova. The article also examines the documentary novels of the writer Z. Sanik "Sergelden", "Basbay".

Халқымыздың тарихи-әдеби қазыналарын жинастыруда өлшеусіз еңбек еткен талантты тұлғаларымыз аз емес. Соның бірі бүгінде көпке есімі аян болған қазақтың Зейнолласы. Жазушы, баспагер, этнограф Зейнолла Сәнік Мүбәракұлы көршілес Қытай елінің Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Жасынан зерек бала Зейнолланың философиялық ой-толғамдарға деген қызығушылығының негізінде қытай тілін жетік меңгерді. Бұл тарихымыз туралы үлкен ізденіс тудыруға сеп болды. Қаламгердің мағыналы ғұмырының көлеңкелі жылдары Қытайдағы «мәдениет төңкерісі» кезеңінде өтті. Зейнолла Сәніктің «халық жауы» атануы, ата-анасы мен туған-туысын 20 жылға жуық уақыт көре алмауы қаламгер қабырғасын қайыстыра алмады. Өмірдің ауыр сынағын басынан өткерсе де қаламгер жан-жақты ізденіс үстінде болды. З.Сәніктің ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы, ұлы тұлғалар есімін өз ізденістері арқылы қайта жаңғыртуы көпке өнеге болды. Осы еңбектері нәтижесінде З. Сәнік қазақ әдебиетінің рухани қорына құнды олжа салған қаламгер бола білді. Оған мысал ретінде автордың 15 томдық шығармалар жинағы және де жүзге жуық зерттеу мақалаларын атап айтамыз. З.Сәніктің «Сергелдең» [1], «Басбай» [2], т.б. деректі еңбектері бар. Сан түрлі тақырыптарда қалам тербеуі З.Сәніктің даралығын көрсетеді. Оның әрбір туындысы «шындықтың шырағындай». Әсіресе, «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай», «Демежан батыр», «Халық күйшісі Қайрақбай», «Басбай» атты деректі туындылары оқырманның танданысын тудырған болатын. Қаламгер көпке

беймәлім болып келген халық перзенттерінің есімдерінің ұмыт болмауы үшін көп ізденді. Саналы ғұмырын баспа ісіне арнаған Зейнолла Сәнік көнені танып қана қоймай, оны қалың оқырманға шығармалары арқылы таныта білген қаламгер.

Зейнолла Сәнік еңбектерінің ішіндегі шоқтығы биігі, оқырманның ерекше ықыласын тудырған Қаракерей Қабанбай туралы жазған «Хан батыр-Қабанбай», «Қаракерей Қабанбай» атты тарихи эсселері тарихи деректерге негізделіп жазылған. Осы орайда, қаламгер не себепті тарихи тақырыптарға жиі барды деген сауал туындайды. Зейнолла Сәніктің бұл тақырыпты аса тыңғылықты зерттеуінің басты себебі автордың Қабанбайдың жетінші ұрпағы екендігінде. Жалғыз себептің бұл еместігі анық. Зейнолла балалық шағынан Қабанбайдың теңдессіз ерлігін, соғыс тактикалары мен қара қылды қақ жарған әділ шешімі туралы ел аузында сақталған тарихи жырлар мен аңыз- әңгімелерге қанық болып өсті. Қабанбай бейнесін сомдау арқылы қазақ халқының тарихын, халықтың өршіл рухын жазуды басты мақсат етті. Осылайша қазақ халқы тарихынан хабар беретін тың туындының жарыққа шығуына себеп болды. «Қаракерей Қабанбай» атты еңбектің жарыққа шығуына шежіреші Бейсенғали Садықанның рөлі басым болды. Олай дейтініміз, Бесенғали Садықан Зейнолла Сәнікке Қабанбай батыр туралы архив мұраларын сеніммен табыс етуі дәлел. Бейсенғали Садықан Қабанбай туралы деректерді көзінің қарашығындай сақтап келген. Сол сәт Зейнолла ағаның естелігінде былай көрініс табады: «Қарағым Зейнолла, саған табыс еткенім, сол ата-бабаңның аманаты, туған халқыңның ұрпақтан ұрпаққа, Ақтайлақтан Маусымбайға, Маусымбайдан маған, менен саған жалғасқан шежірелік деректері, ақындарымыздан қалған ақтық мұрағаттар»,- деп табыстайды [3, 378]. Шежіреші Бейсенғали Садықан Зейнолла Сәніктің сөз шеберлігін байқаған болса керек, сол сәтте өз батасын да береді.

Тұңғыш жинақ Зейнолла Сәнік мен Бейсенғали Садықанның құрастыруымен 1986 жылы Қытайда «Қабанбай батыр» атты атаумен жарыққа шықты. Зейнолла Мүбәрәкұлы 1989 жылы Алматыдан Аягөзге дейінгі жерді сапарлап, өз еңбегіне мәліметтерді жинаған болатын. Сол аралықта тағы бір көлемді «Хан батыр Қабанбай» аталатын эсселер жинағы жарыққа шықты. Бұл еңбегі 2000 жылы қараша айында Астана қаласында өткен салтанатты жиында көпшілікке ұсынылады. «Хан батыр Қабанбай» аталатын эсселер жинағы Қабанбай батырға арналған кесененің ашылу салтанаты кезінде тарту ретінде таратылды. Бұл кесененің ашылу рәсіміне арнайы қонақ ретінде шақыртылған Зейнолла Сәнік шынайы ризашылық білдіріп, «Баба рухы баршамызға жебеуші болғай!» деп тілек білдірген болатын.

Бүгінгі күнге дейін Қабанбай батыр туралы көптеген зерттеу еңбектер мен тарихи шығармалардың жарыққа шыққандығын белгілі. Қазақ әдебиетінде көлемді тарихи роман ретінде Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» шығармасын айта аламыз. Зейнолла Сәніктің «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай» атты еңбегі мен Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романы өзара үндеседі. Екі шығарма да тарихта есімі қалған хас батыр Қабанбай туралы жазылған. Десе де, әр автор Қабанбай бейнесін сомдауда ерекшеліктерін таныта алады. «Қаракерей

Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай» тарихи деректі шығарма. Ал жазушы Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» атты шығармасы көркем туынды ретінде әдебиетімізден өз орнын алған еңбек. «Дарабоз» диалогиясында оқиға негізінен 18 ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Нақтырақ айтар болсақ, роман оқиғасы 1748 жылдан, кейбір тарихи шегіністер арқылы басталады. Ол: «Ғайсаның туған күнінен есептегенде, бір мың да жеті жүз қырық сегізінші ұлу жылы, мамыр айының алғашқы жаңасында, Сарысу бойында отырған Әбілмәмбет ханның ордасында, ежелгі ата салты бойынша, жылда көктемде шақырылатын хан кеңесі өтіп жатты.»,- деп баяндалады [4]. Ал Зейнолла Сәнік болса, еңбегінде Қабанбай батырдың арғы тегіне дейін нақты деректермен тоқталып өтеді. Мәселен, «Ататек туралы аз сөз», «Найман бабаң» атты тарауларында Қабанбайдың арғы ата-бабалары туралы талдау жасалынады. Зейнолла Сәнік Қабанбайдың жеке өзін ғана емес, ата-бабалары туралы да айта келе, батырдың текті ұрпақтан екендігін, Қабанбайға батырлық ата-бабасының қанынан дарығандығын айтады. Жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» диалогиясындағы оқиға желісі батырдың өз аузынан баян етіледі. Ондағы оқиғалар Қабанбай батырдың тікелей өз өміріне қатысты баяндалады. Романның арқауында тарихи шындық жатыр. Батырдың дана шешімдері, батырлық көрсеткен жорықтары мен батырға ханның ерекше ықыласы шынайы суреттеледі. Ал Зейнолла Сәніктің «Қаракерей Қабанбай» атты еңбегінде батыр туралы көпшілік біле бермейтін аңыз-әңгімелер жиынынан құралған. Ал екінші еңбегі «Хан батыр Қабанбай» атты туындысы тарихи эсселерден тұрады. Қаламгердің «Хан батыр Қабанбай» атты тарихи эсселер жинағы қазақ әдебиетімізде ерекше орын алады. Себебі, ондағы мәліметтер қазақ халқы үшін жаңа, тың ақпарттар болатын. «Дарабоз» романы екі кітаптан тұрады. Алғашқы кітап «Толас» және «Аттаныс» атты екі бөлімнен құралса, соңғы кітап «Шүршіт шапқан», «Алаш туы астында», «Ақырғы айқас» атты үш бөлімнен тұрады. Ал Зейнолла ағаның «Қаракерей Қабанбай» еңбегі аңыздық желі негізінде туған, ал екінші еңбегі «Хан батыр Қабанбай» тарихи дерек пен дәйектемелер негізінде жазылған туынды.

Бүгінде Қаракерей Қабанбай туралы зерттеулер аз жүріп жатқан жоқ. Зерттеушілер арасындағы Қабанбай өміріне байланысты туған таластың бірі - батыр сүйегінің қайда жерленгені туралы мәселе. Осы бір сауалға әртүрлі жауап айтылады. Жазушы Қабдеш Жұмаділов Қабанбай туралы біршама зертеу жүргізгенін айта келе, батырдың сүйегі туған жері Тоқта-Барлық тауы маңында жерленген деп топшылайды. Себебі, жазушы Қабанбай батырдың өсиеті солай болған деген пікірді негізге алады. Ал, зерттеуші Зейнолла Сәнік «Хан батыр Қабанбай» атты еңбегінде Қабанбай батыр сүйегі Арқада жатқандығын мәлімдейді. Осы орайда, Зейнолла Сәніктің ресми мәліметтерге сүйенгені белгілі. Қабанбай батырдың туған жылы мен дүниеден өткен уақыты және қайда жерленгені туралы «Хан батыр Қабанбай» атты еңбегінің «Қабанбай шоқысы туралы аңыз бен ақиқат» тарауында толық тоқталып өтеді. Алдымен «Қабанбай шоқысы» атауы қайдан шыққаны туралы: «Сол асудан асып келе жатқанда аңдып жатқан қалмақтар қазақ қолына оқ жаудырып, сол соғыста Қабанбайдың бір аяғын садақтың оғы ұшып кетеді. Батыр атамыз сонда да

соғыс шебінен қайтпай, сол шоқының төбесіне шығып, бір қауым уақыт сол шоқының төбесіне бие байлатып, аяғын емдетіп, соғысқа қолбасшылық жасаған. Сонан бастап сол шоқы «Қабанбай шоқысы» атаныпты» дейді [3, 7-8]. Енді қайда жерленгені туралы: «Белгілі тарихшы Құрбанғали Халидидың «Шығыстың бес тарихы» атты кітабының қолжазбасында: «Қабанбай Абылайға сенді. Ұшбу Қабанбайды Байбарақ деген туған ата жұрты деп, Есіл-Нұраға алып барып қойған» деген сөздің хатқа түсуіне қарағанда бабамыздың дүниеден өтерінде: «Арқаға арнап бейіт соғып от орныма қойыңдар» деген соңғы өсиетінің орындалғанын да аңғаруға болады» дейді [3, 17-18]. Зейнолла Сәнік өз шығармасында батырдың өміріне байланысты бірнеше дәлелдер келтіреді. «Қабанбай батыр 1692 жылы дүниеге келіп, 1777 жылы өмірден өткен болып щығады. Мұны дәлелдейтін тағы бір дерек бар, сол 1777 жылы Байбарақ батыр ағасы Қабанбайдың сүйегін көшірген көшті бастап, жолшыбай Арқалық тауының етегімен Есіл-Нұраға қарай бет алған жолында бір ауылға қонса керек. Бұл көштің Қабанбай батырдың көші екендігін білген халық оларды құрметпен қарсы алып, үлкен қошемет көрсетеді. Сонымен бірге жеті жыл бойы бала көрмеген бір жас әйел ырымдап, сол көшпен бірге Есіл-Нұраға келіп, сондағы Қабанбай төбесіне жерленген батырдың басына бірнеше күн түнеп, еліне барғаннан кейін жүкті болып, мол ұрпақты киелі анаға айналады» деп батырдың өміріне байланысты нақты дерек келтіріп, пікір білдіреді [3, 18]. Ал «Тоғас шежіресі» атты кітабында да Қабанбай батырдың 1777 жылы қайтыс болғаны жайлы мәлімет беріледі. Бұл еңбекте батыр өліміне байланысты деректерді «аруақтан пайда болған елдің» шежіресінен алынғанын айтады. Осы деректерді негізге ала отырып, Зейнолла Сәнік еңбегінің қаншалықты құнды, нақты деректерге толы екендігіне көзіміз жетеді. Осылайша өз еңбегінде Зейнолла Сәнік өзге де зерттеушілер пікірлерімен санаса отырып, өзіндік тұжырымын дәл жасаған.

Қаламгер шығармашылығындағы тарихи деректерге сүйене отырып жазған кезекті туындылары «Сергелдең», «Басбай» романдары болып саналады. Қаламгер «Сергелдең» атты тарихи романы туралы автор: «Жазба тарихы кем халықтың жәдігері көбірек сандығында жүреді ғой. Сондықтан халқымыз «қарттарымның көкірегі – алтын сандық» деп білген. «Сергелдең» романы – біздің Нығмет ағамыздың көкірегінен төгілген көне тарихтың ізі. Біз, әне, сол ізді бойлап келеміз...» дейді қаламгер. Шығармада басты кейіпкер Төлебай Сиыршыұлы өзінің басынан кешкен ауыр тағдыры мен өмір жолынан сыр сертеді. Бұл туынды XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ елінің бастан өткізген тарихи шындығын тілге тиек етуімен және оны көркемдік шындық биігіне шығарып суреттелуімен құнды. Тарихи романға отандас қаламгерлер де жоғары баға берген болатын. Үлкен ізденістің нәтижесінде жарыққа шыққан деректі туындысы – «Басбай» романы. Басбай Шолақұлы – өмірде болған, отаншыл қайраткер, асқан жомарттылығымен, даналығымен танылған тұлға. Оның елге жасаған істері аңызға айналып, халық арасында кеңінен тараған. Баспай жөнінде ертеден ел аузындағы әңгімелермен таныс Зейнолла Сәнік романды жазу алғаш қашан ойына келгендігі туралы өз еңбегінде былай дейді: «Жол жүріп бара жатып «Басбай көпіріне келдік, Басбай

көпіріне келдік!» деген саңқылдаған дауыстар мені селт еткізді. Елмен бірге мен де автобустан түсіп, Еміл өзеніне бетімді жуып, баяғы өзім көрген дәу де, әйгілі көпірге қайта бір көз тастадым. Автобусқа қайта шыққан соң ойым Басекең төңірегіне қарай ойыса береді. Ол ел жүрегіндегі орны бөлек, абыройлы асқақ адам еді. Дәл осы күні Басекең туралы материал жисам деген ой мені бұйдалап алды» дейді [5, 20]. Осы сапары «Басбай туралы әңгіме-жырлар» атты бір томдық еңбегі мен «Басбай» романының тууына себеп болды. «Басбай туралы әңгіме-жырлар» атты еңбегінде Басбай туралы әңгімелер мен аңыздар, жыр-дастандар, өзінің тарихи зерттеулері енген.

Зейнолла Сәнік – сөз құдіретін жанына демеу еткен, өзіне дейінгі кемеңгер жазушылар шығармасын бойына сіңіре білген әдебиет ғылымына тосыннан келмеген тұлға. Бүгінгі таңда З.Сәніктің шығармашылық мұрасын зерттеп жүрген ғалымдар бар. Атап айтатын болсақ, Жолдасбек Мәмбетовтың «Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасы» атты монографиясы [6],Жақан Дүйсенгүл Советқызының «Халық мұрасының жанашыры» атты еңбегі [7] т.б. ғалымдардың еңбектерінМ айтсақ болады. Қаламгердің мәдениет қазанына салған мол мұрасы бүгінде талай зерттеу еңбектердің жазылуына мұрындық болып отыр. Өз өмірінде заманының ащысы мен тұщысын татып, ата-қонысын аңсап жүрсе де, елге деген махаббатын, құрметін ұлттық мұрамызды байыту арқылы білдірген қаламгердің әрбір еңбегі бүгінде зерттелуге бірден-бір лайық туынды.

Әдебиеттер:

1. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ан-Арыс, 2017.
2. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Ан-Арыс, 2017. –356 б.
3. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. 15-том: Естелік, жолжазбалар /– Алматы: Ан-Арыс, 2017. – 432 б.
4. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1996.
5. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. 9-том: Шалқыма әңгіме-новеллалар, хикаяттары / – Алматы: Ан-Арыс, 2017. – 332 б.
6. Мәмбетов Ж. Зейнолла Сәніктің шығармашылық мұрасы: монография / – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 267 б.
7. Ж.Д. Советқызы. Халық мұрасының жанашыры – «Мерей» баспасы,.Алматы, 2021. – 344 б.

ӘОЖ 82.0

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Есіркеп Қ.К. – 1701-39 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Халикова Н. – аға оқытушы, ф.ғ.к.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье анализируется проблема традиции и новизны в произведениях М.Жумабаева. А также рассматривается особенности поэтического языка М.Жумабаева. В словосочетании поэта использовались образы и фигуры, формы сравнения. Статья прожолжаевт ряд исследований, посвященных изучению языковой личности поэта. Магжан является в казахской литературе непревзойденным образцом западно восточного художественного синтеза.

Summary

This article analyzes the problem of tradition and novelty in the works of M. Zhumabayev. And also the features of M.Zhumabayev's poetic language are considered. Images and figures, forms of comparison were used in the poet's phrase. The article presents a number of studies devoted to the study of the poet's linguistic personality. Magzhan is an unsurpassed example of Western-eastern artistic synthesis in Kazakh literature.

Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясында өзінің поэтикалық тіл мектебін қалыптастырған классик ақын. Мағжан – сұлу сөз тудырушы. Ол өз ойын поэзиялық иірімдермен, бейнелеуші сөздермен астарлап жеткізуде шеберлік танытқан бірден бір ақын.

Мағжан ақын көркем сөздің шынайы табиғатын сезіне алған, оны оқырманына жеткізе білген сөз зергері. Қазақ әдебиетінде сөзбен сурет өрген қаламгер Абайдан кейін Мағжан болған. Оған дәлел ретінде М.Әуезовтің «Өз жайымнан мағлұмат» атты естелігінде «Қазақ жазушыларынан әрине Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан...Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара-қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениетпен сұлулық сарайына оратылып барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезінгендей боламын. Мағжан культурасы зор ақын» [1] деп айтқан сөзінен Мағжанның ақындық өнерінің биік үлгісін көреміз.

Мағжан өзіне дейінгі қалыптасқан қазақ поэзиясынан үлгі алды, сондай-ақ батыс пен орыс әдебиетінің озық үлгілерін шығармашылықпен, өзіндік қолтаңбасымен қабылдаған ақын.

М.Жұмабаев шығармаларына қызығушылық білдірген ғалымдар ақын поэзиясына жан-жақты зерттеулер жасаған. Ақынның шығармашылығын зерттеген Ш.Елеукенов [2], Т.Кәкішев [3], Д.Ысқақов [4] т.б. ғалымдар өз ой-тұжырымдарын зерттеу еңбектерінде білдірген.

Ақынның поэтикалық тілі өзімен замандас, қатарлас ақындардан ерекшеленіп тұрады. Ақын қолтаңбасының ерекшелігі оның әр өлең жолдарынан, әртүрлі сөз саптауынан, бейнелі өрнек құруынына көрінеді. Мағжанды ұлт ақыны деп атай аламыз. Мағжан өлеңдері арманшыл қиялымен көзге түседі, сонымен қатар ақын қолтаңбасынан шыққан өлеңдерден өкініш пен уайымның, қайғының ащы шындығы да көрінеді. Ақын өлеңдерінде

жалындаған өршіл рух пен еркелік наз, арман мен махаббат, үміт пен сенім бір-бірімен тоғысып жатады. Ақын тау, өзен, теңіз толқындары сияқты жаратылыстың барлық құбылыстарын аса шеберлікпен жырлай келе, дүниенің болмысы мен адамның жан дүниесінде болып жатқан сезім иірімдерін қатар қоя суреттейді. Өз жырларында адам мен табиғаттың арақатынасын бірлікте жырлаған ақын ойларын көркем, сұлу, бейнелі жеткізеді. Мағжан қазақ әдеби тілінің қайнар көз болып саналады.

Мағжан өз поэзиясында әр сөздің қасиетін дәстүрлі түрде пайдаланып, оларды жаңашылдық қырынан әдеби нормаға енгізді. Осылайша дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанған ақын өзіндік стилін айқындай алды. Ақын өлең дейтін тылсым дүненің табиғатын бұзбастан, жаңашылдық таныта алды.

Мағжан қолтаңбасын анықтау мақсатында ақынның суреткерлік шеберлігіне, өрнектеліп өрілген ойларының көркемдігіне көз жеткізу үшін оның өлеңдеріне талдау жасайық.

Ақын тілдік ізденістерге жиі барды. Өзінің көркемдік ойларын жалаң түрде бермеді. Ақын өз қолданысындағы ажарлау мен құбылту арқылы ой көркемдігінің қуатын күшейтті. Ақын өз өлеңдерінде троп пен фигураның, теңеудің түрлерін құбылтып қолданған. Сөздерді тура мағынада емес ауыспалы мағынасында қолданып, айтар ойын сыршылдықпен көркемдеп бейнелей алған.

Ақын қолтаңбасындағы көркемдік тәсілдерге тоқталсақ, «Мен кіммін?» атты өлеңдерде риторикалық сұрақтардың және метафораның әдемі үлгісі көрініс тапқан. Осы өлеңде автор өзін күнге, гулеген желге, жер еркесіне алмастыра отырып, өзі бейнесін жасаған.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?!
Жолбарыспын, қайратыма кім шыдар?
Көкте – күнмін, жерде – желмін гулеген
Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?![5, 52].

Осы өлеңде Мағжан ауыстырудың үлгісін шебер қолданған. Метафора дегеніміз – екі нәрсенің бір-біріне ұқсастығына қарай бір-бірімен ауыстырып айту арқылы өлеңнің мазмұнын тереңдету, әсерін күшейту. «Жұлдыз жүйрік» өлеңіндегі метафоралар ақынның өзіндік қолтаңбасының ерекшелігін айқындайды.

...Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей
Жұлдызды – жүзік, айды – алқы ғып берейін... [5,102]

Мағжанның поэзиясының тағы да бір ерекше тұсы ақын өлеңдеріндегі дамытудың (градация) қолданыс табуы. Поэзиядағы градация дегеніміз – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдында берілген ой-пікірдің кейінгі ой-пікірмен, өлең жолдарында кездесетін құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруын градация деп атаймыз. Ақын Абай Құнанбаевтың «Келдік талай жерге енді» атты өлеңінде градацияның әдемі үлгісін жасаған:

Сергі, көңілім, сергі енді!..
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!...
Өрбі, сөзім, өрбі енді... [5,117].

Абай Құнанбаев шығармаларында градацияның үлгілері жиі қолданыс тапқан. Абай дәстүрін ұстанған Мағжан Жұмабаев та өлеңдерінің тақырыптық және идеялық мәнін ашуда, образ жасауда, ойын бейнелі жеткізуде әртүрлі көркемдік тәсілдерді шеберлікпен қолдана алған. Ақынның тіл шеберлігін айқындай келе, М.Жұмабаев қазақ поэзиясындағы ерен құбылыс екендігін байқай алдық. Мағжан ақындыққа қойылатын талаптардың биігіне шығып, Абай аңсаған поэзияның жақсы үлгісін көрсете білді.

Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттану ғылымында қатар көрініс табады. Дәстүр мен жаңашылдық дегеніміз – әдеби үрдіске тән жалғастық. Дәстүр мен жаңашылдық – халықтық үлгілер мен қаламгер қолтаңбасындағы тілдік-стильдік ерекшелітердің өзара бірлігін танытатын ұғым. Әдеби дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік үлгі-өрнектер, көркемдік әдіс-тәсілдер жатады. Ал жаңашылдық ақын не жазушы қолтаңбасынан туындаған тақырыптың бұрын қолданылмаған әдістермен көркем тіл арқылы суреттелуі

Әдеби үрдісте көрініс тапқан әрбір жаңашылдық уақыт өте келе дәстүрге айналып отыратыны белгілі.

Жаңашылдық асқан шығармашылықтың нәтижесінде туындайды. Қаламгер жаңашылдыққа үлкен ізденістің нәтижесінде қол жеткізеді. Жаңашылдық пен дәстүр ұдайы ұштасып отырады. Қаламгердің үлкен ізденісінен әдебиетте мазмұн мен форма жағынан жаңашыл туындылар туындап жатады. Дәстүр бойынша сақталып қалған әдіс-тәсілдермен қатар, қаламгер қолданыстында жаңа бейнелеу тәсілдері пайда болады. Жаңашылдықпен бірге жаңа тақырыптар, жаңа көркемдік ойлау жүйесі, жаңаша сипат алған бейнелеу құралдары мен көркемдік тіл өрнегі, өлең ырғағы мен жаңа ұйқастар, сондай-ақ жаңа жанрлар туындап жатады. Жаңашылдық дегеніміз – ақынның не жазушының шығармашылық дамуы, өсуі, өзгеруі, өрбуі.

Жыраулар поэзиясы өз заманының шындығын суреттеумен, жаугершілік заманның ауыр күндерінде болған тарихи оқиғаларды жырлаумен ерекшеленеді. Жыраулар поэзиясынан сөз өнерінің әдемі үлгісі көреміз. Жыраулар өз заманының елеулі тарихи кезеңдерін бастарынан кешіріп, өздері куә болған елеулі оқиғаларды жыр-толғауларына қосады. Сол себепті де жыраулар поэзиясынан ел тізгінін ұстаған хандардың бейнесін, еліне қауіп төнгенде ел қорғаны бола білген батырлардың ерлік іс-әрекеттерінің бейнелі суреттерін байқаймыз. Мағжанның шығармаларынан жыраулар поэзиясынан келе жатқан дәстүрлі жалғастық айқын көрініс береді. Әйтсе де, Мағжан ақынның қолтаңбасынан туындаған өлеңдер өзінің сыршылдығымен ерекшеленеді. Мағжан поэзиясындағы **тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін нәзік әуезділік, сыршылдық, бейнелілік, қиялға ерік беру** бұрынғы ақындарда болған емес. Ақын не жазса да сұлу жазады, көркем әрі сәнді жазады. Мағжан өлеңдерінің қай қайсысын алып қарасаңыз да жүректен жүрекке жетіп, өз оқырманына әсер ететеді. Құрғақ сөз Мағжан поэзиясына тән емес. Ақынның қай өлеңін оқысаңыз да, ақынмен не өз өзіңмен сырласқандай сезімде боласыз.

Сонымен қазақ поэзиясына Мағжан Жұмабаев алып келген сыршылдық ақынның шығармашылығының ең бірінші ерекше тұсы болды. Мағжан қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін өз шығармалары арқылы дамыта түсті. Мағжан жаңашылдығы ақынның шығармаларында көрініс берген тың тақырыптық-идеялық мазмұн мен өзіндік тілдік-стильдік қолтаңбасын айқындайтын көркемдік әдіс-тәсілдерді жемісті пайдалануында деп айта аламыз.

Поэзия – жанды жылытар жай соққан самал іспетті. Ол – нәзік күш. Жүректің жасырын пернелерін нәзік саусақтарымен басып, еріксіз әуен үнін шығаратын балауса сәби тәрізді.

Поэзия – еріктен тыс ұшырып, айналдырып әкететін құйын секілді. Кейде поэзияны түсіну қиын, бірақ жүрекке жеткен сиқырлы өлеңді санадан сызып тастау мүмкін емес, тіпті кейде ұмытуға тырысудың өзі де қиын нәрсе.

Поэзияның соншалықты күшті тартымдылығының құпиясы оның өлеңді жеткізу тәсілдерінде болып табылады. Әрбір қаламгердің шығармасын толық түсіну үшін оның өмір сүру кезеңін, өмірбаянын білу керек. Оның басты себебі, әр ақын өз заманына сай туындыларды дүниеге келтіреді.

XX ғасыр қазақ әдебиеті өзінен бұрын қалыптасқан әдеби дәстүрге сүйеніп жетілді, өсті, жаңарды. Қазақ поэзиясының Абайға дейін дамуының өзіндік арнасы болды. Ауыз әдебиетінен бастау алған қазақ сөз өнерінің өзіндік ұзақ даму тарихы бар. Өлең сөздің құдіретін білген қазақ халқы өнерлі халық болған. Қазақ халқы үшін поэзия өнердің биік үлгісі бола білген. Поэзия дәстүрлі түрде қалыптаса келе, қазақ ақындары қалыптасқан дәстүрлі арнаны жаңашылдық сипатта жан-жақты дамыта отырып, қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкеліп отырған. Яғни әдебиеттегі дәстүрлі арна жаңа сипат алды.

Әдебиетте көрініс тауып жатқан жаңашылдықтар – қаламгерлердің үлкен шеберліктері мен ізденістерінің, сонымен қатар зор шығармашылықтың нәтижесі болып табылады. Әдеби процесте орын алған жаңашылдық сөз өнерінің шығар биігін асқақтатады. Әдеби процеске енген жаңашылдық әдебиетке сіңіп, әдеби дәстүрге айналып жатады. Осыған байланысты көркем шығармашылықты үнемі даму үстінде болатын құбылыс деп қарастырамыз. Мағжан әдеби дәстүрдің жалғастығын сақтай келе, өзіндік қолтаңбасымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ақын сусындаған рухани арналар Мағжанның дарынды ақын ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Әдебиеттер:

1 Әуезов М. Өз жайымнан мағлұмат. https://bilim-all.kz/

2 Елеукенов Ш. Мағжан [Мәтін]: (өмірі мен шығармашылығы): оқу құралы /Ш. Елеукенов. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.

3 Кәкішев Т. Мағжан және Сәкен. Ғылыми эссе. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 1999. – 447 б.

4 Ысқақов Д. Қазақ елі бір ауыз сөзім саған. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2004. – 148 б.

5 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

ӘОЖ 811.512.122:572

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСЫ

Адилханова Ұ., Жұмаған З., Пернебаева Ғ. – 701-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Қайырбекова Ұ.Ж. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены вопросы о методических трудах ученого, учителя нации, методиста А. Байтурсынова и методических приемах, применяемых при освоении материалов на казахском языке.

Summary

The article discusses the issues of methodological works of the scientist, teacher of the nation, methodologist A. Baitursynov and methodological techniques used in the development of materials in the Kazakh language.

А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегі қазақ тілін үйретудің 3 деңгейіне, яғни 3 жылға арналған. Онда сөйлеу мен сөйлемді ажырата білу, сөздерді буындап, тасымалдау, қазақ дыбыстарына тән әріптерді үйрету жоспарланған. Автор өз еңбегінде оқыту мәселесі жайлы көптеген пікірлерін келтіреді. Қазіргі әдістеме ғылымының іргетасы осы ғалымның еңбегінен басталады деп айтуға негіз де бар. Ол әдістемеге арналған еңбектерінің басында мынадай пікір келтірген: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп, оқытуға шабыттанады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйық) түскен мал секілді малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады. Екі жағының да жігері кеміп, шабыты болмайды. Шабыттанып істемеген іс оңды да болмайды».

Ғалым оқыту әдістемесінде қарапайымнан күрделіге қарай оқыту әдістемесін ұсынады. Жоғарыдағы айтқан пікірі осының айғағы. Оқыту жүйесі тіл дыбыстарын дұрыс айтып, оларды әріппен дұрыс жазудан басталу керектігін айта отырып, сөздердің құрмындағы дыбыстардың меңгерту әдістемесіне тоқталады. Алдымен екі буынды, онан соң үш, ары қарай көп буынды сөздерді оқытып үйрету керектігін ескертеді [1].

«Тілжұмсар» еңбегінде ғалымның айтқан мынадай пікірі бар: «...Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оны білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру». Бұл пікірі теорияны практикамен ұштастыру керек дегенді білдіреді. Мұғалімдерге мәтіндерді оқытқанда қалай жұмыс жасау керектігі жөнінде, қандай сұрақ қою керектігі жөнінде кеңес беріп өткен [2]. Тіл үйренушілерге арналып шығарылған оқулығында мынадай тапсырмалар қарастырылған:

1- Жұмыс. Әріп басына бір-бірден дәйекшелі сөз тауып жазыңдар (кітаптан қарап табасыңдар). Дәйекшелі сөз таба алмаған әріптеріңді бөлек шығарып жазып көрсетіңдер.

1. **Жұмыс.** Қандай сөздерге дәйекші қойылмайды? Неге қойылмайды? Қорытынды жасаңдар.

2. **Жұмыс**. Төменде екі сөздің арасында бір төл сөзден қалай етіп қайсысына теліп айтуға болады? Қалай етіп қайсысына теліп жазуға болады? Айтыңдар және жазып көрсетіңдер [2]. Осы еңбегінде сызықшаны қолдану әдістемесіне де көңіл бөлінген. Мысалы, мына тапсырма осы тақырыпты меңгертуге арналған.

Сөз туғызу

Сайла – сайлау

Жаса – ...

Бақыла – ... Осы тапсырманы орындау арқылы әрі сызықшаны, әрі туынды сөз жасаудың жолдарын үйретуге көңіл бөлінген [2,312].

«Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында әліпби үйретудің әдіс-тәсілдері жайлы айтады. Әдістің көптігі соншалық – оларды Еуропалық немесе орыс ғалымдарының әдісі деп бөліп –жарып айтуға келмейді дейді. Мақалада орыс данасы Лев Толстойдың пікіріне тоқталады. Онда былай делінген: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орны да жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» [2, 324].

Сөз құрамындағы дыбыстарды талдауға қатысты пікірлерінің өзін жеке талдау нысаны етіп алуға болады. Тіл дыбыстарын жіктеуде кезедесетін біршама терминдері қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды. Олар: толық дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал дыбыстар, қымқыру түрлі дыбыстар, босаң жолдылар, тұйық бөгеулісі т.б. Ғалым тіл дыбыстарын төмендегіше топтастырады:

1. Дауыстылар: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, и.

2. Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, к, қ, г. Оның ішінде:

Толықтар: а, е, о, ү, ы; шалалары: р, ң, л, м, н, у, и; ауыз дыбыстары: ш, р,л,у,и; аңғалы: а,е,ы; босаңы: р, у, и; қымқырулы: о,ұ; қысаңы: л; қысаңдары: п, т, с, ш, к, қ; ашықтары: с,ш; тұйықтары: п, т, к, қ; босаңдары: б, ж, д, з, г, ғ; ашықтары: ж,з; тұйықтары: б,д; тұйықтаулары: г, ғ.

Осы дыбыстық топтастыруды атап көрсете келе, оларды ажыратудың мына принциптерін атап көрсетеді. Ол жөнінде былай дейді: «Дауыстылар мен дауыссыздардың шегін айыратын жіктеу жалғауы –мын, жалғаулық мен дауыстылардан соң –мын, мен дауыссыздардан соң –бын, бен, -пын, пен. Дауыстылардың өзара шегін ашып, толық дауысты, шала дауысты қылып айыратын тәуелдеу, жіктеу жүзінде толып жатқан нәрселер бар, оларды түгендеп жатпай, мына жағынан да айыруға болады: толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келеді. Толық дауыстылардың өзара шегін ашып, аңғал деп, қымқырынды деп айыратын мынасы: аңғалдары орын талғамайды, қымқырындысы бас буыннан басқасында келмейді...» [3,346].

Ғалым топтастыру дегеннің орнына «көшелеу» деген терминді қолданған. Мысалы, Түсінікті болу үшін көшелеп көрсетсек, бұлай болып шығады [3,346].

Ауыз жолды және мұрын жолды дыбыстар деген терминнің орнына «өткелділер» деген термин қолданылған.

А. Байтұрсынұлының пікірінше, тілдегі жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылар сөз ішінде араласып келмейді. Бұл тілге жат заңдылық. Сондықтан жуан дауыстыда –лық, жіңішке дауыстыда –лік жұрнағы жалғану керектігін айтады. Осыған қарағанда, А. Байтұрсынұлы заманында аралас буынды немесе қазақ тілінің үндестік заңына бағынбайтын сөздер болмаған секілді. Буындардың араласуы кейінгі уақыттарда пайда болған деуге болады.

Ғалым ана тіліміздегі дыбыстардың санын дәл көрсеткен деп айтуға болады. Ол сырттан дыбыс іздеудің қажеттілігі жоқ екендігін айтады. Сөздің айтылуы мен жазылуына да ерекше көңіл бөледі. Дыбысты таңбалайтын әріптердің санын көбейткеннен ешқандай пайда болмайтындығын ескертеді. Ол екі дыбыстың фонетикалық мәртебесі екі түрлі болса да, бір түрлі болса да, әдістемелік тұрғыдан шешілу керектігін, әдістемесі қиын болса, екі таңбадан белгілеп, әдістемесі қиын болмаса бір таңбамен беру керектігіне көңіл бөледі.

Жазу мәселесі жайлы да маңызды-маңызды мәселелерді көтерген. «Сауаттылық негізі – жазу» дейді ғалым. Қазіргі тілдік коммуникациядағы «жазуды көреміз, айтқанды естиміз» деген пікірлердің өзі А. Байтұрсынұлы еңбегінен бастау алған.

А. Байтұрсынов өз еңбегінде фонетика мен морфологияға қатысты бір-бірімен тығыз байланыста қарайды. Морфологиядағы түбір мен қосымшалардың үндесуін фонетикадағы үндестік заңымен байланыстырады. Яғни сөз түбірінің жуан, жіңішкелігіне қарай қосымшалардың жіңішке түрде жалғанатындығын айтып өтеді. Мысалы, баспа, кезбе, көмбе, тума және т.б.

Зат есімнің деректі, дерексіз, жалқы, жалпы зат есім секілді түрлерін ажыратып көрсетіп, оның жекелік айырыс және көптік айырыс деген түрлері бар екендігін атап көрстеді. Мысалы, ата, дене, белбеу, керней , сырнайлар, қаздар және т.б.

Зат есімдердің септіктеріне қатысты теорияны айта келе, алты септігі бар екендігін айтады. Олар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс. Көмектес септігі жайлы айтылмайды.

Осы теориялық мәселелерді көрсете келе, оқушының тілдік қолданысын дамыту мақсатында мынадай тапсырма береді:

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді жекелік айырыстан көптік айырысқа көшірту. Кісі, адам, жан, бас, шаш, маңдай, желке, бет, жүз т.б.

Сонымен қатар зат есімдерде жай қалып және тәуелді қалыптың болатындығын айтады. Мысалы, кілем, жүген, күң, аға, жем және атам, терім, танауым, қойларым, миым т.б.

Сын есім. Сын есімнің 1. Тек сыны. 2. Сыр сыны деген екі түрін атап көрсетеді. Шырайдың 3 түрі бар дей келе, жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай дегендерге түсініктеме береді, жаттығу жұмыстарын береді. Сөздерді құрамына қарай ажыратуды үйрету мақсатында іздету, дағдыландыру сипатындағы жаттығу жұмыстарын береді.

Есімдікте танықтық есімдігі деген қазіргі білім алушыларға бейтаныс термин бар. Бұл – қазіргі болымсыздық есімдігі. «Танықтық есімдігі дегеніміз –

нәрсенің жоқтығын яки анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер» дейді ғалым. Мысалы, hешкім, hештеме, hешбір т.б.

Етістіктегі ең өзгеше дүние – етістер. Ғалым өз еңбегінде етістің мынадай түрлерін көрсетеді: 1. Салт етіс. 2. Сабақты етіс. 3. Ортақ етіс. 4. Өздік етіс. 5. Өзгелік етіс. 6. Беделді етіс. 7. Ырықсыз етіс. 8. Шағыс етіс. 9. Дүркінді етіс.10. Өсіңкі етіс.

Ғалым грамматиканы әдебиетпен байланыстырып оқытуды басты мақсаты етіп алған. Етіс түрлерін талдап көрсету барысында оқушыларға мынадай тапсырма береді:

Дағдыландыру: «Қирағат» кітабындағы мақаланың бірін алып, соның ішіндегі сабақты етістерді көрсеткізу.

Ғалым қазіргі қазақ тіліндегі етістікке қатысты амалдың өту сипатын білдіретін қосымшалардың барлығын етіс қатарында қарайды: -ғыла, -қыла, -ңқыра, -ңкіре т.б.

Райдың да бірнеше түрін атап көрсетеді. Олар: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай. Қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ғалымның рай түрлерін жасалу жолына қарай емес, мағыналық реңктеріне қарай топтастырғанын байқауға болады. Мұнысы әрине, оқушылар үшін жеңіл. Мысалы, ереуіл райға «сұрасаң да бермеймін, сүйресең де ермеймін» деген мысалды келтіріп, сұрасаң, сүйресң дегендерді ереуіл рай деп көрсетеді. Өйткені сұрағанда алу мақсат, сүйрегенде еру мақсат деп көрсетеді. *«Шақырғанда барсамшы!», «айтпасамшы»* дегендерді реніш рай деп көрсетеді. *Тұрғайсың, алғаймын, жатқыз* дегендерді сенімді, *барар ма екем, бармас па екем* дегендерді сенімсіз рай деп келтіреді.

Синтаксиске де қатысты өзіндік пікірлері бар. Ғалым өз еңбегінде сөйлем құрамындағы синтаксистік тұтастықтарды «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. Оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемдерді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады». Ғалым өрнекті сөйлемнің мынадай түрлерін бөліп көрсеткен: *себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым.*

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап А. Байтұрсынұлының еңбектері әлемдік ғалымдардың назарына алына бастады. Ғалымның еңбектерінде тіл танымдық, коммуникативтік тұрғыдан қарастырылды. Кезінде А. Байтұрсынұлы еңбектерінің барлығы тексеріліп, оны оқуға тиым салынып жатқан кезде түркітанушы академик А.Н. Кононов 1974 жылы өзінің зерттеу еңбегінің бір бетін А. Байтұрсынұлының еңбегінің маңыздылығын айтуға арнаған екен. Осының өзі ғалым еңбегінің маңыздылығын көрсетеді. Онан соң 1977 профессор Р. Сыздық ғалымның еңбектері жайлы конференцияда тұңғыш рет баяндама жасайды. Соңынан қауіпсіздік бөлімінің мамандары тексеріп,

«Бұл пікірді қайдан алдың?» дегендерге ол дәлелдеме ретінде А.Н. Кононов еңбегін ұсынған деседі.

1988 жылы А. Байтұрсынұлын ақтау жөнінде комиссия құрылып, ғалымның еңбектерін зерттеу қолға алынғанда ең алғаш болып ғалым, академик Ә. Қайдар мен Р. Сыздық мақала жазған екен.

Ғалым А. Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Тіл-құрал» еңбегінің 1-кітабында тіл мәселесі практикалық тұрғыдан қарастырылды. Бұл кітап сөйлеу мен сөйлемді ажыратуды үйретуге арналған. Кітаптың «Сөйлеу һәм сөйлем» атты бөлімі қазіргі дискурсс деп аталып жүрген мәселеге арналған. Ғалым оны бұл терминмен атамағанымен, берілген тапсырмалардың барлығы тіл дамытуға арналған. Яғни, тапсырмалар арқылы ғалым білім алушыны тіл амалын пайдалануға, пікірін, ойын білдіруге тәрбиеледі. Сөйлеудің адамның психикасына, қоғамдағы орнына, тәжірибесіне байланысты болатындығын баса айтып көрсетті. Ғалымның әрбір берілген тапсырмасынан коммуникативті-прагматикалық мақсатты көздегендігін байқауға болады. Ол ақпараттың барлығын тұтас қабылдауды емес, керегін сұрыптап қолдануды, сөйлесушінің көңіліне әсер етуді мақсат еткен.

Доцент Н. Ильясова: «А. Байтұрсынұлының әлемдік лингвистикадағы әдеби тіл, дискурс, функционалды тіл білімі теориясына тән ұстанымдарды «коммуникативтік-прагматикалық», «семантикалық», «кумулятивтік» деп атамаса да, теориялық тұжырымдары осы мақсатта уәжделіп, XX ғасырдың бірінші жартысында, 1914 жылғы «Тіл – құрал» атты еңбегінде практикалық тұрғыдан дәлелдеп кеткен деуге толық негіз бар» - деп көрсетеді өз зерттеуінде [4,103-104].

Ғалым, ұлт ұстазының ана тілін үйрету бағытында жүргізген жұмыстарының тіл үйренуші үшін, қазіргі тіл ғылым үшін қаншалықты маңызды екендігін жоғарыда келтірілген деректерден байқауға болады. Ғалымның қолданған әдістемелік терминдері дәл қазіргідей ғылыми атаумен аталмағанымен, соның негізін қалыптастырған деуге болады.

Ғалым өз еңбегін жазуда тілді ғылыми тұрғыдан сипаттауға сүйенбеген. Ол тілді практикалық тұрғыдан үйретуді мақсат етті. Сондықтан да бұл еңбек тіл үйренушілер үшін аса қарапайым, түсінікті тілде жазылған. Дегенмен, қазіргі тіл және әдістеме ғылымдары үшін мұның маңызы зор.

Әдебиеттер:

1 Байтұрсынұлы А. Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін // Тіл тағылымы. –Казань, 1920.

2 Байтұрсынұлы А. Тілжұмсар. // Тіл тағылымы. –Қызылорда, 1928.

3 Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы. // Тіл тағылымы. –Қызылорда, 1928. - 382 б.

4 Ильясова Н. филол.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті А.Байтұрсынұлының қазақ грамматикасын анықтап-белгілеудегі ұстанымы әлемдік лингвистика деңгейінде // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.

УДК 94 (574)

ЖИЗНЬ И БЫТ КАЗАХСКОГО НАРОДА НА КАРТИНАХ РУССКИХ ХУДОЖНИКОВ XIX ВЕКА

Гребещенко Е.Ю. – студентка группы 1703-82
Научный руководитель: Агулыкова У.А. – магистр, старший преподаватель
Южно - Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Аталған мақалада XIX ғасырда Қазақстанға түрлі себептермен келген орыс суретшілерінің салған туындыларында сол кездегі қазақ халқының күнделікті өмірі мен болмысы шынайы бейнеленгендігі, жалпы XIX ғасырдағы қазақ ауылдарының әлеуметтік жағдайы мен күй жайы жайлы маглұмат беріп, көрнекті құнды дерек болып табылатындығы қарастырылып, талданған.

Summary

This article discusses and analyzes that the works of Russian artists who came to Kazakhstan for various reasons in the 19th century realistically depict the daily life and life of the Kazakh people of that time, and that they provide information about the social status of the Kazakh auls in the 19th century and are valuable data.

«Казахский народ очень скромен и спокоен, не рисовать, видя их, — это грех для художника» - Т. Шевченко

XIX век можно охарактеризовать как период изменений. Социально-экономические, культурные, территориальные и бытовые потрясения охватили все население Казахстана. Захват земель, изменения в политическом мироустройстве, недопонимание и др. Все это очень сильно повлияло на историю и развитие регионов.

Данное время характеризуется современниками, как эпоха развития и формирования национальной идентичности казахского народа, его уникальности и особенности, которые отмечали русские художники в своих произведениях. Это картины, отражающие жизнь и быт казахского народа такими, какими они были на самом деле.

Очень многие художники часто имели не одну профессию: были они и археологами, преподавателями, искусствоведами, писателями. Когда им доводилось побывать в Казахстане, то каждый отмечал красоту земли, культуру народа, обычаи и традиции великого народа. Художники приезжали на время: по делам, по воинской службе, по вынужденным обстоятельствам или путешествуя через нашу страну.

Чаще всего в качестве топографов, чертежников и даже исследователей, русские художники приглашались правительством для создания произведений искусства, которые должны были отражать культуру и жизнь народов, населяющих различные территории государства. Они в своих работах передают красоту природы: гор, рек и озер, степи и диких животных.

Одним из самых известных художников того времени можно назвать Верещагина Василия Васильевича. Путешествуя по военной службе, он в 1869 году посетил несколько городов Средней Азии, побывал в Семиреченской области, потом написал свой самый известный очерк о Туркестане. Описал историю и быт местных жителей. А его «туркестанская» серия картин насчитывала около 130 полотен. Эти произведения очень высоко оценил и

купил большинство из них Павел Третьяков. Также его работы выставлялись в Лондоне, где посетители выставки были поражены его искусством так красиво рисовать степные пейзажи и людей других стран.

Но не менее интересны работы Тараса Григорьевича Шевченко, получившие высокую оценку Мухтара Ауезова. Дело в том, что художника отправили в ссылку в Казахстан в 1847 году, где ему было запрещено и писать, и рисовать. Но Тарас Шевченко не мог остаться равнодушным к пейзажу и быту казахского народа, к его надеждам и чаяниям. Автор написал 20 повестей и 450 картин. В ссылке было достаточно времени для размышлений, наблюдений за жизнью и бытом казахского народа, который еще сохранил своеобразное кочевое хозяйство в бескрайних степях. Он писал картины про Аральское море, изображал местных жителей. Известны нам такие его произведения как: «Казашка Катя», «Пожар в степи», «Казах на коне», «Одинокое дерево» и др. Эта ссылка стала для Тараса Григорьевича самым плодоносящим временем как в качестве писателя, так и в качестве художника.

Рассмотрим творчество Н. Хлудова. Николай Хлудов - пейзажист, портретист и бытописец родился в 1850 году. Однажды посетив Казахстан, он остался в нем навсегда. Много путешествовал по территории страны, слыл великолепным этнографом, так как точно, чётко, ярко и образно мог передать увиденную информацию на полотно, что послужило источником знаний при изучении нашего региона учёными. Он учил рисовать других, учил чувствовать, передавать естественную красоту увиденного. Его работы, как образец для показа современникам многовековой истории, реалистично изображают всю оригинальность, естественность и достоверность того времени. Одним из его учеников был сам А. Кастеев, в музее имени которого теперь хранятся картины учителя.

Подробнее остановимся на его картине «В юрте».

Картина «В юрте» показывает точное убранство казахского жилища XIX века - юрты. Ее внутреннее оформление со множеством мелких деталей, крупных предметов, людей и их внешнего вида, настроения, художник передаёт во всей красоте, заостряя внимание на каждой детали. Жизнь в юрте

тесно связана с кочевым образом жизни. Обычно в ней обитали несколько поколений. причем у каждого были свои обязанности и зона ответственности. На полу мы видим расстеленные узорчатые паласы, утепляющие жилище.

Люди внутри принадлежат к зажиточной семье. На это указывает богатое убранство юрты, резные сундуки, в которых обычно хранится приданое, ткани, а также рядом лежит меховая шапка. Мы видим яркий образ патриархальной семьи, многоженство. Люди сидят в кругу своей семьи, посередине стоит большой казан для приготовления еды, который символизирует образ сытой жизни, отражает надежды на лучшее. Также интересной деталью картины является женщина на заднем фоне, которая, судя по ее посадке позади членов семьи и вне центра, может быть помощницей по дому. Цветовая гамма картины передана оригинальным образом, подобран каждый оттенок, нет искажений или каких-то замен. Художник преимущественно использовал теплые оттенки, чтобы передать атмосферу теплоты и уюта семейного очага. Каждый занимается своим делом: кушает, шьет, плетет косы. Это говорит о развитом рукоделии, о женских занятиях, об их трудолюбии.

Подводя итоги, можно заметить огромное влияние русских художников-путешественников, которое они оказали на сохранение культуры Казахстана, изображая его на своих картинах. Их работы особенно детализированы и в них можно заметить традиционную одежду казахского народа 19 века, их быт. Также мы узнаем о том, чем люди занимались в то время, как была устроена юрта - жилище казахов. Национальные музеи нашей республики бережно хранят произведения великих художников и стараются, по возможности, приобретать картины современников, в которых можно проследить изменения: климата, условий жизни, быта.

Эти картины и по сей день завораживают своей красотой и привлекают иностранных туристов, коллекционеров, ценителей искусства.

Литературы:

1. Барманкулова Б. История искусств Казахстана / Б. Барманкулова. – Алматы: Маркет, 2006. – 456 с.
2. История казахского искусства. – Т.3. – Алматы: Арда, 2009. – 567 с.
3. «Хлудов в Казахстане». https://vc.videos.livejournal.com/index/player?record_id=980677&player=new&player_template_id=12134
4. Фетисов М. И. Первые русские повести на казахские темы / М. И. Фетисов. Алма-Ата, 1950. С. 80-152; Фетисов М. И. Произведения Даля на казахские темы / М. И. Фетисов // Литературные связи России и Казахстана в 30-50-е годы XIX в. М., 1956. С. 166-172.
5. https://cyberleninka.ru/article/n/traditsionnaya-kartina-mira-kazahov-v-hudozhestvennom-tvorchestve-abylhana-kasteeva

ӘОЖ 7.035

ӘБДІРӘСІЛ ӨСКЕНҰЛЫ ЕЛЖАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әбдіқұл М. - 1403-31 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Арыстанова Ш.С. - ҚР мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассказывается о жизни и творчестве уроженца Южного региона, жителя Чымкента, лауреата Всесоюзного конкурса народных оркестров, домбриста, кюйши-композитора А.У.Елжанова.

Summary

The article tells about the life and work of the native of the Southern region, resident of Shymkent, laureate of the All-Union competition of folk orchestras, dombrist, kuishi-composer A.U.Elzhanov.

Оңтүстік өңірінің тумасы, жерлесіміз Шым қаламыздың тұрғыны Бүкілодақтық халық оркестрлер байқауының лауреаты, домбырашы, күйші-композитор Әбдірәсіл Өскенұлы Елжанов.

Күй өнерінің құдіретін тілмен айтып жеткізу қиын, күйдің сиқырлы сазы адам баласын түгел баурап алатын, тылсымы мол дүние. Күйші сазгермен жеке сұқбат - әңгіме арқылы адами болмыс - бітімімен ой - түйсін дәреесін анық аша білген. Жалпы, санаға сөз әуенмен жетсе, оған дәнекер - домбыра. Қос ішекті ұлттық аспап баяғы заманнан осы кезге дейін қазақты рухтандырып келе жатқан құдыретті құралын сазгер өз мұрагерлеріне табыс ету жолы насихатталған. Сонымен, үлкен өнердің иесі әндері мен күйлері республикамыздың өнерсүйер қауымына белгілі Әбдірәсіл Елжанов Өскенұлы жайында болмақ. Композитор Сыр өңірінде 1938 жылы дүниеге келген. Сазгер Сыр өңірінің сол кездегі күйші атанған Үрзада есімді кісіге қойдырған. Әкесі Елжан ақсақал ұлын күйші болады деп ат шаптырып, бүкіл Монтайтас ауылына кішігірім той-шілдехана жасаған. Күйші-композитордың анасы да өнерден құр алақан емес еді. Ол кісі он саусағынан өнері тамған киелі қол өнер иесі болған.

Әбдірәсіл Елжанов - Шымкент қаласындағы Ж.Омарова атындағы музыка мектебінде домбыра пәнінен жас бүлдіршіндерге дәріс берген күйші, сазгер «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі». Республикалық «Жаңа ғасырға жаңа ән мен жаңа күй» атты әуесқой сазгер байқауының Бас жүлдегері. Композитордың 70-тен астам әндері мен күйлері музыкалық колледж және балалар музыка мектептерінің репертуарларына еніп, өз орындаушыларын тапқан. Жас кезінен әнге, күйге құштар болып өскен. Сол құштарлық композиторды үлкен өнер жолына бағыттады. 1954 жылы Ташкенттегі музыка училищесіне оқуға түсіп, ұлы композитор, қазақ вальсінің патшасы - Шәмші Қалдаяқовпен бір топта бірге оқыды. Училищеде профессор В. Васильевтен (домбыра) прима пәні бойынша дәріс алған. 1959 жылдан бастап Жамбыл мәдениет училищесінде мұғалім болып қызмет істей жүре, училищенің қазақ, орыс ұлт-аспаптар оркестрінде өзінің үлкен шығармашылық еңбегімен көзге түскен. Сол жылдары училищеге уақытша тәжірибе жинауға келген қазақ халқына белгілі өнер қайраткері, профессор М.Әубәкіров

Алматы қаласына Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестріне алып кетті. Оркестрде прима партиясының бірінші пультінде отырып шеберлігімен танылды.

1964 жылы Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан өлкелік «Шалқыма» ансамблі құрылса, осы ансамбльдің іргесін қалаушылардың бірі болып, 1967 жылдан бастап ансамбльдің музыкалық жетекшісі қызметін атқарды. Ұлан - байтақ республикамыздың түкпір-түкпіріндегі өнерсүйер қауымды, еңбекшілер мен малшыларды өнер ләззатымен сусындатты. 1974 жылдан бастап Жетісай қаласындағы педагогикалық училищесінің музыкалық бөліміне жетекшілік етіп, қалалық мәдениет бөлімі жанынан құралған «Мереке» ансамблінің белді мүшесі болды. Осы ансамбльде жүріп Бүкілодақтық халық оркестрлері байқауында лауреат атанды. Әбдірәсіл Елжанов бірінші рет өз өнерін сазгер ретінде 1989 жылы Төлеби ауданы (бұрынғы Ленгір) Бірлік ауылында әуесқой композиторлар мен әншілердің облыстық байқауында көрсетті. Бұл сәт композитор үшін естен шықпас сәт болды. Бұл байқауда Әл-Фараби мәдениет институтының аға оқытушысы, әнші Сабира Тайлыбекованың орындауында Әбдірәсіл Елжановтың екі әні: «Сен сұлу», «Аңсағаным» сөзі Орал Бекболатовтікі. Осы байқауда көрермен көпшіліктің ілтипатына ие болып дипломат атанды. 1990-1992 жылдары тамыз айында облыстық дәстүрге айналған халық шығармашылығы ұйымдастыруымен «Темірлан-90» - «Темірлан-92» ән мерекесі мен байқауы өткізілген. Бұл байқауда композитордың «Келді ару-ай» әнің орындаушы Ж.Жазықбаева көрермендердің көңілінен шығып заттай сыйлыққа ие болса, келесі жылы «Темірлан-92» ән мерекесінде «Аққулар» әнін орындаушы Т.Асанов халық және қазылар алқасының назарына ілініп жүлделі I орынды жеңіп алды. Әндері мен күйлері баспаларда жариялана бастады. Жалпы, соңғы жылдар көлемінде композитордың туындылары өзінің шығармашылық деңгейімен халыққа, әсіресе өнерсүйер қауымның іздеп тыңдар әндері мен күйлеріне айналып жүр [1].

Сазгердің қандай бір шығармасы болмасын, жан дүниесі мен жүрегін жарып шыққандықтан болар, жас сәбидей аялайды және өзінің табиғатына жақын адамдарына арнайды. Мысалы: «Әке мерейі» өзінің ардақты әкесіне арналса, «Қыз жорға» немесе «Қос ішек» күйі профессор М.Әубәкіровке, «Өз елім» Шәмші Қалдаяқовқа, «Көркем жеңгем» әні Жамал жеңгесіне арналады. Ал «Ордабасы толғауы» мен «Үш көкше» күйлері қазақ зиялыларына бағытталған. Одан басқа, «Еркіндік» Республика күніне арналса, «Серпіліс» күйінде қазақ халқының ЮНЕСКО-де Абайды таныстырып өтуі, ал «Қасым ханның қасқа жолы» күйі, қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуына 530 жылдығына арналса, «Жас толқын» хирург қыз Базарбаева Гүлстанға тарту, «Қоңыр қайың» күйі Жетісу өңіріне арналса, «Анама» күйі дүнеге алып келген анасына деген алғысын білдіруде шығарылған.

Қазақтың кең даласын көмкерген биік аспан әлемінің төріне қарай самғайтын әуені бар композитор шығармалары - жастардың бойына сіңіруге тиісті эстетикалық тәрбиенің ең бір құнды бөлігі.

Үлкен өнердің иесінің туындылары лирикалық әндері мен тарихи күйлері республикамыздың өнер сүйер қауымына танымал. Композитор 1954 жылы Ташкентте музыка училищесінде Шәмші Қалдаяқовпен бірге оқып, Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінде еңбек жолын бастағаны баяндалған.

Сазгердің лирикалық әндері ел мен өз тағдыры, халық тарихында орын алған. Композитордың қандай бір туындысы болмасын жан дүниесінен жүрегін жарып шыққандықтан болар, жас сәбидей аялайды және өзінің жүрегіне жақын адамдарына арналған жайлы мәліметтер берілуде. «Әке мерейі» өзінің ардақты әкесіне арналса, «Қос ішек» күйі профессор М.Әубәкіровке, «Өз елім» Шәмші Қалдаяқовқа, «Үш көкше» табиғат бейнесі, «Ордабасы толғауы» мен «Көктің ұлы» күйлері қазақ зиялыларына арналса «Еркіндік» күйі Тәуелсіздік күніне арнаған өз тағдырын қос ішек кебайлаған сазгер.

Халықтық өнеріне зор үлес қоса отырып, отансүйгіштік пен елжандылықтың биік өнегесін паш етер азаматтың еңбегін үлгі тұтуға, мысал ретінде бағытталған [2].

Әбдірәсіл Елжановтың қызы Елжанова Гүлфайруз Әбдірәсілқызы 1993 жылы өзінің дипломдық жұмысы ретінде күйді оркестрге лайықтап өңдейді. Гүльфайруз кішкентайынан музыкаға бейімделіп, әке жолын таңдайды. Домбыра, қобыз, жетіген тағы да басқа аспаптарды меңгеріп, әкесінің күйлерін жарыққа шығарып таныта түсті, ал кенже ұлы Елжанов Нұркен Әбдірәсілұлы қыл қаламды қолына алып, күйді қағаз бетіне салумен қос өнерді ұштастырады.

«Үш Көкше», «Еркіндік», «Қос ішек», «Көктің ұлы», «Әке мерейі», «Анама», «Ордабасы толғауы», «Қыз жорға», «Серпіліс» т.б. күйлері өзінің төл тыңдаушыларын ең алдымен дыбыстың тілімен баурайды. Күй түсінетін тыңдаушы сол күй өзегіндегі ойға орай алуан түрлі сезім мен әсерге бөленеді.

Сазгер Әбдірәсіл Елжанов өмір бойы домбыраның құлақ күй бұрауына қатаң мән берген. Домбыраға арналған туындыларын өнерлі шәкірттері көптеген республикалық өнер байқауларында орындаумен биіктен көрінуде.

Күй өнерінің табиғи болмысын жетік меңгеріп, терең сезіне білген Әбдірәсіл Елжанов - өзіндік үні мен қолтаңбасы бар, биік көркемдік деңгейге көтерілген бүгінгі таңдағы бірден бір өнер иесі.

Әбдірәсіл Елжановтың күйлері болашақ ұрпағымызға, келешек орындаушыларға жалғасып, жастарға беретін музыкалық-эстетикалық тәрбиелік мәні өте зор деп есептеймін.

Әдебиеттер:

1. Ә.Ө.Елжанов «Оңтүстіктің 100 күйі». «Қазығұрт» Қазыналы Оңтүстік бірлестігінің» 2014 ж.

2.Н.Т.Ризабек., Г.Ә.Елжанова «Ұстазға тағзым». Шымкент 2022ж.

УДК 78.01

Л.Ван БЕТХОВЕННІҢ ФОРТЕПИАНОЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Тұрсынбекқызы Ш. - гр. 1403-11
Научный руководитель: Куленова И.М. - к.ф.н., и.о.доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются вопросы художественной интерпретации мучших образцов фортепианных сонат Л.ван Бетховена.

Summary

In this article authors consider questions of art interpretation the best piano sonatas of L.van Beethoven.

Музыка жанды өнер ретінде барлық іс-әрекеттің бірлігі нәтижесінде туып, өмір сүреді. Олардың арасындағы байланыс музыкалық бейнелер арқылы жүзеге асады. Композитордың санасында музыкалық әсер мен шығармашылық қиялдың әсерінен музыкалық бейне туады, ол кейіннен музыкалық шығармада бейнеленеді. Музыкалық бейнені тыңдау, яғни музыкалық дыбыстарда бейнеленген өмір мазмұны музыкалық қабылдаудың барлық басқа қырларын анықтайды. Басқаша айтқанда, музыкалық бейне - бұл музыкада бейнеленген бейне (сезімдер, тәжірибелер, ойлар, бір немесе бірнеше адамның әрекеті; табиғаттың кез келген көрінісі, адамдардың, адамзаттың өміріндегі оқиға ... т.б.)

Музыкалық образ - бұл мінездің, музыкалық-экспрессивтік құралдардың, жасалудағы қоғамдық-тарихи жағдайлардың, құрылыс ерекшеліктерінің, композитор стилінің жиынтығы.

Музыкалық бейнелер:

-лирикалық – сезім, түйсік бейнелері;

-эпикалық - суреттеу;

- драмалық - образдар-конфликттер, қақтығыстар;

- ертегілік - образдар-ертегілер, шынайы емес;

- күлкілі және т.б.

Музыкалық тілдің ең бай мүмкіндіктерін пайдалана отырып, композитор белгілі бір шығармашылық идеяларды, сол немесе басқа өмірлік мазмұнды қамтитын музыкалық бейне жасайды.

19 ғасырдағы Вена мектебінің ең ірі өкілі, тамаша Моцарттың мұрагері Людвиг ван Бетховен (1770-1827) болды. Оны сол кездегі композиторлардың алдында тұрған көптеген шығармашылық мәселелер, соның ішінде фортепиано өнерінің одан әрі даму мәселелері: ондағы жаңа бейнелер мен экспрессивті құралдарды іздеу қызықтырды. Бетховен бұл мәселені шешуге айналасындағы виртуоздарға қарағанда теңдесі жоқ кең позицияда келді. Оның қол жеткізген көркемдік нәтижелері өлшеусіз маңызды болып шықты.

Балалық шағында Бетховен жалпы музыкалық дарындылық пен импровизация қабілетін ғана емес, сонымен қатар пианистикалық қабілеттерін

де көрсетті. Баланың талантын пайдаланған әке баласын техникалық бұрғымен аяусыз қинаған. Бала сегіз жасында алғаш рет көпшілік алдына шықты. Бастапқыда Людвигтің жақсы мұғалімдері болмады. Тек он бір жасынан бастап ағартушы музыкант және тамаша ұстаз Х.Г.Нефе оқуға жетекшілік ете бастады. Кейіннен Бетховен өте қысқа уақыт ішінде Моцарттан сабақ алды, сонымен қатар Гайдн, Сальери, Альбрехтсбергер және басқа да музыканттардың жетекшілігімен композиция және музыка теориясы саласында жетілдірілді.

Бетховен кез келген тақырыпты сарқылмас тапқырлықпен импровизациялайтын тамаша виртуоздық пианист болды. Бетховеннің концерттік қойылымдарында күшті, алып табиғат және экспрессияның орасан зор эмоционалдық күші болды. Бұл 18 ғасырда танымал камералық салон стилі емес, музыкант тек лирикалық ғана емес, сонымен бірге монументалды, қаһармандық бейнелерді аша алатын үлкен концерттік сахна болды. Бетховеннің даралығы алғаш рет дәл фортепианолық шығармаларда ашылды. Ол қарапайым классикалық фортепиано стилінен бастады, әрімен қарай көбінесе клавесин ойнау өнерімен байланысты және қазіргі заманғы фортепианоға арналған музыкамен аяқталды.

Бетховен өзінен алдындағылар көрсеткен жанрларда жұмысын жалғастырды. Алайда оның белгілі формалар мен жанрларды түсіндіруі үлкен еркіндікпен ерекшеленді. Бетховен уақыт пен кеңістікте өз шегін ығыстырды деп айта аламыз. Егер симфония саласында ол өзінің монументалды идеяларын жүзеге асырса, фортепианолық музыка оның тікелей мәлімдемелерін, өмірлік бақылауларын жазып алатын күнделік түрі болды. Сондықтан оның сонаталарында композитордың ішкі жан дүниесі толық ашылады. Бетховеннің фортепианолық сонаталарын шағын симфониялар деп атауға болады. Оларда бір екпін, бір революциялық құмарлық, бір күреске шақыру бар. Фортепианолық сонаталардан композитордың қалыптасу жолын байқауға болады. Бетховен өмір бойы, шығармашылығының әртүрлі кезеңдерінде 32 соната жазған. Олар композитор шығармашылығының екі принципін көрсетеді: белсенді, драмалық, жаңа формалар мен әдістерді іздеуге жетелейтін және философиялық, ойшылдық. Рас, олардың арасына шекара сызу қашанда қиын, олар бір-бірімен астасып, бірінің үстіне бірі қабаттасып жатқандай.

Бетховеннің фортепианолық сонаталары идеялардың азаматтық мәні жағынан симфония деңгейіне көтеріледі, симфониялардан еш кем түспейді. Олардың бейнелі әлемі таңғаларлық сан алуан. Мұнда бүлікшіл екпіндер лирикалық конфессиялармен, табиғат суреттерімен философиялық ой толғау сәттерімен, қатал «өлімпаз» бейнелермен, өмірді растайтын қаһармандықпен трагедиялық қақтығыстармен қатар өмір сүреді. Бетховен фортепианолық музыканың эстетикалық шекарасын едәуір кеңейтіп, оны қаһармандық күрес бейнелерімен, барлық кедергілерді жеңетін рухани күштердің шекті шиеленістерімен байытты. Бетховен сонаталарының бейнелері уақыт өте келе сыртқы мәселелерден толығымен алшақтап, субъективті тәжірибелерге, адамның өзімен ішкі диалогтарына ауысады. Бетховен музыкасының жаңашылдығы бағдарламамен байланысты, яғни әрбір шығармаға белгілі бір

Жазушының «Мейірім» деп аталатын әңгімесінде кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі қаншалықты дос болсаң да барлығын білу мүмкін еместігін көрсетеді. Себебі, жұрттың барлығы мейірімсіз, қатыгез деп санаған кейіпкердің шын мәнінде жүрегі кең, аққөңіл, нағыз мейірімді жан екенін кім білген? Соған қарай, әңгіме соңында жазушы осы сияқты әлемде бұдан да көп қаншама жақсылықтар үнсіз жасалып жатқандығынмен аяқтайды. Бір жағынан осы кезде «Оң қолың бергенді, сол қолың білмесін» дегенді де ұмытпаған жөн. Себебі қазіргі кезде қайырымдылық деген қасиетті бетперде қылып киіп алатындар көбейген. Бір іс жасаса, оны жұртқа жайып көрсету, тіпті, сәнге айналғандай. Осы тұста нағыз шынайы мейірімділік жүректің түбінде болады, оны екінің бірі көре алмайды дегенге шынымен де сенесің.

Оқырманға өмірлік тәжірибесінен сыр шертіп, адамның қолынан келмейтін ештеңе жоқ екендігін түсіндіретін, адамға ой сала білетін жазушының жаңа сарындағы өзгеше бір туындысы – «Көктем. Ақбұлақтар» деп аталатын әңгімесі. Шығармада Ақбұлақ ауылының тумасы, кәсіпкер Мейіржан Асқаровтың балалық шағы мен оның жүріп өткен жолы баяндалады. Өзі туғаннан кедейліктің ащы дәмін татып өскен баланың жалғыз арқасүйері апасынан айырылып қалуы кішкентай баланы тым есейтіп жіберген еді. Қанша қиналғанымен, қала өміріне біртіндеп үйренісіп, өзін білім саласында дәлелдеп, қатарластарынан оқ бойы озып шыға келді. Ғылымның арқасында бизнес ашып табысқа жетсе де, қарапайымдылықтан бір елі алыс аттаған емес. Әрдайым қайырымдылықпен айналысып, бір бүлдіршіннің арманын орындап, оның болашағына жақсы жағынан әсер ете алсам соның өзі бір ғанибет емес пе деп жүрген азаматтың пәк көңілді балалардың арманын тыңдап, өзінің балалық шағындағы хикаялармен бөлісуі де балалардың арманына қанат бітірді. Оған қоса қоғамдағы әділетсіздіктерді де шығармада айта кеткен. Мысалы, «Ауылдың әкімі Жақсылық аға нашар отбасыларға деп өкіметтен бөлінген ақшаны, жағдайы жақсы болса да өзінің туыстарына бөліп беріпті деп айтып жүр елдің бәрі. Участковыймыз да ауылдағы тентек ағалар әншейін текетіресіп қалса болды қаматамын деп қорқытып, бір-бір қойдан алып алады» [1,169 б] деп ауылдағы парақорлықты балалардың хаты мен уәжі арқылы жеткізеді. Шығарма соңында басты кейіпкер Мейіржан қолынан келгенше барлық балалардың арман-тілегін орындап, болашақта олар да барлық мақсат-мұраттарына жете алатындығын айтып аяқтайды. Шығарманы оқып, адам атаулының қолынан келмейтін ешнәрсенің жоқ екендігіне тағы бір рет көз жеткізуге болады.

Қаншама адамның сан қилы тағдыры, сан түрлі мінездерді тоғыстыра білген жазушының өзіндік стилі оның шығармашылығынан ерекше сезіледі. Қысқа ғана әңгіменің аясына қаншама қоғамдағы мәселелерді адам жанының ішкі жан дүниесімен астастыра отырып, оқиға желісін бұзбай, күтпеген бұрылыстармен қорытындылап оқырманына жеткізіп отырады. Оның үстіне заман ағынына ілесіп, бүгінгі таңда маңызды саналған оқиғаларды да әңгімесіне қосуды ұмытпайды. Сондай туындыларының бірі - «Бізді адам қылған кәртүшке» әңгімесі. Шығармада жалпылама балалық шағы тұтастай картоппен байланысты болған кейіпкердің есейе келе картоптан бас тартып жемей қоюы, кейіннен өз қателігін түсініп осы картоптың арқасында адам болғанын ойлануы баяндалады. «Не нәрсені көп жесең, содан шығып қаласың дейді ғой. Біз сол кәртүшкеден шығып қалғанбыз. Тамақ жесем де кәртүшкесі жоғынан жегім келіп тұрады. Бүгін келіп сорпа іше қояйыншы деп едім, аспаз қарындас ішіне бір тал кәртүшкені сүңгітіп жіберді. Сорпа ішіп болғанда қарасам, кәртүшке ғана қалыпты. Сол кәртүшкеге қарап отырып, ойладым. Бізді адам қылған осы кәртүшке емес пе» [4,52 б]. Кейде адамдар пендешілікке салынып өздерінің қайдан шыққанын ұмытып жатады. Соның әсерінен қанағатшылдық сияқты қасиеттерінен де айырылып жатқандар аз емес. Байлықтың соңынан қуған адамдар өз Отанынан, өз достарынан, өз тілі мен мәдениетінен, тіпті, өз отбасынан да бас тартып жатады. Бұл қазіргі біздің қоғамның басты проблемасы десек қателеспейміз. Осы шығарманы оқи отырып, адам өзінің түп тамырын ешқашан ұмыпау керек, себебі адам өз өткенімен ғана қазіргі нұсқасының үздігі екенін есте сақтағанымыз жөн. Осы тұста қазақ әдебиетіндегі танымал кейіпкер Аяз бидің Жаман болғандағы шапанын төрге іліп қойып, сол шапанға күнде қарау арқылы тәубеге келгені еске түседі. «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деген сөз осы шығарманың басты идеясымен сәйкес келетіндей.

Әдебиеттер:

1. Сарыбай Б. Мейірім. Әңгімелер мен хикаяттар. – Астана: Фолиант, 2014. – 256 б.
2. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 160 б.
3. Сарыбай Б.Ақтабан – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2021. – 240 б.
4. Сарыбай Б.Мен романтик емеспін – Алматы: BRK press, 2019. – 244 б.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Арынбаева Д.Ж. - магистр-оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Статья представляет собой обзор истории изучения казахского языка и его развития на протежении последних веков. Особое внимание уделено работам казахских ученых, которые внесли значительный вклад в исследование и развитие казахского языка. Автор так же описывает современное состояние казахского языка и его роль в современном обществе.

Summary

The article is a review of the history of the study of the Kazakh language and its development during the last centuries. Particular attention is paid to the works of Kazakh scientists who have

made a significant contribution to the study and development of the Kazakh language and its role in modern society.

Қазақ тілінің жеке бірлік есебінде туындауы мен қалыптасуы жалпы тіл әлемінің құрылымдалуы мен қалыптасуынан тыс жүре алмайтын, әлемдегі қолданыстағы және қолданыстан тыс қалған тілдердің болсын жалпысын қамтитын жапы тіл білімінің құрылымдалуы мен қалыптасуы, өркендеуі мен дамуы және тығырыққа тірелуі секілді нысаналы-объективті құбылыстармен, соның ішінде түркі халықтарының құрамында болғандықтан түркітану деп танылатын ауқымды да аясы кең ғылым саласының арнасында біргелікте қарастырылып, сол арнадан толқи ағып тулап күн кешіп жатқан табиғи әрі нақтылы халықтық құбылыс ретінде танылады және осы бар қалпы бойынша зерделеніп, сол арқылы тілдік дамудың өткен замандардағы кешегісі мен нақтылы өмір жағдайындағы бүгінгі хал-ахуалы сараланады және осы негіздерге сүйене отырып жақын әрі қашық болашақтағы болуы ықтимал жағдайлары мен жайттары қарастырылады дегенде, Қазақстанды мекен ететін және одан тысқары аймақтарда тіршілік ететін тұрғындардың түркілік кезеңдерден бері тамыр тартып таралып келе жатқан төл тілдері, сөйлесу және ұғынысу құралы ретінде өз міндетін атқарудан қалыс қалмаған және бүгінгі күнгі замана талаптарына орай құбылып, түрленіп, толығып, дамып, тірі тілдерге тән барлық өсу барыстарын айқын аңдатып келе жатқан тілдік бірлік ретінде көңіл бұруға әбден лайықты және солай болуы тиесілі құбылыс ретінде мойындалады.

Түркітілдес халықтардың бірі болып саналатын қазақ халқының өз әдеби және мәдени көзқарастары мен құндылықтары тарихи өткен кезеңдерден бастауын алып, кезең-кезеңдерде орын алған саяси және әлеуметтік құбылыстар мен өзгерістерді ескере отырып бейімделу барысынан өткені, бұл жолда кейбір кезеңдерде барынша толығып, түрленіп, толысқан сәттері бар болса, енді бір дәуірлерде қолданыс аясы барынша тарылып, билік иелерінің ұстанған саясаттары мен бағыттарына орай даму қарқыны бәсең тартып, шынайы және әділ бәсекелістік жағдайында өзінің бар қарқыны мен екпінін айқын көрсетуге мүмкіндігі болса да сондайлық жағымды ортаның қалыптаспауы салдарынан жинақтаған ғасырлық байлығы мен тіршіліктің талай тауқыметінен аман жетіп келген тіршілікшілдігін, жасампаздығын өз деңгейінде жарыққа шығара алмастай қыспақталған кездерді де басынан өткергені жасырын емес. Мұның мысалын іздегенде X-XI ғасырларға көз салып, дін Исламның таралуы мен ел арасында мойындалуының әсерінен араб мәдениеті мен тілі және жазба үлгісі кеңінен қолданысқа алынып, сол кезеңдерде ғылым мен білім таралуының негізгі бағдары ретінде билеушілер тарапынан оң көріліп келгені тарих беттерінен белгілі. Әлбетте, бұл арқылы бүкіл түркі ұрпағы арабтанып кетті немесе басқа тілдер ұмытылып, жойылуға ұшырады деген тұжырымды жасай алмаймыз, ол дәуірлерде де түркі тілінде жазылған және жарық көрген жауһар туындылар жетерлі. Әйтсе де, төл тілдің тумысынан өзіне тән шырайы көзге ұрып, шырағы жарқырай жағылауына белгілі деңгейде қарсы ықпалы болғаны жайлы пайымды сөзге ілмей өту

мүмкін еместей. Мұнымен қоса, қазақ тілінің тарихы мен табиғатына парсы тілінің де қосқан құрамдас бөліктері мен жасаған ықпал-әсерлері мол болғаны даусыз. Мұны тілдік қорымыздағы тұтастай қабаттан тұратын араб-парсы сөздерінің сандық көрсеткіштерінен және әлі күнге дейін қолданыстағы сөздердің арасында парсытекті және парсытүбірлі сөздер мен сөзжасам жүйелерінің қолданылып келе жатқанынан анық аңғара аламыз.

Мұндай мысалдың келесі бір кезеңінің біздің күндерімізге жақын тұстағы тағы бір көрінісі ретінде кеңестік дәуірдегі қазақ тілінің қалыптасу және даму тарихи жолынан байқауға болады. Ұзақ уақыт бойы халық тарапынан пайдаланылған және ел арасында үйреншіктіге айналып үлгерген төте жазу үлгілерін ескіліктің сарқыншағы ретінде қарастырып онымен күреске кіріскен кеңестік идеологиялық және саяси бағыт қоғамдағы таным мен білім жүйесін құрап келген негіздердің бірі – әліпбилік жүйені өзгертіп, төте жазуды тоқтатып, оның орнына кирилше әріптерді енгізді және осы әріптердің нақтылы өмірде қолданылуына байланысты туындайтын талаптарға сәйкес тілдің жаңа заңдылықтары мен қағидаларын оқытуға шешім қабылдады. Бұл, әлбетте, өз кезегінде қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне, фонетикалық, морфологиялық құрамдарына әсер етпей қалған жоқ. Сол кездегі жаңашыл саналған саясаттың талабына орай қазақ тілінің тарихи жолы мен тілдік табиғаты тағы да өзгеріске ұшырап, жаңаша қағидалар мен ережелер жағдайына бейімделуге мәжбүр болды. Мұның нәтижесінде оқылым, жазылым, айтылым секілді салаларда тілдің болмысы белгілі деңгейде табиғи үндестігі мен құрамдастығынан айырылып, түбегейлі жойылып кетпесе де, түп-төркінінен бермен қарай бойында болған түркілік сипаттарының өңі солғынданууына әкеліп соғып жатты. Мұның есебінен жекелеген сөздердің түбірлері мен түпкі мағыналары көмес тартып, оның орнына тың қолданысқа орай жаңа, кейінгі, қосымша мағыналар мен мәндер үстеліп, ілкі мазмұны ұмытылуына, сол арқылы тілдің тарихи тамырымен болатын сабақтастығы әлсіреуіне тіпті кейбір жағдайларда мұндай нәзік те сезімтал сабақтастық жіптері түбегейлі үзіліп қалуына жеткізіп те жатқан жағдайлары болғаны зерттеушілердің назарынан тыс қалып қоя алмады.

Патшалық Ресей кезеңінен бастап Кеңестік құрылым замандарындағы қазақ тілінің сөздік қоры орыс тілі негізіндегі жаңаша сөздермен және мағыналармен толығып, түрлене бастағаны белгілі. Мұндай сөздік бірліктердің басым бөлігі сол дәуірде ілкімді болып саналған ғылыми жетістіктер мен техникалық және құрал-жабдықтық атауларға байланысты болғанымен, мұнан бөлек саясат пен қоғамдық мәселелерге, әдебиет пен мәдениетке, күнделікті тұтынатын заттар мен жабдықтарға байланысты да тың сөздер қазақ тілінің құрамына ентелей еніп, халықтың қолданысына бірден болмаса да біртіндеп белең алып беделденуге айналғаны бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда айқын көрінеді. «Орыстың сөзін оқып, ісінен үлгі үйренуге» үндеген данышпан Абай Хәкімнен бастап одан бергі жазушылар мен қаламгерлер, қоғамдық қайраткерлер секілді қазақтың арынды да дарынды тұлғаларының жазбалары мен сөздерінен сол дәуірлердегі заманауи болып саналған орыс айтылымындағы жаңаша сөздердің қолданысы мол болғандығын көреміз. Абай шығармашылығында еркін

пайдаланылып, өлеңдерінің өрімдеріне араласып алған орыстекті сөздердің қазақы өлең шумақтарымен біте қайнасу, халықтық тіл табиғатының тамырына жабысып соның нәрімен өз тіршілігін қамдауға құлшыну барысы поэзиялық және поэтикалық бағдармен шектеліп қалмады, бәлки қара сөз саласында да көрініс тауып, қазақ қаламгерлері мен публицистерінің жазбаларында өздеріне орын тауып жақсылап жайғасып алғаны да көзі қарақты оқырмандарға, тіл тарихы мен болмысын зерттеуші мамандарға әбден мәлім жағдаятқа айналды.

Қоғам мен қоғамның араласуы тілдік бірліктердің не әрі, не бері ауысуымен біргелікте жүретін күрделі де күрмеулі үдеріс екенін ескерсек, бұлай болуы заңды да секілді көрінетін тұстары жоқ емес. Тілдің байлығы оның құрамының молдығымен және алуандығымен, жаңа сөздік бірліктерді қабылдауға және оны өз табиғатына бейімдей алу қабілетімен тікелей байланысты екені де рас жағдай. Бұл орайда қазақтың қарымды қаламгерлері мен шығармашылық иелеріне, ұстаздықпен айналысқан тұлғалары мен қоғам қамын күйіттеген қайраткерлеріне көп алғыс білдіру орынды болары сөзсіз. Қоғамның жаңаша сауаттануы мен тыңнан ойлай алуына үлестерін қосып еңбектерін сіңірген, қызметтерін өткізген тұлғалар қазақ тілінің даму және әлемдік тілдер тұғырларының аясында өз орнын жоғалтпай сақтау және иелігінде бар орнын бекемдеу тұрғысында айтулы шараларды жүзеге асырып өтті.

XIX ғасырдың соңғы кездері мен XX ғасырдың басқы шенінде өрістей бастаған баспа ісі саласының жолға қойылуы да тілдің келешектегі тағдырына өз ықпалын тигізген жайттардың бірі болды. Өйткені, жазба нұсқаларға шектен тыс мән қойылмаған кездерде сөйлеу тілі қалауынша еркін, кейде қалыптасқан арнада өрбісе, бірде ол қалыптан ауытқып жергілікті айтылымдар мен қолданылымдарға орай құбылып, түрленіп жүре баратын болса, баспа ісінің қолға алынып, кітаптар мен газет-журналдарды басып шығару шаралары тілдік құрам мен қолданыстың барынша бірізді, бірсарынды, заңдылықтары мен қағидалары ұғынықты, қолданылуы түсінікті болуын талап ете бастады. Бұл ретті әдеби тілдік қолданыс пен ауызекі тілдік пайдаланудың арасында барынша айқындап, айтылым және жазылым заңдылықтарын жүйелеу қажеттілігі барынша айқын көрініс берді. Осы тұста қазақ тілі біліміне сіңірген А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов секілді қазақтың қайсар да қажымас ұлдарының, біртуар дара тұлғаларының еткен еңбектері мен қылған қызметтерін айрықша атап өту орынды болар еді.

А.Байтұрсынов қазақ тілінің тарихи кезеңдерінің қайсыбірін алғанда да бүгінгі күннің өлшемімен жасалған алғашқы ғылыми туынды ретінде қарастырылатын дүниені жасап шығаруымен ерекшеленді. Ол оның қаламынан туындаған «Тіл – құрал» аталатын кітабы болатын. 1914 жылда Орынборда баспа көрген бұл туынды қазақ тіліне тән ерекшеліктерді барынша екшеп, қазақ тілі кең жайылған түркі әлемінің құрамдас бөлігі екенін нұсқайды және қазақ тілінің, әдебиетінің ғылыми негіздері болып саналатын танымдық және ұғымдық жүйені – терминдер мен атаулар жүйесін туындату және қалыптастыру шараларын қамтиды, тілдің тарихына соғып өтеді, сөздердің қолданылу орындары мен ерекшеліктерін екшейді, бағдарға алынған белгілі сөздердің мәні мен мазмұнын ешкеп түсіндіріп өтеді, әліпби мәселесін

қарастырады, қоғамдық құрылымдағы тіл білімінің басымдықтары мен маңыздылықтарын саралайды. Осы арқылы А.Байтұрсынов тұлғасы қазақ тілінің ғылыми негізін салушы және қалыптастырушы ретінде құрметке бөленеді және әрдайым қазақ халқының биігінде орын алып қала береді.

Қазақстан кеңестік құрылымның құрсауынан босап, өз тәуелсіздігін жариялап, егемендігін еңсерген тұста барынша еркіндік алған қазақ тілінің тағдырында тіршілік үшін күрес секілді көрінетін келесі бір бәсекелестік кезеңі басталғаны сөзсіз. Зер салып қарағанда XXI ғасырдың ақиқаты болып табылатын тұтастай жаһандану және әлемдену барыстары елдердің өзара ынтымақстастығы мен түсіністігі, өзара сыйластығы арқылы жүзеге асып жатқан секілді көрінгенімен, екінші жағынан халықтардың мәдени және әдеби әлемдері өз үстемдіктерін орнатуға, беделділіктері мен басымдықтарын білдіруге бағытталғаны да аңғарылып жататыны жасырын емес. Әсіресе, кейінгі уақыттарда кеңінен тарап, қоғам тарапынан жаппай қолданысқа алынған әлеуметтік желілер торабы, кино өнері секілді мәдени құрылымдар тілдің құрамы мен құрылымына, оның ішінде қазақ тілінің тағдыры мен тіршілік ету арнасына елеулі деңгейде ықпал жасап отырғаны айқын шындық. Бұл құбылыстарды қазақ тілі тарихының заманауи немесе ашық бәсекелестік жағдайындағы жаңаша кезеңі деп қарастыруға болатын секілді.

Әдебиеттер:

1. Ғ.Айдаров, М.Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971.
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1996.
3. Хусаинов К.Ш. «В.В.Радлов и казахский язык». –Алма-ата, 1981.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991.
5. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1998.

ӘОЖ 37.02:785

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мырзахмет А. -1403-11 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Таубаева Р.К.-Қ.Р. Мәдениет саласының үздігі.аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются возможности эстетического воспитания через музыкальное наследие Абая Кунанбаева

Summary

This article discusses the possibilities of aesthetic education through the musical heritage of Abai Kunanbayev

Абай Құнанбайұлының әндері қазақ халқының ұлттық өнерінде ерекше орын алады.Абайдың музыкалық мұрасы туралы айтатын болсақ, ұлы ақын, ағартушы, философ құнды музыкалық мұралар қалдырды. Өлеңдері мен қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізілді, ал музыкалық шығармаларда мұндай мүмкіндіктер болған жоқ. Олай дейтің себебіміз, Абай

атамыздың өмір сүрген кезеңде қазақ тілінде жазба музыка мәдениеті болмаған, халық музыкасы ауызша және дәстүрлі болған. Демек, Абай әндері де қазақтың басқа әндеріндей ауыздан-ауызға тарап, жеткен 20-ға жуық әні,3 күйі бар.Сонымен қатар ақынның өленделіне жазылған алпысқа жуық әндер,ақынның шығармашылығына арналған әртүрлі жанрларда жазылған туындылар бар.

Абайдың өмірі мен шығармашылығын көптеген зерттеушілер зерттеп, құнды еңбектер қалдырған.Соның ішінде эстетикалық тәрбие беруге байланысты мәселелерді көтерген Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, Т.Тәжібаев, М.М.Нагимова және т.б. Ақынның шығармашылығы негізінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша сөз көтергендер А.Көбесов, І.Р.Халитова, Ұ.Қансейітова және т.б. еңбектерін айтып кетуге болады.

Абай поэзиясына тән ең басты ерекшелігі-педагогикалық тағылымға бай асыл мұра.Бірақ ақын шығармашылығы жарты ғасырлық тарихи дәуірді білдіреді деу жеткіліксіз. Қоғам өміріне,ой-өрісіне,таным мен ғылымына қатысты қазіргі заманғы түсініктер бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқанын ескерсек, Абай поэзиясы тарихи тұрғыдан алғанда бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, мінез-құлқын суреттей алды.

Абайдың музыкалық мұрасы-революцияға дейінгі қазақ халқының ән мәдениетінің маңызды органикалық мазмұны. Оның мазмұнына ұлы ғалым Б.В.Асафьев, толық сипаттама берді. Ол былай деген:Абай шығармашылығы сезім тұнықтығымен, терең көркем шындықпен таң қалдырады.Оларда биік адамгершілік, тазалық, терең шындық пен талғам, үлкен қуаныш сезіледі.

Абай әндері өзінің байырғы халықтық музыкалық өнерінің асқақтығы мен құндылықтарын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге бұл дәстүрлер заман ағымына сай келе шындалады.

Абай поэзиясының тудылары оның әндеріне жаңа стиль береді. Сонымен қатар Абайдың «Евгений Онегин» аудармасы мен «Татьянаның хаты», Дельвиг пен Глинканың «Сұр тұман», Лермонтовтың «Түн қараңғысындағы таулар» шығармалары қазақтың халық әні дәстүрінде бұрын-соңды болмаған жағдай.

Абай поэзиясын алғаш зерттеп, жарыққа шығарған А.В.Сатаұлы. «Көзімнің қарасы» әнін 1922 жылы Серғази Тамтеев орындаған. А.В.Затаевич нотаға түсірген. Бұл ән де «Махаббат» деген атпен «Қазақ халық әндері» жинағында сөзсіз жарияланған. Жастайынан Абай әндерін жинақтаумен айналысқан Борис Георгиевич Ерзакович. Ол бұл шығарманы 1934 жылы Алматыда Темірболат Арғұнбаевтың орындауында нотаға түсіріліп, өлең этнографиялық жинақта жарық көрді.

Абай әндері өзіндік бір идеясы мен рухы жағынан өте бай. Абайды білмейтің қазақ жоқтың қасы. Абай әндеріне жалпы талдау жасасақ: табиғат, махаббат, үлгі өнегелік, сыншыл, аударма болып сан топшаларға бөлінеді. Қай топшаны алып қарасақта өзіне сай үні бар. Абай әндері өзінің мінез-құлқы, рухы жағынан қазақтың халық музыкасына негізделген халық әнінің шынай үлгісі бола алады. Эстетикалық тәрбиенің ең маңызды элементі-өнерді сезіну мен пайымдау, сонымен қатар өнерді түсіну және ойлау. Бұған эстетиканың негізгі ұғымдарын меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Абай өз шығармашылығында эстетикалық және этикалық көзқарасы негізінде ән өнерін одан әрі дамытты.Ол өзінің терең мағынадағы әндерін мәнерлі,түрлі бояу-нақыш әуедермен қабыстырып,үйлестіру арқылы өмірлік қуатқа толы шынайы бейнелерді сомдады.Оның әндерінен біз Абайды адам жанының білгірі және нәзік психолог ретінде қабылдап,білеміз.

Қорыта айтатын болсақ, қазіргі таңда әдіс-тәсілдерді, олардың жаңа технологияларын, ұйымдастыру жұмыстарының формалары мен түрлерін зерттеуге арналған «Абай Құнанбайұлының музыкалық мұрасы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру» арнайы курсы сұранысқа ие деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Арғынбек Ахметжанов. Рухани Жол. Абай. Ән мұра. – Семей, 2015.
2. Ғизатов Б. Абай әндер. –Алматы «Өнер» 1994.

ӘӨЖ 811.512.122

СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫН МЕҢГЕРТУ ЖАЙЫ

Намуратова С.-170419 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: **Пазылова А.С**.-аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы усвоения значения слова в школах с неказахским языком обучения.

Summary

This article discusses the issues of assimilation of the meaning of the word in schools with a non-Kazakh language of instruction.

4-курстағы педагогикалық практикам Шымкент қаласы «Cambridge line» мектеп-лицейінде өтті. Маған сабақ беруге 5В сыныбы тиді. Орыс сыныбы, сабақтар орыс тілінде жүргізіледі. Бұл сыныпқа қазақ тілі мен әдебиетінен аптасына 5 сағат бөлінген. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы «Көкжиек-Горизонт» ЖШС баспасынан 2017 жылы басылып шыққан, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған. 2-бөлім. Оқулық авторлары Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Қ.С.Жайлаубаева.

Оқулыққа «Бәйшешек» деген атау қойылған, себебі бұлар «Балапан» деп аталатын бөлімін аяқтап, «Бәйшешекке» аяқ басқан. «Бәйшешек» сөзі қазақ ұғымында «сену, достық, адалдық, тазалық» дегенді білдіреді. Халық өз ауласында аппақ әдемі бәйшешек гүлін өсіруді «жақсылықтың нышаны» деп есептеген. Бәйшешек көктемде қар кете салысымен, қыстың әлі кете қоймаған ызғарынан қорықпай, көктемді шақырады. Ол – ерліктің символы. Бәйшешек адамдардың бойына жылылық дәнін себуге асығады. Олай болса, қазақ тілін меңгеру арқылы айналаңдағы адамдарға ізгіліктің, жылылықтың нұрын себесің. Тілді білу арқылы сенің танымың кеңейеді, эстетикалық талғамың өсіп, сұлулық пен әсемдіктің асқақ құдіретін түсінесің.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындай отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсең, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақ шешсең, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсең, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың» делінген оқулықтың алғысөзінде.

Маған бөлінген 5В сыныбында 19 оқушы білім алады. Олардың ішінде қазақ тілін білу деңгейі әртүрлі. Қазақ тілін жақсы білетін және қазақ тіліне мүлде шорқақ оқушылар да бар.

Мен практика кезінде сабақ жүргізу арқылы сөз және оның мағынасын меңгертуге ерекше ден қойдым.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін оқыту лексиканы меңгермейінше мүмкін емес екендігін байқадым. Қазақ тілін оқытудың қазіргі әдістемесі сөздерді меңгерудегі қиындықтар, бір жағынан, өзге тілді оқушылар үшін сол тілдің лексикалық жүйесінің ерекшеліктерімен, екінші жағынан, оқушылардың ана тілінің лексикасының ерекшеліктерімен байланысты екенін мойындайды.

Өзге тілді оқушылар қазақ тілін үйрену кезінде лексикалық материалды игеру процесін жеңілдету үшін оны белгілі бір жүйеде, өзара байланыста, салыстыруда зерттеген жөн.

Дәстүрлі мектеп оқушыларға шындықты ұсынуды көздеді, ал қазіргі Кембридждің ілім туралы түсінігі мұғалімнің оқушыларды өздері шындықты табуға және түсінуге бағыттауына негізделген. Көптеген жылдар бойы мұғалімдер сынып-сабақ жүйесін ұстанды, бірақ технологияның жаңа ғасыры келді және өткен ғасырда қабылданғанның бәрі бүгінде маңызды болмады.

Жаңартылған бағдарламаның идеяларына сүйене отырып, мен өзіме болашақ ұстаз ретінде басты педагогикалық міндет қойдым, ол – оқушыларыма бағыт-бағдар беру, әрбір кішкентай қателік пен әрбір үлкен сәттілік жолында өмір сүру үшін серіктес болу. Өйткені қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында технологияны пайдалана отырып, біз балалардың бойында өмір бойы қолданатын белгілі бір білім мен өмірлік дағдыларды қалыптастырады екенбіз, бұл – менің болашақ мұғалім ретіндегі маңызды мақсатым. Сондай-ақ, менің тәрбиеленушілерімнің әрқайсысы үлкен жетістіктерге жете алатынын және болашақта кім болатынына қарамастан, ең бастысы олардың нағыз адамдар болғанын қалаймын!

Мұндай міндетті оқушылардың жан-жақты дамуын, сыни және шығармашылық ойлауды, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы дағдыларды, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуды, сондай-ақ өмір бойы оқуға дайын болуды көздейтін жаңартылған бағдарламаны оқытудың тиімді тәсілдерін қолдану арқылы шешу оңай. Жаңартылған бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі – «оқыту-үйрену», өмір бойы оқу, бұл жаңа бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Бастапқыда жаңартылған бағдарлама бойынша университет қабырғасында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінен дәріс жүргізілген кезде «Бұл не?», «Бұл қалай оқытылады?» деген сұрақтар туындаған еді, бірақ «көздер қорқақ, қол батыр» дегендей теориямен қаруланған біздерге соны батыл түрде практикада қолдануға тура келді.

Осы жұмыс бойынша менің алдымда мынадай міндеттер тұрды:

– ең бастысы, оқушылардың бойында сыни ойлауды дамыту;

– оқушыларды проблемалық жағдаяттармен жұмыс істеуге, оның шешімдерін табуға үйрету;

– оқушыларда топтық жұмыс істеу, бірлесіп жұмыс істеуге баулу, сонымен бірге оқу қабілеттерін дамыту;

Менің алдымда «оқушыларға мұны қалай үйрету керек?» деген үлкен сұрақ тұрды. Бағдарламаның барлық 7 модулін зерттегеннен кейін мен болашаққа жоспар құрдым. Онда:

– жақсы ынтымақтастық ортасын құру, сабақтың өткізілуі жақсы көңіл күйге ықпал етеді, демек, балалар өздерін жайлы сезінетін ынтымақтастық атмосферасын құру қажет;

– олардың алдында туындаған проблеманы шешудің жолдарын өздері табатынына көз жеткізу;

– оқушылардың барлық жеке қабілеттері ескерілетіндей оқу процесін жүргізу және дайындау;

– топта, жұпта жұмыс істеу үшін тапсырмаларды көбірек пайдалану;

– сұрақтарға неғұрлым тереңірек қарау үшін сұрақтардың өзін ойланып барып құру;

– оқушылардың сыни ойлауын дамытуға аса байыпты қарау;

– жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлғаға ықпал ету.

Бірінші кезеңде «бетпе-бет» оқушыларда сыни ойлауды дамыту креативті ойлауды үйрену керек екенін көрсетті. Алдымен бізге үйретілгенді қабылдау қиын болды, бірақ содан кейін егер менің оқушыларымның табысқа жетуін қаласам, әрине, жаңа әдістерді енгізу керектігін түсіндім. Қателесуім де мүмкін, бірақ олар мен үшін келесі жолы жақсырақ немесе басқаша әрекет етудің бастапқы нүктесі болатынына сендім.

Сұрақ қою техникасын зерттей отырып, мен олардың қандай жүктемені көтеретіні, сабақта қандай мақсатта қолданылатыны туралы ойлана бастадым. Жұмысымды талдағаннан кейін, мен бұған дейін оқушыларға қойған сұрақтарым қарапайымдау болды-ау деген қорытындыға келдім. Қазір сабақтарды жоспарлау кезінде өзім қойған сұрақтарға мұқият бола бастадым, сұрақты тұжырымдау кезінде Блум таксономиясына сүйендім, сұрақтарым оқушылардың танымдық дамуына ықпал ететініне көз жеткіздім.

Оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін мен тапсырмаларды пәннің негіздерін білуге ғана емес, мағынасын түсінуге бағытталатындай етіп таңдадым, осылайша оқушы материалды талдай алады, өз қабілеттеріне сәйкес өзі орындай алатын тапсырманы таңдай алады немесе сыныптас пен мұғалімнің қолдауымен талдайды.

Бағалау кезінде оқытуды жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған бағалау формативті, егер бағалаудың мақсаты баға қою үшін оқытуды қорытындылау болса, онда бұл жиынтық бағалауға мән бердім.

Өйткені формативті бағалауды қолдану проблемаларды анықтауды және сабақты жоспарлауға өзгерістер енгізуді білдіреді, мен оқушыларды үнемі бақылап отырдым, бағалаудың әртүрлі түрлерін қолдандым: топтық жұмысты

бағалау, жұпта өзара бағалау, өзін-өзі бағалау. Бәрі ойдағыдай болған жоқ, өйткені оқушылар өз бағаларын асыра бағалады, сыныптастарын объективті бағаламады. Бұл жайттан маған және менің оқушыларыма әлі көп нәрсе үйрену керектігін тоқыдым.

Бағалау түрлерін қолдану маған оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауға, қиындықтарды анықтауға және одан әрі жұмысты түзетуге мүмкіндік берді.

Практиканық бас кезінде мен уақыт тапшылығына байланысты сабақта өте сирек рефлексия жасайтынмын. Енді мен мұны тиімді оқытуды ұйымдастырудың қажетті шарты деп санаймын.

Жеті модульді қолдану арқылы сабақ бере отырып, мен оқушылардың қуанышын, олардың белсенділігін және шынайы қызығушылығын көрдім. Барлық оқушылар белсенді болды, Тіпті әлсіз оқушылар да тыңдағысы келді, жұмысты мүмкіндігінше жақсы орындауға ұмтылды, топтық жұмыстың нәтижесінде көптеген оқушылардың өзіндік тиімділігі туралы пайымдаулар артты.

Мен өз тәжірибемді одан әрі жетілдіре беремін, нақты мақсаттар қоямын, рефлексивті талдау жасаймын және нәтижелерді бағалаймын.

Қазақ тілін оқытудағы сөздік жұмыс оның практикалық бағытына байланысты өзіндік ерекшелікке ие. Қазақ тілін оқытудың мақсаты, ең алдымен, оқушыларға ауызша және жазбаша сөйлеуді практикалық меңгеруге үйрету болғандықтан, қазақ тіліне баулудың практикалық шеберлігімен, қазақ тілі лексикасын игеру қиындықтарымен байланысты мәселелерге назар аударған жөн.

Оқу процесінде, әдетте, сөз мағынасын меңгертуге үлкен орын беріледі, өйткені сөзді дұрыс түсіну және оны сөйлеуде қолдана алу сөз мағынасын дұрыс меңгерумен тығыз байланысты.

Қазақ тілінде көп мағыналы сөздер көптеп кездеседі. Лексикалық мағыналардың сан алуан жүйесі болып табылатын көп мағыналы сөздер өзге тілді оқушыларға ерекше қиындықтар туғызады. Оқушылардың сөздік қорын байыту бойынша жұмыс – бұл сөйлеуге жаңа сөздерді ғана емес, сонымен бірге таныс лексемалардың жаңа мағыналарын енгізу және бекіту. Дегенмен, әр сөздің барлық мағыналары оқушылардың белсенді сөздігіне енгізілмеуі керек екенін ескеру қажет.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1 том. Алматы, 1974

ӘОЖ 057.874

DIGITALIZATION OF MODERN EDUCATION: PROBLEMS AND PROSPECTS

Ashrafova S.R. – 1509-11 group student
Research supervisor – Odamanova G.P. – teacher
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақалада заманауи білім беруді цифрландыру, заманауи білім беру мәселелері және олардың мүмкіндіктері қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы цифровизации современного образования, проблемы современного образования и их возможности.

Modern technologies are developing very quickly, day after day. Many areas of activity are moving to a digitalization system: hospitals, schools, universities, shops. But mostly they talk about the transition of the school curriculum to an electronic format. When it is implemented in our lives, not only the education system will change, but also its meaning and purpose.

Modern school education is fundamentally different from the old one. Digitalization of education is the name of the process of transition to an electronic system.

Already now, a lot of things will change in the digital education system. Teaching materials, books, classes, journals and diaries - all this is gradually moving to online versions. The student will be able to conduct lessons without leaving home, on the Internet with the help of various learning programs. Electronic resources will be created on which the student will find detailed information for classes.

Schools are already using modern technologies: computers, tablet panels, electronic boards, etc. Each institution has access to the Internet to access information content.

Teachers are trained in the new education system. This profession will change up to 80% in the future. Digitalization means studying the material on your own. The teacher acts as a curator, who will have to be contacted mainly only when necessary.

Advantages of the digital education system:

- Learning to be independent (Since the future system implies independent work, a child from an early age will understand that he himself must strive for knowledge);
- Lack of paperwork (Schoolchildren have to carry several textbooks and notebooks, which take up a lot of space and weigh a lot in a bag. The load can be so strong that the child's body will hurt. Digital education saves a person from a mountain of papers and books);
- Saving time (We can save a lot of our time without leaving home and we can do a lot of our work. At any point in the world we can turn to another point and we can exchange any information);
- Saving money (Since digitalization eliminates paper versions, parents do not have to spend money on stationery. School supplies are very expensive. Electronic versions of information will need to be replaced with new ones);

- Simplification of the work of teachers (The profession of a teacher is considered one of the most difficult. Will not spend a lot of energy and nerves on educating young minds. In a digital system, the work of a teacher means only helping and directing);
- Step into the future (The transition to digital education is a significant step towards the creation of Internet technologies of the future. Now science is developing rapidly and new structures are emerging. The digitalization of education will help schoolchildren better navigate the information world in the future and help them find a lot of information on a variety of topics) .

Disadvantages of online education:

- Decreased mental activity (This phenomenon can already be observed. A person does not need to think about something, now many people have ceased to independently obtain information. You just need to have internet access to find out the necessary information. This leads to a weakening of the mental abilities);
- Poor socialization (When a student first comes to school, he immediately finds himself in another society where he does not know anyone. In the institution, he receives not only knowledge, but also makes friends, learns to interact with society. The information system significantly reduces the level of human socialization. This will negatively affect the further development of the individual);
- Problems with physical development (Prolonged exposure to screens leads to visual impairment. However, we hope that in the future technologies will become safer for children's development. A lot of time working with a keyboard and a tablet will lead to a change in the physiology of the fingers. The structure of bones, joints and muscles can change);
- Lack of creativity (Scientists have proven that color scheme helps a person remember information better, it is even recommended for adults. It also promotes the development of creativity. However, information technology excludes the opportunity to express themselves. Electronic versions are "dry" in nature. Children's creativity will noticeably suffer);
- Risk of negative result (These changes will be dramatic. There is no way to say for sure whether such an innovation will be positive. This system will be applied for the first time, so it will not be possible to compare with something similar, because there was no such experience before);
- Health problems (If you use a computer, telephone, digital technologies a lot, people will not only suffer from vision, but also the blood system, heart, mind, everyone suffers. And this does not lead to good);
- Function of teachers (After digitalization, the concept of a teacher will be completely replaced and professionals will be replaced by robots and virtual systems. Many people will lose their jobs).

Working with the difficult aspects of digitization of modern education, it is better to acquaint learners, pupils, with the positive aspects of digitalization of education. If we teach our children about the technology of the future and work together, the light will be brighter. Nothing is 100 percent perfect, everything has its ups and downs. We will never lose if we work hard on the advantages of digitizing this education.

If we use digitization not only in education, but also in every part of our life, we and our country will develop. It is clear that many opportunities are available and we are leading among developed countries. Therefore, let's be open to every news and every change.

If we want educated youth, let's start our future now.

References:

1. Strokov A.A. Digitalization of education: problems and prospects // Vestnik of Minin University. 2020. Vol. 8, no. 2. P. 15.

2. Петрова Н. П., Бондарева Г. А. / Цифровизация и цифровые технологии в образовании // МНКО. 2019. №5 (78). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovizatsiya-i-tsifrovye-tehnologii-v-obrazovanii (дата обращения: 18.10.2021).

3. Шарипова О.М. / Цифровизация и цифровые компетенции: новая реальность // Вопросы инновационной экономики. – 2020. – Том 10. – № 3. – С. 1789-1802. – doi: 10.18334/vinec.10.3.110525.

UDC 372.8:811.111

LANGUAGE IS NOT A SUBJECT TO STUDY, BUT A SKILL TO ACQUIRE

Tursynova A.Sh. – student of 1703-30 group

Scientific supervisor: Balkybekova S.Zh. – teacher of master's degree

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада Тілдің рөлі мен маңыздылығы және тіл үйренушілердің тілді жәй ғана пән ретінде емес, маңызды әрі пайдалы қажеттілік ретінде қарастыруы айтылады . Сондай-ақ, тіл үйрену барысында жиі кездесетін қиындықтар айқындалады.

Резюме

В этой статье рассказывается о роли и важности языка и о том, что нужно рассматривать язык как важную и полезную потребность, а не просто как предмет . Также речь идет о трудностях, с которыми часто сталкиваются в процессе изучения языка.

Every language is a whole world.
Language is not only a subject for study, but the living soul of the people, their pain, their memory, their treasure.

Language is a system of signs and ways of connecting them, it serves as an instrument for expressing thoughts, feelings and the main way of communication. With the help of language, we learn the world, determine our place in it. People, receiving and processing information about objects or phenomena, operate with the help of language no longer with them, but with their signs, designations of concepts.Some people think that there is a special gene that allows you to learn several foreign languages in a lifetime. In fact, knowing five or eight foreign languages is not a special gift or even years of hard work. Believe that everyone can do it, and work harder.

Many people look at language only as a subject, but in fact language is a skill that everyone should acquire. We learn English in schools starting from 3rd and 5th grade, but after graduation, no one speaks this language fluently and completely. We

are taught only to the formality of the language. For example: How are you? But native speakers speak differently, like, Hey, What's Up?, How do you doin'? and the like. When we learn our native language, we do not consider it as a subject, but as a matter of course. Because we learn our language to communicate with people around us, and we should consider other languages as well.

As many languages as there are in the world, a person will continue to strive to learn those languages, and this interest will never stop. Of course, sometimes one language can seem more important, more popular, easier, more beautiful than others. However, the interest and love of a person leads to the study of even unimaginable languages.There is an opinion that as a child you learn the language well, and as you get older, it becomes more difficult to learn the language. Many people believe in him. At the same time, there is another insidious principle:" I have a talent for languages"," I have no ability to learn languages". People also believe in it, so they do not even set foot in mastering the language. It is true that as a person grows up, it will not be easy not only to master the language, but also to learn other things. But this is not the word" impossible".

Learning a new language means learning new words, a lot of new words. Some people think that they have a bad memory for words, give up and quit teaching. But here's the point: you don't have to learn all the words of a language to speak it at all.In fact, you don't know ALL the words of your native language, but you speak it well. Just 20 percent of the effort to memorize new foreign words will provide you with 80 percent of the understanding of the language. For example, in English, 65 percent of the written material includes only 300 words.

These words are used very often, and this scheme works for all other languages. You can find these frequently used words or a specific topic and frequently used words by it.

Use a foreign language in communication (without traveling!)

Another reason why people do not learn foreign languages is the lack of opportunity to travel across and communicate with native speakers: there is no time, no money, etc.To achieve the maximum level of language proficiency, it is not necessary to leave the borders of your native country. Virtual immersion can be just as effective, because modern technology gives us the opportunity to hear and use a foreign language without leaving home.

Don't be afraid to make mistakes. More than half of the world's population speak more than 1 language, which, according to Benny Lewis, indicates that monolingualism is the result of a person's cultural development, and not his genetic inheritance. In other words, when an adult fails in his attempt to learn a foreign language, it does not mean that he has an unsuitable gene pool, it means that the language learning system he has chosen is far from perfect.

The problem is that you can't learn a language, you just get used to it. This is not a school subject that you may or may not know, but a means of communication between people. Language cannot be remembered as a poem, it needs to be spoken, it

needs to be thought.If you are just starting to learn a foreign language, then your task is to immediately use all the acquired knowledge in communication, and not to learn new words. This is the main difference. Of course, you can wait until you can say something like "Excuse me, sir, could you tell me where the bathroom is?", although a dry "Where is the bathroom?" carries exactly the same meaning, despite the lack of courtesy. Believe me, you will be forgiven for excessive directness, because newcomers, as they say, can be seen from afar.Do not be afraid to upset a native speaker with a scarcity of speech and a weak vocabulary. The best thing you can do at the initial stages of learning a language is not to strive to achieve perfection, but to recognize that making mistakes is normal. Remember that learning languages requires constant practice.

References:

1. 1. Сакаева, Л.Р., Баранова, А.Р. Методика обучения иностранным языкам –
2. 2. Скрипникова, Т.И. Теоретические основы методики обучения иностранным языкам., 2017.
3. http://genhis.philol.msu.ru/article_125.shtml
4. https://kpfu.ru/staff_files/F1170389640/Vvedenie_v_yazykoznanie_EOR.pdf
5. https://habr.com/ru/articles/709372/

UDC 372.8:811.111

FOREIGN LANGUAGES AT SCHOOL

Abdurazakova L.B. – 1703-80 group student
Ashirova D.A. – master degree
The State South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent

Түйін

Бұл мақала мектепте шет тілін үйрену оқушылардың көпшілігі үшін қиын және көңілін қалдырарлық болуының кейбір себептерін зерттейді және сыныптағы тілді үйренуді жетілдіретін қарапайым өзгерістер ұсынылады.

Резюме

В этой статье исследуются некоторые причины, по которым изучение иностранного языка в школе часто бывает трудным и обескураживающим для большинства учащихся, и предлагаются простые изменения, которые могут улучшить
изучение языка в классе.

Millions of students all over the world study at least one foreign language at school. However, these students still face a problem of acquiring a foreign language and cannot speak in it. Below are listed some reasons for that.

1. Learners are not engaged in a learning process.

The traditional method of teaching, where the teacher stands before the class and imparts knowledge while students remain passive, is known as a "Teacher-Centered Learning" approach. However, this approach neglects the fact that learning is a collaborative process and that students play an active role in the process. By removing the initiative from the students and placing it solely in the hands of the teacher, students do not develop the sense of autonomy necessary for successful language learning. Instead, they perceive language learning as solely the teacher's

responsibility. To address this issue, teachers should explicitly teach students that they are ultimately responsible for their own language learning. Although teachers guide and facilitate the process, students need to take ownership of their own learning. Language acquisition is not something that can be taught by someone else; only the learner can successfully acquire a language. In the 21st century, where students have unlimited access to learning resources on the internet, teachers should focus on motivating and providing content, while students should take responsibility for their own learning by choosing study materials, finding ways to make learning enjoyable and effective, and confidently making decisions both inside and outside the classroom. By empowering students to take ownership of their own language learning, the learning process becomes a joint effort between teacher and students, resulting in greater success and enjoyment.

2. " Language is not a subject to study, but a skill to acquire".

In schools, there are "knowledge - based" subject such as History, Math, Science etc. that are all taught through absorption a set of facts, and as a result, a language is studied in the same way. Since this way of teaching a language is taken as standard, students are under misapprehension that it is the only true way to learn a language. However, a language cannot be memorized from course books and kept in the mind forever. A language learning process is like an acquiring a new skill that has its own way of perception and needs to be practiced in order to be mastered. Treating a language as a subject to study disables students to reach results and, furthermore, makes them feel themselves unconfident and misleads in choosing the right path forward a language. It can easily be demonstrated in a comparison of these two methods. Imagine two students with two different approaches to language learning. The first student memorizes grammar rules, applies the patterns by doing exercises, lists new words from the text in the course book and learns them by rote repetition. In contrast, we have the second student, who translates his daily life conversations into his target language, practices it with his mates or friends, reads texts on the topics he is keen on reading in his mother tongue, uses new words in his daily speaking practice and maintains his language learning process both online and offline. Both students work hard to achieve the same goal – acquiring a foreign language. How do you think, which of the students succeed better? As a result, the first student will end up gaining a set of facts about the target language, whereas the second student will acquire the knowledge applicable in the natural environment in the practice. Moreover, the rote repetition mechanism of the learning way of the first student is less efficient rather than the second student's natural learning mechanisms of the brain.

***3.* Competitive learning environment in the class.**

- құзыреттілікті қалыптастыру және дамытудың алдыңғы білімге және болашақ перс-пективаларды ескерусіз жүзеге асырылуы.

Мәселенің өзектілігі қоғамның және оқушының жеке басының академиялық және сабақтан тыс жетістіктерді бағалаудың жаңа, объективті жүйесіне қажеттілігі мен мемлекеттік стандарттың талаптарына байланысты. Дәстүрлі бағалау жүйесіне балама қалыптастырушы бағалау болып табылады.

Мұғалім оқушылардың дағдысының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейі туралы ақпарат алу, оқу үдерісін түзету, оқушыларға кері байланыс ұсыну және оқушыларды ынталандыру үшін оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды жүргізеді [2].

Қалыптастырушы бағалау технологиясын пайдалана отырып, химия сабақтарында оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту үшін жағдай жасаудың бірнеше стратегияларын атап өтуге болады.

1. Ағылшын ғалымдары Д. Виллиам мен П. Блэк ұсынған стратегия*:*

I кезең: білім алушылардың табыстылық ниеттері мен өлшемдерін анықтау.

II кезең:

1) білім алушылардың ілгерілеуін қамтамасыз ететін кері байланыс үшін жағдай жасау;

2) өзара бағалау жүргізу үшін топтар мен жұптарда оқушылардың жұмысын жандандыру;

3) оқушыларға олардың оқытуды ұйымдастырушылар екенін түсіндіру.

2. Ресейлік ғалымдар И. С. Фишман мен Г. Г. Голуб ұсынған стратегия*:*

I кезең: оқушыларды оқытудың жоспарланған нәтижелерін анықтау.

II кезең: жоспарланған нәтижеге қол жеткізу бойынша оқушылардың қызметін ұйымдастыру.

III кезең: оқушылардың білім беру мақсаттарына жету процесін бақылау үшін кері байланыс құру.

3. М. А. Пинская ұсынған стратегия*:*

I кезең: білім беру мақсаттарын өлшенетін оқу нәтижелеріне аудару, оларға қол жеткізудің қажетті деңгейін анықтау, бағалау әдістерін таңдау.

II кезең: оқытудың тиісті әдістерін енгізу

III кезең: оқушылардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізгенін бағалау және анықтау; нәтижелерді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Бұл стратегия оқу үдерісін ұйымдастыруда тоғыз кезеңнен тұратын оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуінің белгілі бір алгоритмін қамтиды [3].

Қалыптастырушы бағалау технологиясының тоғыз кезеңі мына ретпен орналасады:

1. Тақырыптар бойынша оқушылардың білім беру нәтижелерін жоспарлау (оқытушының жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезеңі);

2. Оқушылардың іс-әрекетінің білім беру нәтижелері ретінде сабақтың мақсаттарын жоспарлау.

3. Оқушылардың іс-әрекетінің кезеңдері ретінде сабақ тапсырмаларын қалыптастыру;

4. Сабақта оқушылардың іс-әрекетін бағалаудың нақты критерийлерін тұжырымдау;

5. Критерийлерге сәйкес оқушылардың қызметін бағалау;

6. Кері байланыс: мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы, оқушы – мұғалім;

7. Бағалау кезінде оқушылардың үлгерімінің осы нәтижелерін олардың жетістіктерінің алдыңғы деңгейімен салыстыру;

8. Мақсатқа жету жолында оқушының орнын анықтау;

9. Оқушының білім беру бағытын түзету [4].

Бұл стратегияны педагогикалық практика кезінде қолдандық, соңғы нәтижелері туралы айтуға әлі ерте. Бірақ жұмыс тиімділігінің аралық критерийі ретінде химия сабағындағы алдын-ала көрсеткіштері деп санауға болады. Қалыптастырушы бағалау стратегиясын сабақтарда қолдану нәтижелері аталған стратегияны химияны оқыту практикасына енгізуде, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда қолайлы деп санаймыз, себебі ол оқушының оқуға деген ынтасын, танымдық белсенділігін және білім берудің жалпы сапасын арттырады.

Біз педагогикалық практикадан өту кезінде 8 сынып оқушыларына «Иондық байланыс» тақырыбына сабақ өткіздік. Сабақ бойынша бағалау критерийі:

- Химиялық байланыстар арасынан иондық байланыс мысалдарын «Шыбын ұру» әдісі арқылы ажыратады.
- ИБ-қа арналған тапсырмаларды сәйкестендіреді.
- ИБ қасиеттерін сипаттайды

Осы бағалау критерийіне сүйеніп, сыныпты ион зарядына байланысты «флешка» әдісі арқылы анион және катион топтарына бөлдік.



Сурет-1. 8 сынып оқушыларының химия сабағындағы алдын-ала көрсеткіш үлгерімі:



Сурет-2. 8сынып оқушыларының сабақ барысындағы көрсеткіш үлгерімі:

(Сурет 1-2). Ұсынылған диаграммалардан көріп отырғанымыздай, 1-топ оқушыларының үлгерімінің нәтижелері негізінде қалыптастырушы бағалау стратегиясын практикалық қолдану тиімділігінің көрсеткіштері оқу жылының басымен салыстырғанда жоғары оқу мотивациясы бар балалардың саны артқанын (15% - ға дейін) және үлгерімі төмен балалардың саны азайғанын анықтайды. 2-топтың негізгі көрсеткіш-оқу үлгерімі төмен оқушылар санының азаюы (12% - дан 7% - ға дейін) байқалады, ал бұл сыныптарда "жақсы оқушылар" санының азаюы олардың кейбір психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Алынған аралық нәтижелер химияны оқытуда қалыптастырушы бағалау стратегияларын қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасының оң динамикасына, студенттердің бағалау-рефлексивті сипаттағы негізгі құзыреттерін қалыптастыруға және жалпы білім сапасын арттыруға әкелетінін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Ильязова Л.М., Дружинина А.В. Использование формирующего оценивания на уроках химии // Научное обозрение. Педагогические науки, 2018. № 5. С. 19-23.

2. «Химия» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. 43 б.

3. Крылова О.Н., Бойцова Е.Г. Технология формирующего оценивания в современной школе: учебно-методическое пособие. Санкт-Петербург: КАРО, 2015.

Формирующее оценивание: оценивание для обучения / [Электронный ресурс]. Режим доступа :http://www.iro.yar.ru/fileadmin/iro/crii/metod_material/Ocenivanie_dlya_obucheniya_M.A._Pinskaya.pdf/ (дата обращения: 09.06.2020

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Джуманов Рахат Мұхтасарұлы - 1504-19а тобының студенті
Ғылыми жетекші: Шитыбаев Серикбек Алтынбекович - доцент, к.х.н.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В программе средней школе теоретические знания, получаемыми учащимися по предмету, должны быть использованы на практике. В статье приведен пример компетентностно-ориентированного задания, используемого на уроке химии. Такое задание поможет найти оптимальным путем решения проблем, с которыми сталкиваются обучающиеся в жизненных ситуациях.

Summary

In the secondary school curriculum, the theoretical knowledge acquired by students on the subject should be used in practice. The article provides an example of a competence-oriented task used in a chemistry lesson. Such a task will help to find the optimal way to solve the problems faced by students in life situations.

“Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады.

Құзыреттілік ұғымы адамның қайсы бір қызметті атқаруға дайындығының құймасын сипаттайды. Қазіргі кезде жалпы және кәсіби білім берудің теориясы мен практикасында жиі қолданылуда...”[1].

Қазіргі уақытт аәр жеке оқушының қызығушылықтары мен қабілетіне мән беру, оқытудың іс-әрекеттік мәнділігін жоғарылату, білімнің практикалық жағын күшейту, оқу материалдарының мазмұнын білім алушының өмір тәжірибесіне келтіру, өз бетінше оқуын және ізденушілігін арттыратын жағдайлар жасау білім сапасын көтерудіңнақтылы тәсілдері бола алады. Білім нәтижесі ретінде түзілген құзыреттілік білім алу кезінде байқалатындығы айтпаса да белгілі. Ал пәндік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жан-жақты оқу жағдайларын қалыптастырып, оқушының ойлау тактикасын одан әрі дамытуға негізделеді.

“Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды құрастырудың басты мақсаты — оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сол алған білімдерін өмірде қолдана алатын құзыреттілігі қалыптасқан жас ұрпақ тәрбиелеу, ол үшін оқушының теориялық алған білімдерін өмірмен байланыстыратын тапсырмалар реттілігін орындауына жағдай жасау қажет. Оқушының сабақта өзіндік мәліметтерді жинақтап, белгілі бір уақытта білімдерін одан әрі дамытуға әрекет жасауы тек білу, түсіну ғана емес, сондай-ақ талдау, синтез, бағалау әрекеттерін жан-жақты қолдану арқылы көрініс табады...”[2].Ол дегеніміз, Блум жүйесі бойынша оқу мақсаттары мен міндеттерін анықтау құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды жасауды нақтылайды. Сонымен білім алушының химия пәні бойынша алған білімін өмірде қолдануға үйрету мақсатымен жасалған тапсырмаларды құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар дейміз.

Күтілетін нәтижелер:

1. Білім алуда ақпаратықматерилдармен жұмыс жасауды қалыптастыру және дамыту.
2. Бақылау жұмысы, емтихан, олимпиада, зерделік, біліктілік сайыстарындағы тапсырмаларды білім алушылар жоғары дәрежедегі орындай алу.
3. Білім алушының пәнге деген ой-тұжырымы өзгереді, оқу материалын жақсы ұғынуға мүмкіндік алады, білім алушының ойлау жүйесі артады.

“Адамды адам еткен – еңбек” осы сөздің төркініне барсақ, ешқандай адамның іс-әрекетсіз болмайтындығы анық. Адам өмірінде болып жататын жағдаяттарды көре отырып, заманның алға тез жылжуын біле отырып жан-жақты адам болу өзіндік міндет екенін ұғынып келеді. Барлық жағынан дамуға алғашқы қадамдар білумен басталады. Онда білім алу еңбек етудегі жол нұсқаушы құрал. Оқу үдерісінде білім алушыларға тапсырманы іс-әрекет үдерісімен қарастырып түсіндіру және ой салу нәтижелі болатындығы белгілі. Іс-әрекетпен және өмірмен байланыстырылған тапсырмалар адам жадында тез сақталады. Тапсырманың өмірлік жағдайлармен сипатталуы білім алушының сол білімді қай жерлерде қай уақыттарда қолдану қажеттіліктерін көрсетіп береді. Өзін сол орынға қойып іс-әрекет барысын түсінуге итермелейді. Құзыреттілікке бағытталған тапсырманың мәні де осында.

Химия пәні бойынша құзыреттілікке бағытталған тапсырманың жасалу жолы:

Ерітінділер. Массалық үлес.

1. Айдостың анасы құйма дайындап жатқан еді. Айдос анасына көмектескісі келіп анасына не көмек керек деп сұрағанда анасы оған "200 грамм ерітінді және оның 10%-ы ас тұзы болуы керек екендігін айтып көмек сұрады. Айдос өзінің химиядан алған білімін пайдаланып ерітіндіде неше грамм ас тұзы және грамм су болатындығын былай есептеді.

Айдос 300 грамм ол 100%-ға тең, ал 100%-дың 1-ге тең екендігін білетін, сонда 10%-дың 0,1-ге тең екендігін біліп алды да жауабын оңай таба алды. Және осы құрам бойынша ерітінді дайындады.

Шешуі: $m_{NaCl} = 300 \cdot 0,1 = 30$ г.

$m_{H_2O} = 300 - 30 = 270$ г. *Жауабы: 30 г NaCl, 270 г H_2O.*

Білім алушының тапсрыманы орындау үшін ойлануына тапсырманың тек осылай ғана беріліп қоя салуы жеткіліксіз болуы мүмкін.

Есептің берілу жолы былай болған:

- 300г 10% - дық ерітінді дайындау үшін неше грамм ас тұзы және су қажет?

Себебі білім алушы мектептегі оқу материалдарын үйреніп білудегі мақсатын көрмей, оқуға деген қызығушылығы ашылмауы мүмкін. Білім алушыға осындай өзіндік ынтасын оятатын құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар беру білім жүйесіндегі прогресске әкеледі. Сондықтан қайсы пәнде болмсын құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың жасалуы болашақта құзыретті мамандардың өсіп жетілуіне септігін тигізеді.

Құзыреттілікке бағытталған тапсырма арқылы оқушының ой жүгіртуі, білім алудың өзіне деген пйдасы бар екендігі туралы, өмірдегі қажеттілігі туралы түсінікті қалыптастырады. Бұл оқушының пәнге деген қызығушылығы мен өмірге икемделу дағдыларын қалыптастырады. Өз өміріндегі кездесетін мәселелерді өздігімен шеше алатын тұлға болып қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Қазіргі таңда білім алушы өз кезегінде дәстүрлі оқыту әдісімен берілген тапсырманы ашық түрде орындағысы келмейтіндігін жеткізеді. Осы кезекте ез келген білім беруші оқыту кезеңінде білім алушының алып жатқан біліміне, өзі қойып отырған оқу талаптарына назар аударуы тиіс. Осы жағдайда тапсырманың өзегі мен мәні білім алушының алдағы өмірінде қолдана алуына ықпал ете алатындай білім болуы керектігі қандай да болмасын педагогтың негізгі тұжырымдамасы болып табылады. Оқыту үдерісінде тапсырманың мәнділігіне байланысты тапсырма бірнеше бағытта беріледі. Тапсырманың берілуінде ықпалдылықтың болуы тиіс. Химияны оқытуда күрделі тапсырмалар былай тұрсын қарапайым тапсырмалардың өзін орындауға деген қызығушылықты келтіре алатын немесе ішкі уәжді тудыратындай түрткі тапсырмалардың жасалуы осы құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар жүйесімен бірізділікте.

Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар адам бойына болашақтағы проблемалардан шығу жолын көрсетіп қалыптастыратын тұсбағдар іспеттес. Химия пәнін оқыту үдерісінде құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы оқыту білім алушының өміріндегі болып жатқан көптеген заттар мен іс-

әрекеттердің химия пәніндегі біліммен тікелей байланысты екенін ұқтырады. Болашақ маман ретінде өздігімен еш қиындықсыз тапсырмаларды орындай алатын және құрастыра алатын дағдыларды қалыпттастырады.

Әдебиеттер:

2. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 225 б.

3. https://articlekz.com/kk/article/16520

ӘОЖ 372.8:57/59

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ЗЕРТТЕУШІЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ПӘН МАЗМҰНЫН БАЙЫТУДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Қонысбек А.Е., Қонысбек Н.Е. – 1505-11 тобының магистранттары

Ғылыми жетекші: Утегенова Г.А. – PhD, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Обогащение содержание биологических предметов, формирование и развитие исследовательской квалификации обучающихся в дальнейшем способствует повышению интереса будущих учителей к исследованиям и предмету путем проведения экспериментальных работ на занятиях по биологии Таким образом, обучающиеся учатся проводить научные исследования, проводить наблюдения и анализировать данные, полученные из опыта.

Summary

Enriching the content of biological subjects, the formation and development of students' research qualifications further contributes to increasing the interest of future teachers in research and the subject by conducting experimental work in biology classes. Thus, students learn to conduct scientific research, conduct observations and analyze data obtained from experience.

Педагогтардың біліктілігін арттыру – білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі. Біліктілікті арттыру жүйесі мұғалімдердің біліктілігінің динамикалық түрде өзгеру талаптарына және олардың кәсіби деңгейіне, еңбек жағдайына сай жетістіктерге жету үшін дамуы қажет.

Зерттеушілік іс-әрекет пәнге деген қызығушылықты арттыратын негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Ол білім алушыларда оң эмоцияларды туындатады, есте сақтауды, ойлауды шыңдайды, топта жұмыс істеу қабілетін арттырады. Зерттеушілік жолмен алынған білім нақты ғылыми негізделген көзқарасты қалыптастырады.

Биология пәні мұғалімдерінің белсенділігінің ерекшеліктеріне сабақтарын жоспарлау және өткізу барысында білім алушылармен тәжірибе жұмыстарын жасау болып табылады. Биология кабинеті және оның жабдықталуы – бағдарлама орындалуының талаптарының бірі. Сондықтан биология пәні мұғалімдерінің кәсіби тәжірибесін ерекшелендіретін құрамдас шарттардың бірі сабақты өту үшін демонстрациялық тәжірибені жоспарлау жатады.

Зерттеушілік жұмыс үшін білім алушыларда тек оқу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар рефлексивті қабілетін, креативтілігін дамыту керек.

Зерттеушілік іс-әрекет мықты дамытушы құрал болып табылады. Оқу-зерттеу барысының негізгі мақсаты білім алушылардың жеке тұлға ретінде дамыту.

Зерттеушілік белсенділікті ұйымдастырудың түрлерінің ішінде келесілерін атап өтуге болады:

1. Пән бойынша проблемалық сабақтар.

2. Білім алушылармен зертханалық сабақтар, оқу жоспарына арнайы оқу пәндерін енгізу.

3. Жаратылыстану, атап өткенде биология бағыты бойынша әртүрлі элективті курстар.

4. Қосымша білім алу бағдарламалары.

5. Жеке, топтық және жалпы мектептік зерттеу жобаларын жүзеге асыру.

6. Дәстүрлі сипаттағы экскурсияларды өткізу. Жеке зерттеу міндеттерін беру үшін есеп-шығармашылық жұмыс түрінде нәтижелерді бекіту.

7. Ғылыми-практикалық конференцияларды және байқауларды ұйымдастыру.

8. Тақырыптық үйірмелерді, ғылыми қауымдастықтар жұмысын ұйымдастыру.

Биология пәні бойынша сабақтарда зертханалық және практикалық жұмыстардың ажырамас бөлімі ретінде келесі зерттеулер қолданылуы керек:

- Биологиялық нысандарды зерттеу;
- Ағза құрылымын зерттеу;
- Тірі табиғаттың құрамы мен қасиеттерін зерттеу;
- Тірі ағзаларды бақылау;
- Ағзалардың тіршілік әрекетінің процестерін бақылау.

Білім алушылар жоғарыда аталған сатылардың әрбірін жіті зерттеуі қажет, сонымен қатар алынған нәтижелердің маңыздылығына басты назар аударып міндеттерді дұрыс құрасытыра алуы керек. Бұл іс—әрекеттер білім алушылардың ізденістік

Зерттеушілік жұмыстарды орындай отырып білім алушылар субъективті түрде жаңа білім алады, тапсырмаларды орындау барысында бақылау, бақылау нәтижелерін тіркеу, алынған мәліметтерді талдау және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

Зерттеушілік белсенділікті ұйымдастыру мұғалімге оқу материалын өз бетімен өңдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы бақылау ретінде берілген тақырып бойынша білім алушы өз бетінше зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін жазу, ақпараттық технологиялардың көмегімен виртуалды зертхана негізінде зерттеу жүргізу және зерттеу нәтижелерін қорғау. Ғылыми ізденіс, зерттеу іс-әрекеті білім алушылардың зерттеушілік қабілетінің қалыптасуына және артуына орасан зор ықпал етеді.

Жаратылыстану пәні мұғалімдерінің зерттеушілік біліктілігін арттырудың ерекше белгілеріне негізделіп келесі проблемалық бағыттар анықталған:

1. Биология пәні мұғалімдерінің тәжірибелік жұмыстарды жоспарлау және жүргізу саласындағы құзыреттілігін арттыру;

2. Білім алушылардың жобалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру;

3. Басқа пәндермен интеграциялау негізінде пән мұғалімінің біліктілігін арттыру;

4. Биология пәні мұғалімдерінде АКТ қолдану білімін жетілдіру;

5. Жаңа оқу материалдарын әзірлеу қабілетін дамыту.

Биология пәні бойынша зерттеушілік қабілетті қалыптастыру арқылы пәнге деген қызығушылық артады. Ал бұл тікелей педагогтың кәсіби құзіреттілігінің нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге ие болады. Биолог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орны оқу бағдарламаларында болашақ педагогтардың білім беруде практикалық іс-әрекетіне барынша көңіл бөлу арқылы жан-жақты ізденіске бейім білімді мамандар шығару заман талабы болып табылады.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың бітіру жұмыстарының нәтижелерін оқу процесінде қосымша пайдалану пән мазмұнын одан әрі байыта түсуі мүмкін. Сонымен қатар білім алушылар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мектепте оқушылармен зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру барысында алған білімдерін іс жүзінде көрсете алады.

Биологиялық пәндердің мазмұнын байыту мақсатында ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу процесінде пайдалану пән бойынша жеке тақырыптардың мазмұнын терең түсінуге өз септігін тигізеді. Мысалы, болашақ педагогтар «Өсімдіктер физиологиясы», «Қазақстан биоресурстары», «Дәрілік өсімдіктер», «Биотехнология» сияқты таңдау пәндерінде білім алушылардың, мәселен өсімдіктерді микроклондық көбейту әдістерін меңгеруі бойынша немесе дәрілік өсімдіктердің ішінде эфирмайлы өсімдіктер туралы жан-жақты ақпарат беру арқылы пән мазмұнын байытуға өзіндік бір үлесін қосуы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде биология пәнінің мұғалімдерінің зерттеушілік белсенділігін арттыру жолында, әсіресе білім алушылардың биология пәнінен ғылыми жобаларды әзірлеуі және зерттеушілік қабілетінің дамуында әсерін беруі анық.

Әдебиеттер:

1. Оржековский П.А. Особенности повышения квалификации учителей естественно-научных предметов // Вестник Московского городского педагогического университетаю Серия: Естественные науки. 2016. №1 (21).

2. Шілдебаев Ж.Б., Ермекбаева А.Т. Биологияға кіріспе: оқу құралы. – Астана, «Фолиант». 2016. – 315 б.

3. Шаймерденова Г.З., Ермекбаева А.Т. Особенности технологии развивающего обучения и воспитания на уроках биологии // Вестник Академии педагогических наук Казахстана. 2015. №6 (68). С. 113-120.

4. Богданова О.Н., Ильина Н.Ф. Подготовка учителей естественно-научного цикла к разработке учебно-познавательных задач // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. 2016. №1 (26). С. 5-11.

5. Таубаева Ш.Т. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 2001. – 19 б.

ӘОЖ 372.854

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.

Мирхасова М. Н., Тұрсынбек А. Е, Оспанхан Н. Ғ. – 1504-19а тобының студенттері
Ғылыми жетекші: **Битурсын С.С**. - PhD, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье описываются актуальные проблемы при обучении химии в образовании. «Химический эксперимент» рассматривается как метод обучения. Применение химического эксперимента в учебном процессе помогает учащимся понять универсальность изучаемых химических процессов, их природу, реальную сущность и зависимость от условий проведения.

Summary

In this article current problems in teaching chemistry in education are described. "Chemical experiment" is considered as a teaching method. The use of chemical experiment in the educational process assists students to understand the studied chemical processes universality, their nature, the real essence and dependence on the conditions.

Химия ғылымының дамуына эксперименттің орасан зор роль атқаратыны белгілі. Химия әлемінде барлық мағызды теориялық жағалықтар көптеген фактілердің нәтижесі болып табылады. Мектеп қабырғасында химия пәнінің негіздерін оқытқанда химиялық эксперименттің маңызы ерекше. Көптеген зерттеуші ғалымдар осы айтылған жайтты растайды. Солардың бірі, В.Н.Верховский, А.Д.Смирнов, Ю.В.Плетнер, В.С.Полосин, И.Н.Чертков, П.Н.Жуков, Г.М.Чернобельская, Н.Е.Кузнецова, М.С.Пак, Е.Г.Злотникова еңбектерінде берілген.

Химиялық эксперименттердің қатарында оқушылардың құзыреттілігін, шығармашылығы мен қажеттіліктерін қалыптастыратын және дамытатын жұмыстар ерекше орын алады.

Шынында да, химиялық эксперимент қолданып оқытылған сабақ барысы химияны табысты оқудың негізі болып табылады. Тәжірибелерді өз бетімен орындай отырып немесе мұғалімнің көрсетуін тамашалай отырып, оқушылар химия әдәстерімен, заттардың жеке табиғаты, физикалық және химиялық қасиеттерімен, алу әдістерімен, заттардың құрылымы мен қасиеттерімен, қолданылуын танысады. Бүгінгі таңда мұғалім жоспар бойынша нәтижеге қол жеткізу үшін мүмкіндік беретін оқытудың мзмұнын, ұйымдастыру формаларын, әдістері мен құралдарын өз бетінше таңдауға құқылы.

Қазіргі таңда оқытудың негізгі міндеттері айтарлықтай өзгеріске ұшырап жатқаның ескеру қажет. Алдынғы оқылатын бағдарлама негізінде эксперименттік жұмыстар арқылы оқыту тек белгілі белгілі бір білім көлемін беру болатын. Ендігі басты міндет, - оқушы тұлғасына дамытушылық ықпалды күшейту. Атап айтсақ, оқу пәні арқылы интеллектуалдық мүмкүндіктері, ой-өрісін дамыту, практикалық тәжірибелік дағдының дамуы, жеке тұлғаның гуманитарлық- мәдени қасиеттерінің дамуы.

Білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде химиялық зерттеу эксперименттерін жүзеге асырудың маңызы зор. Осыдан эксперимент дегеніміз не? – деген сұрақ туындайды.

Эксперимент дегеніміз – білімгер химияны оқу барысында меңгеруге тиісті ғылыми білім әдістерінің бірі. Сезіну негізінде, нық жане саналы түрдегі білімінің маңызды шарты болып табылатын, аса күрделі қабылдау негізі болады.

Зерттеу экспериментінің ерекшелігі оқушы мұғалімнен тапсырма алғаннан кейін оны өздігінен орындайды. Сондай-ақ, оқушылар алдын алған білімдері мен дағдыларын белсенді қолдана отырып, гипотезаны алға тартады, мақсатқа жету үшін экспериментті қалай құру керектігін ойлайды. Жасалған, әзірленген жоспар бойынша, тәжірибе барысында қушы алынған нәтижелерді бақылайды, анализдейді, теориялық тұрғыда түсіндіреді және қорытындылайды.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау барысында төменде берілген нұсқаулар ұсынылады:

- тәжірибе жүргізуші жұмыс барысында эксперимент мақсатын қоя отырып, қандай нәтижеге қол жеткізгісі келетінің анықтайды;
- Экспериментке негіз бола алатын гипотезаны тұжырымдау және негіздеу. Гипотеза – ақиқаттығы тексеруге жататын теориялық ұсыныстардың жиынтығы;

Эксперимент барысын жоспарлау келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

- Зертханалық жабдықтар мен реагенттерді таңдау;
- Эксперимент жүргізу барысының жоспарын және қажет жағдайда конструкциялық қондырғылардың суретін құрастыру; тәжірибе аяқталғаннан кейін жұмыс барысын ойлау (реактивтерді утилизациялау, ылыстарды жуу ерекшеліктері т.с.с.);
- Қауіп көзін анықтау (тәжірибе кезіндегі сақтық шараларын сақтау);
- Эксперимент нәтижелерін жазу формасын таңдау.

Тәжірибені жүзеге асыру, бақылаулар мен өлшемдерді тіркеу. Эксперимент нәтижелерін талдау, өңдеу және түсіндіру мыналарды қамтиды:

- Қажет болған жағдайда нәтижелерді математикалық жолмен өңдеу;
- эксперимент нәтижелерін гипотезамен салыстыру;
- экспериментте жүріп жатқан процестерді түсіндіру;
- қорытындылап тұжырымдау.

Рефлексия – мақсат пен нәтижені салыстыру негізінде экспериментті білу жіне бағалау. Экспериментті орындау үшін барлық операциялар сәтті орындалғанын анықтау керек.

Зерттеу әдісін оқыту тәжірибесінде қолдану оқушылардың таным процесінің ең жоғары сатысы болып табылады және шығармашылық ойлауын дамытуды көздейді. Шығармашылық ойлау дағдыларын меңгеру, ең алдымен, ғылыми имитациялайтын әрекеттер арқылы мүмкін болады.

Өсімдіктер дүниесінің пигменттерін зерттеуге арналған ғылыми –зерттеу жұмысын әзірлеу арқылы осы ойды жүзеге асыруға тырыстық. Зерттеудің химиялық экспериментін ұйымдастырған кезде студенттер экспериментті жоспарлауды, бақылауларды сауатты жүргізуді, оның нәтижелерін жазып алуды және сипаттауды, жалпылауды, қорытынды жасауды, сондай-ақ танымның ғылыми әдістерін меңгеруді талап ететін жағдайларға тап болады.

Оқушылардың шығармашылық ойлауын қатыптастыру оқудың проблемалық құрылысы мен іс-әрекетті ынталандыру арқылы жүзеге асады.

Сабақ барысы сұрақтаға жауап беруге көмектесетін бірқатар іздеу және зерттеу тапсырмалардан құрылады: атап айтсақ,

- Антоцианиндердің индикаторлық қасиеттері мен қышқыл – негіз индикаторларының қасиеттері арасындағы ұқсастықты эксперименталды түрде қалай дәлелдеуге болады?
- Табиғи көрсеткіштер бар ма?

Сыныпта сөз бостандығы атмосферасын құру, оқушы жібрген қателік зерттеу мәселесін шешу үшін күтпеген жағдайда алынған мәлімет деп қарап, өз бетінше шешім қабылдау ұшін жағдай жасау керек. Сонда ғана оқушылардың шығармашылық әлеуеті шынайы ашылып, білімдерін арттыра түседі.

Студенттердің зерттеушілік әрекетінің принципін өзіміз әзірлеген жұмысымыздың бірі «Өсімдік пигменттері – антоцианиндер» мысалында көрсете аламыз. Оқушылар қышқылды және сілтілі ортада күлгін гүлдердің әр түрінің түсінің өзгеруін зерттеді. Бұл эксперименттік жұмыс ағылшын химигі Робер Бойылдың тарихи тәжірибесін қайталай отырып оқу процесіне маңызды гуманитарлық және мәдени аспектіні енгізеді. Экспериментті жүргізу үшін бірдей арақашықтықта орналасқан үш күлгін гулдер жинағы дайындалды. Ары қарай оқушылар түрлі ортада орналастыруды ұсынды. Бірінші гүл шоғын аммиак атмосферасына, екінші гүлдер шоғын хлорсутек атмосферасына, ал үшінші гүл шоғын бақылаушы топ ретінде қалдырды. Тәжірибе соңында оқушылар үлгілерді олар сақталған ортасына сәйкес орналастырды. Әртүрлі ортадағы күлгін гүлдердің түсінің өзгеруін анықтаған оқушылар ұсынылған әдебиеттерді пайдалана отырып, түс өзгерісінің сесбебін іздейді. Сондай-ақ, оқушылар табиғи нысандардың барлық түске боялуы антоциониндерге негізделгенің анықтайды. Эксперимент нәтижелерін шығарғаннан кейін студенттер әртүрлі табиғи материалдардың (мүкжидек пен көкжидек, қызылша шырыны және т,б) индикаторлық қасиеттерін анықтау ұшін өз бетінше зерттеу жүргізеді.

Қорытындылай келе, қазіргі мектептегі химиялық экспериментті жетілдіру илюстрациялық эксперименттердің санын көбейту бағытында емес, эксперимент өнімділігін арттыру, оқыту барысына зерттеу эксперименттерін қол жетімді материал негізінде енгізу.

Жалпы химия сабағында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқытудың зерттеу әдісін жүйелі түрде қолдану оқушылардың зерттеушілік қабілетін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етері сөзсіз. Бұл әдіс химияны оқыту процесін қоршаған ортамен тығыз байланыстырда, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, осы жерде Климентия Аркадьевич Тимерязевтің айтуынша, химиялық эксперимент оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін ынталандырудың және қажеттіліктерін барынша жүзеге асыруға жағдай жасаудың ең тиімді әдістерінің бірі екені растайды. «Бақылаулар мен эксперименттерді жасауды үйренген адамдар мектепте аталған жайыттар,ға

қызығушылық танытпаған адамдармен салыстырғанда жоғары психикалық және моральдық деңгейде бола отырып өздері сұрақ ұоб және оларға нақты жауаптар алу қабілетіне ие болады» Қ.А.Тимерязев.

Әдебиеттер:

1. Васильева П.Д., Кузнецова Н.Е. Обучение химии: Модернизация общего образования. – М.: Просвещение, 2003. – 128 с.

2. Пак М.С. Дидактика химии: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Владос, 2004. – 315 с.

3. Shokybaev Zh.A., Onerbayeva Z.O., Ilyassova G.U. Teahing methods on chemistry. – Almaty, 2016. – 271p

4. Жұмаділова Р.Н. Мектепте химияны оқытуды жаңарту мақсатымен. //Химия мектепте, 2003. - №4. – Б. 15-17б.

ӘОЖ 37.016

МОДУЛДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ КӨМІРСУТЕКТЕР ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ЖАЛПЫЛАУ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕУ

Әбдах Е.С., Лесбек М.Ә., Шерубек П. Н. - 1504-19а тобының студенті

Ғылыми жетекші: Шыназбекова Ш., Битемирова А.Е. – х.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье проведены исследовательские работы по обобщению и систематизации знаний об углеводородах с помощью технологии модульного обучения. Подготовлен и обобщен модуль на тему ненасыщенных углеводородов-алканов.

Summary

The research works on generalization and systematization of knowledge about hydrocarbons with the help of modular learning technology are carried out in the article. A module on the topic of unsaturated hydrocarbons-alkanes has been prepared and generalized.

Мақаланың өзектілігі: Қазіргі білім беру моделінде білім алушының жеке басының дамуы ерекше маңызға ие. Жеке тұлғаны дамытудың бір аспектісі - ақыл-ой белсенділігін дамыту. Маңызды орынды ойдағы процесті білімді жалпылау және жүйелеу алады.

Психологтардың (П.Я. Гальперина, В.В. Давыдова, Е.Н. Кабановой-Меллер, Н.А. Менчинской, Н.Ф. Талызиной, М.Н. Шардакова және т. б.), дидактиктер мен әдіскерлердің (Л.В. Занкова, М.Н. Скаткина, А.В. Усовой, К.Б. Бабанского, М.А. Есиповой) көптеген жұмыстары білімді жалпылау және жүйелеу мәселесіне арналған, онда жалпыланған білімді қалыптастыру жолдары, оқушылардың жалпыланған білімін игеру деңгейі мен олардың танымдық белсенділігі мен тәуелсіздігін дамыту арасындағы байланыс қарастырылады, жалпыланған және жүйелік білімді қалыптастыру кезінде оқу жұмысын ұйымдастыру әдістері сипатталады.

Химияны оқыту әдістемесінде білімді жалпылау мен жүйелеуде модульдік технологияларды қолдану мәселесі әлі өте аз зерттелген.

Бұл зерттеу келесі қайшылықтарды шешу қажеттілігіне байланысты:

- фронтальды оқыту әдістері мен оқушылардың органикалық химия туралы білімдерін игерудің жеке процесі арасында;

- мазмұн көлемі мен органикалық химияны оқудағы оқушылардың нақты мүмкіндіктері мен қажеттіліктері арасында;

- оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктері мен органикалық химияны оқуға бөлінген сағат саны арасында.

Мақсатымыз-оқушылардың білімінің беріктігін, тереңдігі мен жүйелілігін қамтамасыз ететін модульдік оқыту технологиясы арқылы органикалық химия бойынша білімді жалпылау және жүйелеу әдістемесін әзірлеу.

"Көмірсутектер" бөлімі бойынша жалпылама сипаттағы модульдік бағдарламаны пайдалану тиімділігіне эксперименттік тексеруді жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

Модульдік оқыту қазіргі заманғы педагогикалық технологияның бірі болып табылады, өйткені оның барлық белгілері бар:

- ғылыми (белсенділік тәсіліне, білімді игерудің психологиялық педагогикалық заңдылықтарына негізделген);

- интегративтілік пен оңтайлылық (белсенділік, жеке, жүйелік, кибернетикалық және контексттік тәсілдер);

- оқу процесінің және оның нәтижелерінің қайталануы;

- қарқындылық пен тиімділік;

- оқыту нәтижелерін сапалық және сандық бағалау;

- оқытушы мен оқушының мақсатты өзара іс-қимылы;

- оқушы мен оқытушының қызметін бағдарламалау [1].

Келесі оқу элементтері (ОЭ) "кіріс" бақылауы. "Кіріс" бақылауының негізгі дидактикалық функциясы өзекті бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Бұл бақылаудың басты ерекшелігі оның өтуі одан әрі зерттеу үшін "рұқсат" берудің бір түрін білдіретіндігінде яғни тапсырмалар бүкіл модульдің мазмұнын игеру үшін қажет тірек білімдері мен іс-қимыл әдістерін жаңартуды қамтиды.

"Кіріс" бақылау негізінен барлық оқушылардың жадында жаңа білім алуға немесе бүкіл модульдің мазмұнын саналы түрде игеруге болатын білімдерді жаңартуға бағытталған. Сонымен бірге, ол алдыңғы оқу материалы мен берілген модуль арасында байланыс орнатады.

Қаныққан көмірсутектер тақырыбындағы көміртектің құрылымы туралы білімді жалпылау мақсатында төмендегідей модуль құрылды.

Модуль құрылымы:

1. Модульді зерттеу мақсаттары

2. Кіріс бақылау

3.Алкандар мен циклоалкандардың құрылымы, құрамы, физикалық қасиеттері

4. Алкандар мен циклоалкандардың номенклатурасы

5. Алкандар мен циклоалкандардың химиялық қасиеттері

6."Органикалық қосылыстардағы көміртекті, сутекті және хлорды сапалы анықтау" практикалық жұмысы

7. Алкандар мен циклоалкандарды қолдану және алу

8. Көмірсутектердің химиялық формулаларын табу

9. Алкандар мен циклоалкандар тақырыбы бойынша білімді, іскерлікті және дағдыларды жалпылау, жүйелеу және түзету

10. Қорытынды бақылау

1. Модульді зерттеу мақсаттары

Берілген модульді зерттегеннен кейін білуі керек:

-алкандардың гомологтық қатарын, алкандар мен циклоалкандардың изомериясын, құрылымындағы айырмашылық пен ұқсастық, физикалық қасиеттерінің олардың молекулаларының құрамы мен құрылымына тәуелділігі,

құрылымы мен қасиеттерінің байланысы, химиялық реакциялардың түрлері, қолдану салалары, зертханада алкандар мен циклоалкандарды алу тәсілдеріндегі ұқсастықтарды, химиялық формулаларын шығаруға арналған есептерді шешу алгоритмін.

Модульдің соңында осы мақсаттарға жетуіміз керек яғни модульді дұрыс құрғанымыз, нәтижеміз осыған байланысты болады.

2.Кіріс бақылау

2.1. Дұрыс жауапты таңдаңыз:

Көміртектің қосылыстардағы валенттіліктері:

1) I; 2) II; 3) III; 4) IV.

2.2. Пропан молекуласының молекулалық, құрылымдық, қысқартылған құрылымдық формулаларын көрсетіңіз:

а) б) CH_3-CH_2-CH_3 в) C_3H_8



Жауабын жазыңдар.

2.3. Дұрыс жауап көрсетіңдер:

Органикалық қосылыстарда негізінен кездесетін химиялық байланыс:

а) иондық; б) ковалентті; в) сутетік; г) металдық.

2.4. Дұрыс жауапты көрсетіңдер:

Радикал-дегеніміз:

1) «+» зарядталған бөлшек;

2) «-» зарядталған бөлшек;

3) нейтрал бөлшек.

3.Алкандар мен циклоалкандардың құрылымы, құрылысы және физикалық қасиеттері

3.1. Метан молекуласының құрылымы

Көміртектің қозған және қалыпты күйдегі электронды формуласын жаз. s - және p - электрондардың қозған күйін көрсет?

Жауап:

Көміртек атомының негізгі күйі



Көміртек атомы қозған күйде



Метан молекуласының гибридтену түрін, валенттілік бұрышын және С-С байланысының ұзындығын жаз.

3.2. Алкандар мен циклоалкандардың құрамы, құрылымы және физикалық қасиеттері

а) Мыналардың ішінен алкандарды жазып көрсетіңіз: C_4H_{10}, C_5H_8, C_8H_{12}, C_9H_{16}, C_9H_{20}, C_2H_2, C_3H_8, $C_{15}H_{30}$, $C_{18}H_{38}$

б) Біріншілік, екіншілік, үшіншілік және төртіншілік көміртек атомдарын санын көрсетіңіз:



- біріншілік көміртек атомы- 5
- екіншілік көміртек атомы- 1
- үшіншілік көміртек атомы- 1
- төртіншілік көміртек атомы- 1

3.3 Көмірсутек молекулаларының модельдерін жасаңыз:



Молекула модель



Стереохимиялық формуласы

4. Алкандар номенклатурасы (аталынуы) мына сызбанұсқаны негізге ала отырып жауап береді:



2,2,4-триметил-3,3-диэтилгексан

Осылай модульдегі барлық тақырыптарға тапсырмалар дайындалып беріледі де соңғы қорытынды бақылау жасалады.

10. Қорытынды бақылау

1. Заттың құрамында 80% С және 20% Н бар. Осы көмірсутектің ауадағы салыстырмалы тығыздығы 1.03. Көмірсутек формуласын анықтаңыз. Оны атаңыз.

2. Келесі тізбекті шешіңіз (СхНу)



Қорытынды: модульдік оқыту технологиясы арқылы көмірсутектер туралы білімді жалпылау және жүйелеуге қол жеткізілді.

Әдебиеттер:

1.Беспалов, П. И. Модульная технология обучения химии: теория и практика / П. И. Беспалов, А. В. Орехов. — Саранск, 2002. — 139 с.

2.Кошелева О.А. Ообобщение и систематизация знаний по углеводородам средства-ми модульной технологии обучения. канд.дисс. –Москва, 2009г.

ОЖ546.212

ОЗОН ҚАБАТЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

Дүйсенханов Ұ.Г., Садыбай А.Е. -1504-12 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: **Керимбаева К.З.** – т.ғ.к. доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье представлены разрушение озонового слоя и его последствия.

Summary

In this article, measuresto prevent the destruction of the ozone layer were mentioned

Озон қабаты-озонның көп мөлшері (O_3) бар жер стратосферасының бөлігі. Ол жер бетінен 10-50 км биіктікте орналасқан және бізді күннің зиянды ультракүлгін сәулелерінен қорғайды. Озон қабаты біздің планетамызды зиянды ультракүлгін сәулелерден қорғауда маңызды рөл атқарады, бұл адам мен жануарлардың денсаулығына, сондай-ақ өсімдіктер әлемі мен экожүйелерге әсер етуі мүмкін. Атап айтқанда, ультракүлгін сәулелер терінің қатерлі ісігін тудыруы, иммундық жүйені әлсіретуі, жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін арттыруы және генетикалық мутациялар мен дамудың бұзылуына әкелуі мүмкін ДНҚ-ны бұзуы мүмкін. Сондықтан озон қабатын сақтау адамдар мен жануарлардың денсаулығын сақтау, өсімдіктер әлемін сақтау және планетамыздағы экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін маңызды міндет болып табылады.

Хлорфторкөміртектер мен басқа да зиянды заттарды қолдануға және өндіруге тыйым салатын Монреаль хаттамасы сияқты халықаралық ынтымақтастық және халықаралық келісімдер жасау. 1987 жылы жасалған Монреаль хаттамасы шынымен де озон қабатын бұзу мәселесін шешу үшін

халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық келісімнің мысалы болып табылады. Бұл хаттамаға әлемнің барлық дамыған елдерін қоса алғанда 190-нан астам ел қол қойды. Монреаль хаттамасының бөлігі ретінде хлорофторкөміртектер (CFC) және озон қабатын бұзатын басқа химиялық заттар сияқты зиянды заттарды өндіру және пайдалану біртіндеп жойылуы керек екендігі анықталды. Ол үшін осы заттарды өндіру мен тұтынуды кезең-кезеңімен азайту кестесі белгіленді және халықаралық деңгейде оларды пайдалануды бақылау және бақылау жүйесі құрылды. Сонымен қатар, халықаралық қауымдастық озон қабатына зиян келтіруі мүмкін зиянды заттардың шығарындыларын азайту немесе жою үшін жаңа технологиялар мен әдістерді әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыруда. БҰҰ озон қоры және жаһандық қоршаған орта қоры сияқты бастамалар зиянды заттардың шығарындыларын азайту жобаларын қаржыландыруға қаражат бөледі. Сонымен қатар, озон қабатының жағдайын ғылыми зерттеумен және бақылаумен, озон қабатын қорғау бойынша ұсыныстар мен шараларды әзірлеумен айналысатын климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ (IPCC) және Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМҰ) сияқты ұлттық және халықаралық ұйымдар бар [2].



Сурет-1 Антрактида 2006 жқыркүйек айы ең үлкен азон тесігі.

Озон қабатын бұзбайтын балама заттарды қолдану, мысалы, гидрофторкөміртектер (HFC) және гидроксифторкөміртектер (HFO). Озон қабатын бұзбайтын балама заттарды қолдану озон қабатын бұзу мәселесін шешудің бір жолы болып табылады. Мысалы, хлорофторкөміртегі (CFC) мен галогенді көмірсутектерге (HCFC) балама ретінде өнеркәсіпте гидрофторкөміртектер (HFC) және гидроксифторкөміртектер (HFO) қолданылады. Мысалы, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP) тоңазытқыштар мен кондиционерлердегі HCFC ауыстыруға арналған балама заттарды бағалау бойынша зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу балама заттардың

әртүрлі түрлерін және олардың әртүрлі қолданбалардағы артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттады. Олар сондай-ақ нақты жағдайға және талаптарға байланысты ең қолайлы балама заттарды таңдау бойынша ұсыныстар берді. Жаңа балама заттарды және олардың тиімділігі мен қауіпсіздігін әр түрлі қосымшаларда бағалау үшін басқа зерттеулер де жүргізілуде. Бұл экологиялық тұрақтылықты, денсаулық қауіпсіздігін және өндірістік процестердегі тиімділікті тексеруді қамтуы мүмкін[1].

Сүзгілерді және ауаны тазартудың басқа әдістерін қолдану арқылы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау. Бұл сонымен қатар озон қабатының бұзылуымен күресудің бір әдісі. Сүзгілерді өнеркәсіптік өндірістерден, автомобильдерден шығатын газдардан және басқа көздерден атмосфераға шығарылатын зиянды заттарды ұстау үшін пайдалануға болады. Ауаны тазарту технологиялары зиянды заттардың шығарылуын азайту үшін катализаторларды, адсорбенттерді, жауын-шашынды және басқа әдістерді қолдануды қамтуы мүмкін. Бұл әдістер атмосфераға түсетін және озон қабатына теріс әсер ететін зиянды заттардың мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, бұл әдістерді қолдану айтарлықтай инвестицияларды және өндірістік процестерді өзгертуді талап етеді, сондықтан әртүрлі елдер мен салалар арасындағы күш-жігер мен ынтымақтастықты жаһандық үйлестіру қажет. Сүзгілер мен ауаны тазарту әдістерін қолданудан басқа, озон қабатының бұзылуымен күресудің тағы бір маңызды әдісі-энергияны тұтынуды азайту және жаңартылатын энергия көздеріне көшу. Мысалы, күн және жел энергиясы зиянды заттарды шығармайды, сондықтан оларды пайдалану атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Тағы бір маңызды фактор-озон қабатының бұзылуы және оның салдары туралы халықтың білімі мен хабардарлығын арттыру. Адамдар бұл мәселемен күресуге өз үлестерін қоса алады, мысалы, экологиялық таза технологиялар мен өнімдерді пайдалану, автомобильдер мен басқа да зиянды шығарындылар көздерін пайдалануды азайту және экологиялық қозғалыстар мен науқандарға белсенді қосу арқылы. Соңында, озон қабаты әлемдік қазына екенін және оны сақтау жаһандық күш-жігерді үйлестіруді қажет ететінін атап өткен жөн. БҰҰ, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым және климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ сияқты халықаралық ұйымдар озон қабатының бұзылуымен күресу үшін халықаралық ынтымақтастық пен күш-жігерді маңызды рөл атқарады [4].



Сурет-2 Ауа құрамындағы бөгде зиянды заттарды тазалағыш

Жұртшылықтың сана-сезімін қалыптастыру және озон қабатын бұзу мәселесі және оны шешу қажеттілігі туралы хабардарлықты арттыру. Бұл сонымен қатар озон қабатының бұзылуымен күресудің өте маңызды әдісі. Жұртшылықтың проблема туралы хабардарлығын арттыру үшін мәселеге және оны шешуге назар аударуға бағытталған ақпараттық кампаниялар, оқыту бағдарламалары және қоғамдық іс-шаралар жүргізу қажет. Бұл іс-шараларға ақпараттық брошюралар мен жарнамалық кампаниялар, оқыту семинарлары мен конференциялар құру, қоғамдық іс-шаралар өткізу және оқу бағдарламалары арқылы жастар мен балалардың проблемаларын зерттеуге тарту кіруі мүмкін. Жұртшылықтың сана-сезімін қалыптастыру мәселені білу мен түсіну деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар өндірістік процестерге және жалпы күнделікті өмірге өзгерістер енгізуге қолдау мен мотивация көзі бола алады. Әр адамның жеке әрекеттері, мысалы, энергияны үнемдейтін шамдар мен құрылғыларды пайдалану, энергия мен суды тұтынуды азайту, экологиялық таза қозғалтқышы бар автомобильдерді таңдау және т.б. зиянды заттардың шығарындыларын азайтуға және озон қабатын қорғауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Осылайша, озон қабатын бұзу мәселесі туралы білім беру және халықты хабардар ету бұл мәселемен күресудің маңызды әдісі және қоғамды осы мәселені шешуге бірлесіп күш салуға жұмылдыру тәсілі болып табылады [3].

Атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын азайтуға және озон қабатының бұзылуын болдырмауға көмектесетін жаңа технологиялар мен әдістерді жасау үшін ғылыми саладағы инновациялар. Шынында да, ғылыми саладағы инновациялар озон қабатын бұзу мәселесімен күресуде маңызды рөл атқаруы мүмкін. Мысалы, ғалымдар өнеркәсіпте және тұрмыстық жағдайларда қолданылатын хлорофторкөміртектер мен гидрохлорфторкөміртектер сияқты зиянды заттарды алмастыра алатын жаңа материалдарды зерттей алады. Сонымен қатар, ғалымдар озон қабатының бұзылуына әкелетін процестерді жақсы түсіну және оны қорғаудың жаңа әдістерін іздеу үшін зерттеулер жүргізе алады. Мысалы, озон қабатын зиянды әсерлерден қорғайтын арнайы нанобөлшектерді қолдану мүмкіндігін зерттеуге болады. Озон қабатын қорғау үшін осы жаңа технологиялар мен әдістерді сәтті енгізу және пайдалану үшін

үкіметтер мен өнеркәсіптердің жаһандық ынтымақтастығы мен күш-жігерін үйлестіру қажет [4]. Озон қабатын бұзу мәселесін шешудің бірнеше әдісі бар:

1. Хлорфторкөміртектер мен басқа да зиянды заттарды пайдалануға және өндіруге тыйым салатын Монреаль хаттамасы сияқты халықаралық ынтымақтастық және халықаралық келісімдер жасау.
2. Озон қабатын бұзбайтын балама заттарды қолдану, мысалы, гидрофторкөміртектер (HFC) және гидроксифторкөміртектер (HFO).
3. Сүзгілерді және ауаны тазартудың басқа әдістерін қолдану арқылы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау.
4. Жұртшылықтың сана-сезімін қалыптастыру және озон қабатын бұзу мәселесі және оны шешу қажеттілігі туралы хабардарлықты арттыру.
5. Атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын азайтуға және озон қабатының бұзылуын болдырмауға көмектесетін жаңа технологиялар мен әдістерді жасау үшін ғылыми саладағы инновациялар.

Озон қабатының бұзылуы біздің планетамыз бен адам денсаулығымыз үшін маңызды мәселе болып табылады. Алайда, бұл мәселені шешудің халықаралық ынтымақтастық және халықаралық келісімдер жасау, баламалы заттарды пайдалану, атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау, қоғамның сана-сезімін қалыптастыру және ғылыми саладағы инновациялар сияқты әдістері бар. Бірақ бұл әдістер әртүрлі елдер мен салалар арасындағы күш-жігер мен ынтымақтастықты жаһандық үйлестіруді қажет ететінін түсіну маңызды. Тек осылай ғана біз озон қабатының бұзылуын болдырмай, планетамыздың және оның тұрғындарының денсаулығы мен әл-ауқатын сақтай аламыз.

Әдебиетер:

1. Рави Шанкара А.Р. және басқалар. Азот оксидтері және озон қабатының бұзылуы: экологиялық саясат нұсқаларын ғылыми бағалау. Қоршаған орта ғылымы және технологиясы, журнал №43(1), 2019ж. 116-120 бет.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП), "Озон қабатын бұзатын заттар туралы Монреаль хаттамасы". 1987 ж.
3. Сюзан Сүлеймен "Антарктикалық озон тесігі: жаңарту", tellus B, 2019ж.
4. Джон А. Пайл және басқалар, Озон қабатының бұзылуы және климаттың өзгеруі: ультракүлгін сәулеленудің әсері. Фотохимиялық және фотобиологиялық ғылымдар. 2016 ж.

ӘОЖ 372.854

ХИМИЯ ПӘНІН STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ СЫЗБАНҰСҚАСЫ

Жарылқасын Ә.С. - М1504-22 тобының магистранты
Тілеуке А. - 10 сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Мәдібекова Г.М. - х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
«JOO High School Shymkent» мектебі, Шымкент

Резюме

В статье представлена схема проведения занятий по химии на основе STEM технологии. В ходе урока были интегрированы предметы химия, математика и использованы средства ИКТ. Также разработаны задания с целью развития научных,

технологических, инженерных, математических навыков обучающихся по STEM технологии. В результате установления межпредметной интеграции обучающиеся смогли усвоить сложные темы по химии, повышается мотивация к занятиям, активность, совершенствуется мышление знаний значительно улучшилось.

Summary

The article presents a scheme for conducting chemistry classes based on STEAM technology. During the lesson, the subjects of chemistry, mathematics were integrated and ICT tools were used. Tasks have also been developed with the aim of developing scientific, technological, engineering, mathematical skills of students in STEM technology. As a result of the establishment of interdisciplinary integration, students were able to master complex topics in chemistry, motivation for classes increases, activity improves, knowledge thinking has improved significantly.

Бүгінгі күні электронды ресурстардың қарқынды даму сатысында білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру тек қана ұстаздардың қолында.

Ұстаз - білім беруші, оқушының бәсекеге қабілеттілігін арттырушы, бағыт-бағдар көрсетуші. XXI ғасырдың жастары SMART мұғалімді қажет етеді. Ал SMART мұғалім деген жан-жақты дамыған, замануи әдіс-тәсілдермен технологияларды жетік меңгерген болуы керек. Осыған сәйкесінше ұстаздың жан-жақты екендігін айқын көрсететін технологиялардың бірі STEM болып саналады.

STEM технологиясы- қазіргі заман талабы және оқыту мен білім беру жүйесінің интеграцияланған түрі. Бұл технология қазіргі күні бүкіл әлемдік деңгейде қарқынды дамып, қолданысқа енген. Осы технология негізінде біршама жобалар әзірленіп, өз жемісін беруде [1].

STEM технологиясы бойынша білім берудің басты міндеттеріне:

-белгілі бір стандарттар арқылы пәнді оқыту жүйесі;

-технология аясында түрлі жобалар дайындау;

-иммитациялау яғни рольдік ойындар;

-студентке бағдарланған оқыту

-топтық, жұптық оқыту дағдысын қалыптастыру;

-теориялық білімді практика жүзінде қолдану білу [2].

Зерттеу жұмысы «JOO High School Shymkent» заманауи мектебінде жүргізілді. STEM-технологиясының негізінде химия және математика пәндерімен, электронды ресурстардың көмегімен сутектік көрсеткіш, судың иондық көбейтіндісі, ортаның pH көрсеткішіне байланысты есептеулер тақырыптарында зерттеу жүргізіліп, сабақ өткізілді [3]. Сабақ барысы (1-кесте) көрсетілді.

Кесте 1

STEM технологиясы	**Судың иондық көбейтіндісі**	**Сутектік көрсеткіш**	**Ортаның pH көрсеткішіне байланысты есептеулер**
S-science	Судың иондық көбейтіндісі және оның негізімен танысты (1-сурет).	Сутекті көрсеткіш қажеттілігі, оның мәні жайлы түсінік қалыптастырды.	Тұздар гидролизі тақырыбы бойынша төрт

	 1-сурет. Тақырыптарға арналған слайд.		түрлі комбинациядағы : -күшті негіз бен күшті қышқыл; -күшті негіз бен әлсіз қышқыл; -әлсіз негіз бен күшті қышқыл; -әлсіз негіз бен әлсіз қышқылдарды қарастырды.
T-technology	«Tarsia» әдісі бойынша білімалушыларға сұрақтар мен тапсырмалар беріліп, құрастырылды (2-сурет).  2-Сурет. Тарсиа әдісі бойынша тапсырма	«Phet colorado edu» бағдарламасы арқылы pH scale- бойынша зерттеу жұмысын жүргізді (3-сурет). 3-сурет.Сутектік көрсеткішіне зерттеу жұмысы	«Unreal chemist» бағдарламасы бойыншы ортаның түсін анықтады (4-5 сурет). 4-5-сурет. Орта түсін анықтау.
E-engineering	Сутек және гидроксид иондарының тепе-теңдіктегі концентрациялары арасындағы байланыс теңдеуін құрастырады.	Зерттеуші ролінде білімалушы біршама заттардың сутектік көрсеткішін анықтайды. Мәселен: -қан 7,40 -сүт 6,50 -қара кофе 5,00 -қол жуатын сабын 10,00 [3].	Сілтілік, қышқылдық, бейтарап орталарды метилоранж, фенолфталеин, лакмус көмегімен түсін, ортасын, сутектік көрсеткішін

			анықтады. Нәтижелерді сызбанұсқаға келтірді.
M-mathematics	Сутек иондарының концентрациясы белгілі болған жағдайда гидроксил топ иондарының концентрацияларын есептеді.	Математикалық дәреже, көрсеткіш ретінде сутек иондарының концентрациясының ондық логарифмнің теріс мәні бойынша есептеу жүргізді [4].	Сілтілік, қышқылдық, бейтарап ортадағы көрсеткіштерге байланысты есептеулер жасады.

Эксперимент барысында химия, математика пәндері интеграцияланды және АКТ құралдары қолданылды. Сонымен қатар білімалушылардың STEM технологиясы бойынша ғылыми, технологиялық, инженерлік, математикалық дағдыларын дамыту мақсатында тапсырмалар әзірленді. Пәнаралық интеграция орнату нәтижесінде білімалушылардың сабаққа деген белсенділігі, құлшынысы оянып, күрделі деген тақырыптарын игере алды. Бұл технологияны қолдану арқылы орындалған тапсырмалардың нәтижесінде жалпы оқушы саны 24, 8-оқушы 80%, 8-оқушы 90%, 8-оқушы 100% көрсетіп, оқу үлгерімі 90%-ды құрады.

Әдебиеттер:

1. Lee, Irena, Perret, Beatriz Preaparing High School Teachers to Integrate all Methods into STEM Classrooms // Proceedings of the 36th AAAI Conference on Artificial Intelligence, №36, 2022.-12783-127891.
2. Бекбауова А.У., Туребаева К.Ж. Оқушының пәнге деген құштарлығын арттыруда STEM технологиясын қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4 (76), 2022.-Б-227-239.
3. Оспанова М.Қ., Аухадиева Қ.С., Белоусова Т.Г. Судың иондық көбейтіндісі // Оқулық «Химия» 2-бөлім, 2019. Б-51-55.
4. Жарылқасын Ә.С., Мәдібекова Ғ.М. Химия пәнінің зертханалық сабағында виртуальды лаборатория қолдану // Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті «Қазіргі ғылым мен білімнің даму тенденциялары» атты ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция.-2022. 54-б.

ОӘЖ 372.857

"МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ" МАҚСАТЫНДА БИОЛОГИЯ ПӘНІН БЕЙІНДІК ОҚЫТУ

Парпиева Ш.-1505-89 тобының студенті,
Серік Ж.-1505 -21 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Абубакирова А.А.-PhD**,** аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной исследовательской работе рассмотрены преимущества обучения обучающихся школы с включением предмета валиологии в биологию для формирования профессиональной компетентности учащихся, усвоения принципа правильного образа жизни и содействия решению проблем укрепления и сохранения состояния здоровья.

Summary

*In this research paper, the advantages of teaching school students with the inclusion of the subject of valiology in biology for the formation of professional competence of students, assimilation of the principle of a proper lifestyle and assistance in solving problems of strengthening and maintaining health are considered***.**

Кіріспе

Қазіргі кезде мектептерде оқушылардың өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеуді мақсат етіп, оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына көп көңіл бөлуді мақсат еткен білім бағдарламаларының аясын кеңейту өзекті болып отыр. Бұл еліміздегі жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуға, аурудың алдын алуға бағытталып отыр.

Соңғы қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс XX ғасырдың аяғы халықтың денсаулығының күрт нашарлауына әкелді. Келесідей статистикалық мәлімет мектеп түлектерінің тек 10% — нің дені сау деп, қалған 50% - морфофункционалды патология, 40% - созылмалы аурулары барын көрсетіп отыр. Соңғы 10 жылда әлеуметтік маңызы бар аурулардың (ас қорыту жүйесінің -22%-ға, тірек - қимыл аппаратының бұзылулары-1,5 - 2 есе; аллергиялық аурулар- 3 есе, көру қабілетінің бұзылуы-5 есе) саны артты. Оқу процесінде гигиенаның орнықпауынан білім ақпаратының көлемі мен күрделілігінің өсуіне байланысты оқушылардың денсаулығына ерекше қолайсыз жағдай болуынан әрбір төртінші жасөспірімде жүйке-психикалық ауытқулар байқалуда. Жасөспірімдер арасында жаман әдеттердің таралуын зерттеу темекі шегетіндердің саны орта есеппен 70% — ға, ал алкогольді ішетіндердің саны 30% - ға жеткені халықтың денсаулығына қауіп сол сияқты Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне, оның болашағына қауіп туып отырғанын растайды. Жасөспірімдердің 20% - дан 50% - на дейін денсаулығына байланысты мамандық таңдауда шектеулерге тап болатыны, тек соңғы 5 жылда ұл балалардың әскери қызметке жарамдылығы 50-70% - дан аспай, қыздардың 20% - на дейін ұрпақ беруге жарамсыздығы бойынша ауытқулар байқалуы әрине, бұл ешкімді бей- жай қалдырмайтын мәліметтер болып отыр.

Адам өмірінің барлық салалары– тамақтанудан бастап эмоционалды көңіл-күйге дейін көрсеткіштерді салауатты өмір салтын қамтиды. Яғни, салауатты өмір салты-бұл тамақтану, физикалық белсенділік және демалу режиміне

қатысты бұрынғы әдеттерді толығымен өзгертуге бағытталған өмір салты.

Зерттеудің мақсаты: Жоғары сынып оқушыларының кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру" мақсатында Биология пәнін бейіндік оқытуға валеологиялық элементтерді кіріктіру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Биологиялық білім беруде тиімді валеологиялық тәрбие әдістемесін таңдау;
2. Биология сабақтарының педагогикалық үрдісіне валеологиялық элементтерді кіріктіру.

Зерттеу әдістері

Зерттеуге Кентау қ., Қарнақ ауылы. Қарнақ жалпы орта мектебінің 8 Б сынып оқушыларына жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды.

Сабақта интербелсенді оқыту әдістері: мысалы «денсаулық сабақтары», практикалық жаттығулар, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық бақылау әдістері, АКТ заманауи әдістері мен технологиялары (рөльдік ойындар, пікір-талас, тұлғалық жобалар және т.б.), болжамдар мен қорытындылар жасауға «DEAL» әдісі пайдаланылды.Оқушылардың салауатты өмір салтын қаншалықты ұстанатыны айқындау мақсатында алдымен сауалнама әзірленді.

Интербелсенді сабақ түрлері оқушылардың денсаулық сауаттылығын арттыру мақсатында келесідей ұйымдастырылды:Түсіндіру сабағы; Пысықтау сабағы; Зерттеу сабақтары. Валеологиялық элементтерді кіріктіре отырып оқытуда оқушыларға «Еркін микрофон», «ТВ шоу», «Стоп кадр» және рольдік жарыс элементтері бар белсенді ойындар таңдап алынды.

Талдау мен нәтижелер

Мектепте оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануы құндылық қатынасына сай зерттелініп, нәтижесінің мардымсыздығы, биология сабағына валеология элементтерін кіріктіруді мақсат етті.

Ең алдымен СӨС сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 8-10 сыныптардан 65 оқушы қатысты. Сауалнамадан сұрақтардың саны 15-тен құрастырылып, нәтижесі бойынша төмендегі диаграммасы жасалынды. Сауалнаманың ең басында қимыл әрекет, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу мәселелері қамтылып, сұрақтар қойылды. Нәтижесі келесі суреттегі мәліметтерге сай (1-сурет).



1-сурет –Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі

1-суретте байқағанымыздай, «Сіздің мектебіміз салауатты өмір салтын ұстануын насихаттауға жауапты ма?» деген сұраққа мектеп оқушыларының 58,54% (38 оқушы) - «толықтай жауапты», 23% (15 оқушы) - «жартылай жауапты» және 18,46% (12 оқушы) - «қиналамын» деп жауап берді. Бірақ нәтиже көп білім алушылардың толықтай жауапты деген жауабымен ұштасып тұр. Сауалнама нәтижесі биология сабағына валеологияны кіріктіру нағыз қажет екенін көрсетеді.

Сауалнаманың екінші бөлімі ерікті оқушылардан СӨС қатысты мәліметті қандай ақпаратқа сүйенетіні сұралды. Алынған жауаптар ақпарат көздері ретінде әлеуметтік желілерден 30,77% (22 оқушы), ғаламтордан 33,83% (20 оқушы), мектеп үйірмелерінен 10,77% (7оқушы), теледидардан 7,7% (5 оқушы), спорт секцияларынан 7,7%(5 оқушы), басқа ақпарат көздерінен 9,23% (6 оқушы) туралы хабарлады (2-сурет).



2-сурет – Салауатты өмір салты туралы мәліметтерді алатын ақпарат көздері

Сыныптан тыс өткізілген валеологиялық мазмұндағы жұмыс түрлері:

1. «Денсаулық тән мен жан сұлулығы» мерекесі;
2. «Ұзақ өмір сүрудің құпиясы» атты денсаулық апталығы
3. Тән саулығы мектебі

Жоғарыдағы тақырыптар аясында оқушылар арасында «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

«Саулығыңды сақтау өз аманатың», «Темекі тәннің жауы» тәрбиелік сын сағаттары ұйымдастырылып, білім алушылардың денсаулық сауаттылығын арттыруға, нығайтуға бағытталған шаралар (темекі, нашақорлыққа қарсы) жасалды.

Күнтізбелік тақырыптық жоспарға сай, «Сезім мүшелері және реттелу» бөлімі бойынша «Сезім мүшелерінің маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу жолдары» және 7-сыныпқа «Тұқымқуалау мен өзгергіштік» бөлімі бойынша «Темекі шегу, никотин мен алкогольдың адам ұрығының дамуына тигізетін зардабы» атты тақырыбына шолу жасай отырып интербелсенді әдістерді қолдану арқылы денсаулық сауаттылғын арттыру мақсатында арнайы сабақтар ұйымдастырылды.

1-кесте – Оқушылардың «Сезім мүшелері және реттелу» тақырыбы бойынша үлгерім деңгейлері

Сынып	Оқушы саны	Сабаққа қатысуы	үлгерімі	
			Зерттеу алдындағы бағалау	Соңғы қорытынды бағалау
8б	23	100	65	90

1 кесте нәтижесі көрсетіп отырғандай Биология сабағына Валеология пәнін кірістіріп белсенді әдістермен сабақты ұйымдастыру жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.Оқушылардың белсенділігін 75 пайыздан 95 пайызға арттырды.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысында мектеп білім алушыларының биология пәніне валиология пәнін кірістіре отырып оқытудың оқушылардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға, дұрыс өмір салтын ұстану қағидасын сіңіру және денсаулық жағдайын нығайту және сақтау мәселелерін шешуге ықпал ету артықшылықтары қарастырылды.

Зерттеуде білім алушылардың денсаулығын сақтауды негізге ала отырып, инновациялық технологиялар және педагогикалық тәсілдер, бақылау, валеологиялық элементтер, интербелсенді әдіс -тәсілдер сабақ барысында сондай-ақ, сабақтан тыс пайдаланылды.

Биологияны оқытуда валеологиялық элементтерді кіріктірудің әдістемелік жолдары зерттеу бойында анықталып, білім алушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін сабақ барысында педагогикалық жағдай орнатылды.

Яғни, биология сабағында валеологиялық элементтерді қамтитын денсаулық сауаттылығы сабақтары жүргізілді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың салауатты өмір салтына деген оң көзқарасын туғызып, зерттеушілік, тұлғалық және танымдық қабілеттері дамытып, кәсіптік құзіреттіліктерінің қалыптасуына оң ықпалын тигізді. Биологиялық сабаққа валеологиялық элементтерді кірістіре «Сезім мүшелері және реттелу», «Тұқымқуалау мен өзгергіштік» тақырыптары, салауатты өмір салтын қалыптастыру заңдылықтары талданды.

Бастапқы нәтижелер білім алушылардың өзін-өзі бағалау көрсеткіші бойынша 65 % көзқарастар салауатты өмір салтын ұстануға деген нәтижені көрсетсе, зерттеу барысында биология сабақтарында валеологиялық элементтерді кіріктірудің тиімділігінің арқасында білім алушылардың 90% салауатты өмір салтын ұстануға деген белсенділігін арттырды.

Әдебиеттер:

1. Вайнер, Э. Н. Валеология. Учебник для вузов / Э.Н. Вайнер. - М.: Флинта, 2016. - 800 с.
2. Амосов Н.М. Раздумье о здоровье. 3-е изд., доп., перераб. - М.: Физкультура и спорт, 1987. - 64 с.
3. Арбузова, Е. Н. Общая методика обучения биологии [Электронный ресурс] : курс лекций / Е. Н. Арбузова ; Омский гос. пед. ун-т. - Омск : [б. и.], 2010. - 514 с.

ӘОЖ 37.016

МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сапарбек Т.А. - 1507-19а тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Шиназбекова Ш. - х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассмотрена методика применения электронного обучения в обучении химии в общеобразавательных учереждениях. Подготовлен и проведен исследовательский урок на тему органической химии.

Summary

This article discusses the methodology of using e-learning in teaching chemistry in general education institution. A research lesson on organic chemistry eas prepared and conducted.

Электронды оқыту жаңа заман талабы деп айтсақ мүлт кетпейтініміз һақ деп есептеймін. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар революциясы адам қызметінің барлық түрлеріне айтарлықтай әсер етуде. Білім беру саласында бұл революция айналып өткен жоқ. Тіпті, электрондық құрылғылардың білім саласына тигізетін әсері басқа салаларданда орасан зор. Қазіргі уақытта білім беру, оқыту үдерісі – бұл белгілі бір мақсатты бағыттала жүзеге асырылатын және нақты өмірлік жағдайларда қолданылатын үздіксіз және белсенді процесс.

Электронды оқыту интернет желісін қамтитын электронды тасымалдаушылар арқылы цифрлық түрде жүргізілетін оқыту түрі. Электронды оқыту интернет желісі, ұялы телефондар, Wi-Fi, прожекторлар, интербелсенді

тақталар, ноутбуктер мен басқа да дамып келе жатқан технологиялар химия сабақтарында кеңінен қолдануға болатын құрылғылар арқылы қолжетімді бола алады. Электронды оқытуды мектепте қамтамасыз ету үшін керекті алғышарттарды атап өтсек:

1. Қолжетімді сандық құрылғылардың болуы
2. Мультимедианы дамыту (аудио,графикалық және бейнероликтер)
3. Интернет желісі
4. Жақсы құрастырылған оқытуды басқару жүйесі

ЫбырайАлтынсариннның «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білу» деген сөзін еске ала отырып, білім беруде электронды оқытудың бірнеше артықшылықтарына тоқталғым келеді.

Электронды оқытудың ең маңызды және оны пайдаланудың басты себептерінің бірі – бұл әр оқушы үшін әртүрлі оқу қарқынын қамтамасыз етуі. Тіпті, бір сыныптың ішінде оқуға деген мүмкіндіктерінің ауқымы әр түрлі болуы мүмкін екенін ескерер болсақ, әр оқушы берілген материалдарды өз жылдамдығымен игеруге мүмкіндік ала алады.

Электронды оқыту заманауи оқушылармен үндесуге және ағымдағы трендтермен жаңартылған білім беруге жол ашады. Z ағымының оқушыларын химия сабағын қиын, әрі түсініксіз деп емес, керісінше, қызықты , әрі маңызды екендігіне қызығушылықтарын арттыру арқылы ғана назар аударта аламыз.

Электронды оқытуды химия сабағында интербелсенді тақтадан мультимедиалық ақпараттарды көрсету, виртуалды зертханаларды жасау, электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы қолдансақ болады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, 10 сынып оқушыларына тәжірибе жасап көрдім. Органикалық заттардың құрамы мен құрылысы тақырыбында сабақ өткізу барысында электронды оқыту элементтерін қолдандым.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңінде оқушыларды топқа бөлу үшін QathMath бағдарламасын пайдалана отырып, 3-ке бөлдім. 1) Метан

2) Этан

3) пропан

Ол үшін қажетті жағдайлар : интернет желісі, интербелсенді тақта.



Үй тапсырмасын сұрау барысында Quizes сайтын пайдалана отырып, оқушылардын алдынғы білімді қаншалықты игергенің анықтай алдық. Бұл сайттың артықшылығы оқушы жауабы бірден тексеріледі және бағалау үшін тым ұзақ уақыт кетпейді.



Жаңа сабақты түсіндіру кезінде мультимедиалық бейнелер мен слайдтар арқылы оқушыларға визуалды түрде түсінік қалыптастырдым.

Сабақтың ортасында оқушыларға тапсырмалар берілді. Wordwall. Learning.apps бағдарламалары арқылы тапсырмаларды оқушыларға қызықты түрінде беруге болады. «Game» түріндегі тапсырмаларды орындау оңайырақ көрінгендіктен, барлық оқушылардың тапсырма орындауға, сабақ мазмұның жақсырақ меңгеруге ұмтылысын арттырады.



Бұл сабақты өткізу барысында электронды оқытудың тағы бір тәсілі виртуалды лабараторияны қолдандым. Виртуалды лаборатория бұл химиялық зертханаларды онлайн түрде жасауға мүмкіндік беретін құрал. Бұл лабораторияларда тек реагенттерді пайдалану арқылы ғана емес, сонымен қатар, заттарды молекулалық модельдеуге де болады. Мысалы, Колорадо Боулдер университетіндегі Phet интерактивті моделдеу жобасы тегін пайдалануға болады. Бұл зертханалық жұмыста оқушылар органикалық заттардың құрамын біле отырып, олардың 3Д моделін жасайды.



Сабақ соңында кері байланыс орнату үшін Classroom бағдарламасын пайдаланып, оқушылардың сабаққа деген пікірін біле аламыз. Мұндай бағдарламарадың арқасында артық қағаз шығынынан арылуға болады.

Салыстыра келе, 10 сыныптар арасында алынған тест нәтижесінде дәл осы сыныптың оқушылары органикалық химияны жақсы меңгергенің атап өткен жөн. Төмендегі кестеде 10 Ә және 10 Б сыныптарының білім сапасы көрсетілген:



Қорытынды: Білім берудің жаңартылған үлгісі ретінде ақпараттық технологияларды қолдану еліміздегі білім сапасын анағұрлым арттыратыны гипотеза емес, аксиома екені дәлелденген. Электронды оқыту бұл оқудың ең икемді, үнемді әдісі және оны дұрыс пайдаланған кезде ол өте қуатты білім беру жүйесінің негізіне айнала алады.

Электронды білім беру қазіргі сыныпта маңызды рөл атқарады, мұғалімдерге оқушылардың жетістіктерін онлайн күнделіктер арқылы бөлісуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушыларға электронды оқу материалдары мен виртуалды лабаротариялар, электронды ақпарат алмасу орталықтары арқылы сыныптан тыс оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл оқыту түрі арқылы мектептерге артық қағаз шығынына жол бермейді. Қағаз кітаптар мен материалдар толық ескірді деп айтуға болмайды, бірақ электронды оқыту құралдары мен ресурстары қағаз қалдықтарын азайтуда және экологиялық проблемаларды шешуде үлкен рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. С.Т.Мұхамеджанова, Жартынова Ж.Ә, Ғ.Н. Толықбаева.: Электрондық оқыту бойынша мониторинг жүргізу әдістемелік құралы.

2. Оттекина Н.Е. : Использование электронного учебного пособия в образовательном процессе.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН «АДАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА ІС-ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Құдайберген А., Кеңес А., Нияз А

Ғылыми жетекші: Сартбаева Г.М. -а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены эффективные методы обучения разделу «влияние деятельности человека на окружающую среду» по биологии с применением современных образовательных систем и технологий

Summary

The article considered effective methods of teaching the section "impact of human activity on the environment" in biology using modern educational systems and technologies

Биология сабақтарында әдісті таңдау әртүрлі себептерге байланысты: мысалы, сабақтың мақсатына, оқушылардың тәжірибесіне, олардың біліміне байланысты. Сонымен қатар, көптеген белсенді әдістердің атаулары өте шартты болып табылады. Көбінесе бір атауды және әртүрлі мазмұнды белгілеу үшін қолданамыз, немесе керісінше, бірдей әдістер әртүрлі атауларда кездеседі.

Биологияны оқыту процесінде әртүрлі қарама-қайшылықтар жиі кездеседі, мысалы:

- биологияны оқытуға қойылатын талаптарды арттыру және оқу уақытының санын азайту;
- немесе қазіргі студенттер кітаптардан алғаннан гөрі компьютерге ақпарат алу үшін жиі жүгінеді. Бұл олардың білім деңгейін арттырады, бірақ ақпарат өте көп және ол әрдайым дұрыс болуы екіталай.

Осы қарама-қайшылықтарды шешу үшін мұғалім оқушы тұлғасын дамытудың барлық мүмкіндіктерін шебер пайдаланып, оқушылардың білімді терең де мазмұнды меңгеруіне күш салуы және тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруы, биологияны оқытудың әртүрлі түрлерін қолдануы

керек: Сократтық, догматикалық, дамытушы, түсіндірмелі-иллюстративті, проблемалық, бағдарламаланған, модульдік, ақпараттандыру, мультимедиялық, сонымен қатар оқытудың белсенді әдістерін барынша пайдалану.

Ғылымдағы әдіс – бұл «зерттеу пәнінің адекватты және жан-жақты көрінуіне, мәнін ашуға, оның заңдылықтарын білуге жетудің жалпы тәсілі». (Б.М.Кедров, 1967). Кешенді физикалық-географиялық зерттеулерге қатысты ғылыми білімнің кезеңдері. Зерттеу әдістерінің көптігі және олардың жіктелуі. Әдістері: дәстүрлі - салыстырмалы, картографиялық, тарихи; жаңа - әуе, геофизикалық, геохимиялық; соңғы - ғарыштық, математикалық, модельдеу, болжау. Әр ғылымда зерттеу әдістері зерттеудің пәні мен мақсатына, теорияның даму деңгейіне байланысты оның даму процесінде қалыптасады және сонымен бірге олар өздері теорияны одан әрі дамытуға ықпал етеді. Ғылыми зерттеулерде қолданылатын әдістердің көптігі оларды белгілі бір жүйеге келтіруді қажет етеді. Б.М.Кедров (1967) жаратылыстану ғылымындағы барлық ғылыми әдістерді үш негізгі топқа бөледі: жалпы, арнайы және ерекше.

Жалпы әдістерді барлық жаратылыстану ғылымдары олардың кез-келген объектілерін зерттеу кезінде қолданады. Табиғатты зерттеудің ең жалпы әдісі – диалектикалық әдіс, ол екі түрлі формада конкреттелген: салыстырмалы әдіс түрінде, оның көмегімен құбылыстардың әмбебап байланысы ашылады және тарихи әдіс ашылады.

Арнайы әдістер бүкіл табиғи білімде қолданылады. Алайда, олар тұтасымен зерттелетін объектіге қатысты емес, тек оның бір нақты жағына (құбылыс, сандық жағы және т.б.) немесе зерттеу, бақылау, эксперимент, өлшеу, индукция және белгілі бір әдістеріне қатысты дедукция, талдау және синтез, формализация, модельдеу және т.б.

Жеке әдістер – бұл заттардың белгілі бір қозғалыс формасының (химиялық, физикалық, биологиялық, геологиялық) өзіндік сипатымен байланысты арнайы әдістер. Олардың кейбіреулері тек жеке жаратылыстану ғылымдарының шеңберінде, ал басқалары туыстас ғылымдардағы объектілерді зерттеу кезінде қолданылады, бірақ материяның белгілі бір қозғалыс формасы деңгейінде қолданылады.

Ең тиімді әдіс – сыныптың, оқушының деңгейіне лайықты қолданылатын әдіс. Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері әр бөлімінде көптеген түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып оқытуға болады. Қазіргі білім инновациясы мұғалімнен оқушының өз бетінше оқып, ізденуіне жағдай жасауды, соған баулуды талап етеді. Оқушының өз бетінше жұмыс жасауы оның бойында жауапкершілікті, тиянақтылықты қалыптастырады. Жеке жұмыс оқушының еңбегін, білімін бағалауда әділ болуға септігін тигізеді. Оқушыға жеке жұмыс жасатудың көптеген әдістері бар.

Мәтінмен жұмыс. Жоғары сынып оқушыларына қолданған тиімді. Жаңа сабақты өткен кезде кітаптағы кестелерді, сызба-нұсқаларды, жаңа мәліметтерді өз бетінше қабылдайды. Мәтінмен жұмыс жасағанда «Сұраққа жетіп ал» әдісін қолдануға болады. Әдіс бойынша мәтінмен толық немесе бір бөлігімен таныс болған соң, тақырыпқа сай деңгейлі тапсырмалар беріледі.

Жұптық жұмысты жүзеге асыру үшін **«Уақыт шеңбері»** әдісі арқылы оқушылар түрлі идеялар және ойлармен бөлісетінін, яғни оқушылар айтылым дағдысымен жұмыс жасайтынын анықтадым (Сурет 1).

Сурет 1. «Уақыт шеңбері» әдісі

Ол үшін дауыс беруден бастаңыз, оған арнайы сұрақ дайындалды. Бүкіл әлемдік тұқым қоры бізге керек пе? Оқушылар осы сұрақ арқылы әртүрлі бүкіл әлемдік тұқым қорлары туралы біледі. Олар бұл қорлардың тұрған орындарын және тұқымдарды сақтау себептерін анықтаулары керек. Сосын олар тұқым қорларының маңыздылығы туралы қысқаша мазмұндама жазады. Оқушылар Бүкіләлемдік Тұқым Қорының маңызы туралы пікір таластырады.

Жеке жұмыс **«Қосжазба күнделігі» әдісі** арқылы берілген суреттерден өзінің пікірін жазады яғни жазылым жағдысы арқылы тілдік мақсатты жүзеге асырады. Шағын электрондық тақталарды пайдаланып, оқушылар экологиялық бұзылуларға әкелетін факторларды жазады. Содан кейін оқушылар бірнеше пікір таңдап алып, олардың Қазақстан Республикасына қалай әсер ететіндігін зерттейді (антропогендік фактор, су, топырақ, ауа және т.б.) Соңында өз жұмыстарының қорытындысымен таныстырады (Сурет 2).

Сурет 2. «Қосжазба күнделігі» әдісі

Бұл жаттығу 7- сыныпта өткен тақырыптарды қамтиды және бастапқы білім меңгеру деңгейін көрсетеді. Кейбір оқушыларға көмек керек болуы мүмкін. Оларға: бұрғылау мұнаралары, мекен ету ортасының бұзылуы, атом электр станциялары, қазба отынды жағу, экологиялық мәселелер, ядролық радиация, радиоактивтік ластану, пайдалы қазбаларды өндіру, ирригация

жобалары, ауаның ластануы, қышқыл жаңбырлар, Бүкіл әлемдік тұқым қоры ұғымдары жазылған суреттерді таратып беруге болады.

Осы және басқа да көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында оқушылар бойында жоғары нәтижелерге жету үшін қызығушылық танытқанын көре білдім: жеке және жұптасып, топ болып жұмыстануға дағдылану, өздеріне деген сенімнің артуы, заттарды салыстыра отырып, одан қорытынды шығара білу, шығармашылық белсенділіктерінің артуы, бір-біріне көмектесе отырып, қамқорлық сезімдерінің қалыптасуы. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді.

Сабақтың соңына қарай Ой толғаныс, Рефлексия қолданылады. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін,өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. Ал біз, оқытушылар, жаңа тақырыпты «модельдеу әдісі» арқылы сабақтын мазмұнын ашып, оқушылардың түсіну, қабылдау деңгейлерін талдадық.

Ол үшін біз оқушылардың сандық-пайыздық және белгілі деңгейлер бойынша, 8, 9, 10, 11-сыныптар арасындағы оқушылардың қабылдау деңгейлері талданды (Сурет 3). Сандық мәліметтерді пайдаланып, оқушылардың қабылдау деңгейлері бойынша график құрылды.



Сурет 3. Сыныптар арасындағы көрсеткіштер

Сонымен қатар «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» тақырыбына сәйкес тапсырмаар жасап түрлі әдістерді пайдаланып шешу жолдарын ұсындық.

Әдебиеттер:

1.Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі, Қарағанды, 2018 ж

2.Мамонтов С.Г., Захаров В.Б., Сонин Н.И., Қисымова Ә.Қ. «Биология. Жалпы заңдылықтар». Оқулық, 2006 ж.

3.Валиева М. Жаңартылған білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үдерісіне енгізу жолдары. – Алматы, 2019 ж.

ҚЫШҚЫЛДЫҚ- НЕГІЗДІК ТИТРЛЕУ ӘДІСІ.

Темешбаева Ж.Т., Жұмаділла А.Қ. – 1504-11 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: **Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье мы обсудим урок о методе кислотно-щелочного титрования. И разберемся, как мы проходили урок по использованию индикатора и конечной точке титрования. А так же расскажем, какие методы мы использовали на уреке.

Summary

In this article, we will discuss the lesson about the acid-base titration method. And let's figure out how we went through the lesson on using the indicator and the end point of the titration. And we will also tell you what methods we used in the lesson

Аналитикалық химия пәнінен дәріс сабағынан кейін материалды қайталау, жақсы түсініп пысықтау мақсатында студенттермен өздік жұмыс ретінде топта сабақ өткізу жоспарланды. Сабақтың мазмұнына сәйкес жаңа мағлұматтар жинақтау үшін тың әдебиеттер, ғылыми мақалалар зерделенді, оқытудың жаңа технологиялары қарастырылды. Сабақ өткізудің әдістемелерін практика жүзінде меңгеру болашақ мұғалімдер үшін маңызды, себебі тақырыпты толық меңгеру және оны түсінікті етіп баяндай білу дағдылары қалыптасады. «Қышқылдық- негіздік титрлеу әдісі» тақырыбы ашық сабақ ретінде өткізілді [1]. Студенттерді қызықтыру мақсатында ойын технологиялық әдістері таңдалып алынды. Алдымен сабақты бастап, студенттерді түгелдеу және топқа бөлу жұмыстары жүргізілді. Содан соң презентация арқылы сабақ тақырыбы түсіндірілді. Сабақ мазмұны:

1.Сабақтың басталуы - топқа бөлу (5 минут);

2.Презентация арқылы тақырып қысқаша түсіндіріледі (7 минут);

3.«Wordwall.com» сайты арқылы ойын түрінде, сұрақ-жауап жүргізіледі (20 минут);

4. «Kahoot.it» сайты арқылы, тест түрінде студенттермен кері байланыс жүргізіледі (10 минут);

5.Сабақты қорытындылау.

1 - сурет

Презентацияда қышқылдық-негіздік титрлеу әдісі жайлы, титрлеудің бейтараптануы және соңғы нүктелері, индикаторды пайдалану, стандартты және стандартталған ерітінділер сынды тақырыптар қамтылған.

Қышқыл-негіздік титрлеу - қышқыл мен негіздің әсерлесуіне негізделген әдіс. Титрант ретінде күшті қышқыл немесе күшті негіз қолданылады. Егер қышқылмен титрлесе, онда ацидиметрия деп, ал негізбен титрленсе –

алкалиметрия деп аталады. Бұл әдісте қышқыл-негізді индикаторлар қолданылады. Қышқыл-негізді титрлеуде мына титрлеу түрлері қолданылады:

1.Күшті қышқылды күшті негізбен титрлеу;

2. Әлсіз қышқылды күшті негізбен титрлеу;

3. Күшті негізді күшті қышқылмен титрлеу;

4. Әлсіз негізді күшті қышқылмен титрлеу;

5. Әлсіз қышқылды әлсіз негізбен (не керісінше) титрлеу.

Қышқыл-негізді титрлеу кезінде индикаторды дұрыс таңдап алу қажет, себебі олар түстерін әртүрлі pH-да өзгертеді [2]. Ол үшін титрлеу қисығын тұрғызу керек. Титрлеу қисығын құру үшін оны 4 бөлікке бөледі:

1. титрлеуге дейінгі;

2. титрлеу секірмесінің басталуына дейінгі;

3. титрлеудің секірмесі және эквивалент нүктесін қосып;

4. титрлеудің секірмесінен кейінгі.

Презентация соңында сұрақ-жауап әдісі арқылы топқа тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылды, кері байланыс жасау мақсатында «Wordwall.com» сайты пайдаланылды. Бұл кезеңде студенттер сан таңдау арқылы, санның астынан шыққан сұрақтарға жауап береді (20 сұрақ). Топтық жұмыс болғандықтан, топ мүшелері ақылдасып, дұрыс жауап қорытындыланып беріліп отырды. Әр дұрыс жауап 1 баллмен бағаланды.

1. Екі титрант қажет ететін титрлеу түрі?

2. Пипеттеу тәсілі жайлы не білесіз?

3. Стандарттау дегеніміз не?

4. Концентрациясы тым жоғары немесе тым төмен ерітінділерді титрант ретінде алуға бола ма?

5. Қолданылатын реакция түріне байланысты титриметриялық анализдің қанша әдісі бар?

6. Ацидиметриялық титрлеу жайлы түсінік беріңіз.

7. Эквиваленттік нүкте дегеніміз-

8. Жеке өлшемдер тәсілі?

9. Алкалиметриялық титрлеу жайлы түсінік беріңіз.

10. Стандартты заттарға қандай заттарды жатқызуға болады? Мысалы?

11. Эквивалентті нүктені анықтау үшін қандай заттар қолданылады?

12. Стандартты ерітінділерді қалай дайындайды?

13. Титриметриялық анализде есептеулердің негізі қандай заңға сүйенеді?

14. Бастапқы заттарға қойылатын негізгі талаптар:

15. Титриметриялық анализде реакцияға қойылатын негізгі талаптар-

16. Эквиваленттік фактор жайлы анықтама беріңіз.

17. Идеал жағдайда титрлеудің соңғы нүктесі …… нүктеге дәл келуі керек.

18. Концентрация дегеніміз не?

19. Фиксанал дегеніміз не?

20. Титрлеу дегеніміз не?

Содан соң қорытындылау мақсатында «Kahoot.it» арқылы студенттер тест тапсырды, тапсыруға 10 минут уақыт бөлінді. Бұл әдісте барлық оқушы белсене қатысты, нәтижесі (сурет 2) көрсетілді.



2- сурет

Сабақ соңында кері байланыс ретінде студенттер бір-бірімен пікір алмаса отырып, түсініксіз болған сұрақтар қайта қарастырылып талқыланды. Білім алушылар сабақ барысында, қышқылдық-негіздік титрлеу әдісі жайлы жаңа мәліметтер алып, сұрақ-жауап арқылы, білімдерін шыңдай алды. Ацидиметриялық және алкалиметриялық титрлеу түрлерін ажыратуды үйренді. Қай әдісте қандай титрант қолданылатыны және қандай индикаторлар қолданылатыны туралы толық мәлімет алды. Стандартты заттарды дайындауды және стандартты заттар туралы білімдерін шыңдай түсті. Жіберілген қателіктер бойынша қатемен жұмыстар жүргізілді.

Сабақ өту барысында ақпараттық- коммуникациялық технология әдістері тиімді қолданылды. Әр түрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттері жоғарылады, сабақ жоғары деңгейде өткізілді. Заманауи білім беру арқылы келешекте химия пәнін оқыту әдістерін әрі қарай дамытып, жақсартуға болады [3].

Әдебиеттер:

1. Ш.Әмірханова. Аналитикалық химия. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 208 бет
2. Мәдібекова Ғ.М., Жарылқасын Ә.С. Виртуалды зертхана. Қышқыл-негізді титрлеу. Электронды оқу құралы. ОҚМПУ. Шымкент, 2022
3. Интернет ресурстары: https://www.kaznu.kz/content/

ОЖ 372.854

РЕДОКСИМЕТРИЯ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИТРЛЕУ ҚИСЫҚТАРЫН ЕСЕПТЕП ТҰРҒЫЗУ МАҢЫЗЫ

Әбдекерім М.Н. Усербай А.Қ. – 1504-11 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: **Мәдібекова Ғ.М.** – х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье приведены расчеты для построения кривых титрования метода редоксиметрии. На уроке использовались методы соответствия, вопросы-ответы. Были подготовлены постеры, результаты обсуждены в группе.

Summary

The article presents calculations for constructing titration curves for the redox method. The lesson used methods of correspondence, questions and answers. Posters were prepared, the results were discussed in the group.

Сандық анализ курсы бойынша тотығу-тотықсыздану әдістерінің теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы, титрлеу тәсілдері бойынша мәліметтер қарастырылып, талқыланды. Осы әдіспен зат мөлшерін эксперименттік жолмен анықтау алдында титрлеу қисықтары тұрғызылады. Сабақтың мақсатына сәйкес білім алушыларға титрлеу қисығын тұрғызуды

. Сурет 1 Сурет 2

бірлесе жүргізу үшін, есептеулер жолдары алдын-ала дайындалған презентация арқылы түсіндірілді (сурет 1). Сабақ барысын бақылау әрі бағалау үшін әр топтың топбасшысына смарт сағат берілді. Сабаққа белсенді қатысқаны, сұрақтарға жауап бергені үшін бағаланып отырды. Сабақ топты үш топшаға бөлу арқылы өткізілді. Стикердің түсіне сәйкес мұғалім білімалушыларға бөліп таратып, топты үшке бөлді.

Титрлеу қисықтарын тұрғызар алдында үй тапсырмасын қайталау арқылы екі сұраққа жауап қарастырылды.

- Зерттеуге алынған зат мөлшерін анықтау қандай әдіспен жүргізіледі?
- Эквивалент нүктесін анықтауға қандай индикатор қолданылады?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін титрлеу қисығы тұрғызылды.

Редоксиметрияда тотығу-тотықсыздану реакцияларының титрлеу қисықтары жүйенің тотығу-тотықсыздану потенциалы — қосылған жұмысшы ерітіндінің көлемі координаталарынан құрастырылады.

Сабақтың келесі бөлімінде титрлеу қисығы есептеліп тұрғызылды.

100 мл 0,1 н темір (II) сульфаты ерітіндісін 0,1 н КМп0$_4$ (fэкв = 1(5) ерітіндісімен титрлеу қисығын есептеледі.

$2KMnO_4 + 10FeSO_4 + 8H_2SO_4 = 5Fe_2(SO_4)_3 + 2MnSO_4 + K_2SO_4 + 8H_20$ Ординатаға - потенциал, В, вольт

Абсциссаға - қосылған титрант көлемі, V, мл

Есептеуді оңайлату үшін көлемнің өзгеруі есепке алынбайды.

Бірінші нүктені есептеу. Титранттың бірінші тамшыларын тамызған соң ерітіндіде екі тотығу-тотықсыздану жұбы түзіледі:

MnO_4/Mn^{2+} және

Fe^{3+}/ Fe^{2+}

Олардың стандартты тотығу-тотықсыздану потенциалдары:

$E^0_{MnO4-/Mn2+} = 1{,}51$ В; $E^0_{Fe3+/ Fe2+} = 0{,}77$ В

Жүйенің тотығу-тотықсыздану потенциалы Нернст теңдеуімен есептеледі

$$E_i = E_i^0 + \frac{\upsilon}{n}\lg\frac{Ox}{\mathrm{Re}\,d} \qquad E_i = E_i^0 + \frac{RT}{nF}\ln\frac{a_{Ox}}{a_{\mathrm{Re}d}} = E_i^0 + \frac{RT}{nF}\ln\frac{[Ox]}{[\mathrm{Re}\,d]}$$

Титрантты әртүрлі мөлшерде қосу арқылы жүйенің потенциалы есептелді. Әр қосылған титрант мөлшері бойынша әр топтан бір студенттен шығып есептеп шығарып отырды. Нәтижелері бойынша титрлеу қисығының нүктелері графикке түсіріліп отырды. Соңында нүктелер қосылып, титрлеу қисығы, секірмесі байқалды (сурет 3). Есептеулерді жүргізу ұжым бойынша жүргізілгендіктен түсінбеген тұстары қайталанып отырды. Әр топ ұйымдасып, бірлесе жұмыс жүргізді. Барлық студент топ бойынша белсенділік танытып, сабақты түсінгені байқалды.

Сурет 3

Сабақтың негізгі бөліміне сәйкестендіру тапсырмасы берілді. Тапсырмада сабаққа байланысты термин сөздер мен қысқаша анықтамасы қойылып, кесте берілді.

Кесте 1 - Сәйкестендіру тапсырмасы

РЕДОКСИМЕТРИЯ	Тотығу-тотықсыздану реакцияларының титрлеу қисықтары Жүйенің тотығу-тотықсыздану потенциалы — қосылған жұмысшы ерітіндінің көлемі координаталарынан құрастырылады.
Ординатаға	потенциал, В, вольт
Абсциссаға	қосылған титрант көлемі, V, мл
Жартылай реакция потенциалының оң шамасы қанша жоғары болса	редокс жұптың тотыққан түрі сонша күштірек тотықтырғыш болып табылады.
Титриметриялық реакцияларға	олардың қанағаттанарлық жылдамдығы болып табылады

қойылатын талаптардың бірі	
Редоксиметрия әдісі	тотықтырғыш және тотықсыздандырғыштарды тіке және кері титрлеу арқылы, сондай-ақ ауыспалы валенттіктері болмайтын иондарды жанама анықтау үшін қолданылады. Сондай-ақ орын басу титрлеуі де қолданылады.
Оксидиметрияда	стандартты ерітінді ретінде тиісті тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыштардың ерітінділері қолданылады

Сабақты сәйкестендіруден кейін үш топқа постер әдісі арқылы кері байланыс алынды. Бұл тапсырмаға үш минут уақыт берілді және студенттердің постерді қорғауына да үш минуттан берілді. Постер - топтық жұмыстың, топтық талқылаудың нәтижесін көрсететін құрал, тәсіл. Үш топқа берілген тапсырмалар тақырыптары:

1. Редоксиметрия әдістерінің теориялық негізі, әдістердің жіктелуі.
2. Редоксиметриялық титрлеу қисықтары, титрлеу секірмесі.
3. Иодометрия.

Сабақ барысында постерге қойылған талаптар:

1. Сабақ тақырыбына сәйкес, жаңа өзіндік ой, пікір, ұстаным келтірілуі.
2. Әр студенттің белсенділігінің байқалуы.
3. Қорғау кезінде постер мазмұнына комментарий ұсынуы.
4. Бірінші топ қорғағанда, екінші және үшінші топ кері байланыс беруге дайындалып отыруы.
5. Кері байланыс талдау түрінде болып, әр тұжырымды дәлелдеп беруі.

Постерге берілген үш тақырып бойынша дайындаған мазмұнына, жаңа мәліметтер енгізгеніне, ұжымдық талданылуына (сурет 4-7) байланысты бағаланды.

Бұл әдіске жалпы 10 минут уақыт арналды.

Сурет 4

Сурет 5

Сурет 6

Постерден кейін сабақты қорытындылау мақсатында сұрақ-жауап тәсілі қолданылды. Әр топқа 1 минуттан және сұраққа жауап беруге 2 минуттан берілді. Яғни, әр топ студенттері бір-біріне сұрақ қою арқылы кері байланыс жасалды. Бірінші топ екінші топқа Иодометрия әдісінің бірінші түрінде иод не түрінде қолданылыды? Екінші топ үшінше топқа тотықтырғыш-тотықсыздандырғыш дегеніміз не? Үшінші топ бірінші топқа Иодометрия мен редоксиметрияның айырмашылығы? деген сұрақтар қойылды. Смарт сағаты арқылы бұл тапсырмаға 2 балл беріліп бағаланды. Берілген сұрақтардың жауаптары бағаланып, сабақты қорытындыланды.



Сурет 7

Сабақтың соңында кері байланыс ретінде білім алушылардың пікірі ескерілді. 1-студент: Жүйенің тотығу-тотықсыздану потенциалын Нернст теңдеуі арқылы есептеулер жүргізіліп, титрлеу қисығы тұрғызылды. Мұғалімдердің сабақ алдында дайындалған жоспары бойынша жұмыс жасап, регламент сақталды, уақыттарын тиімді пайдаланды. 2- студент: Сабақ барысында жаңа әдістер ұтымды қолданылды. Смарт сағат арқылы әр топ келесі топтардың нәтижелерін бағалап отырды.

Жалпы қортындылай келе, сабақ тотығу-тотықсыздану әдістерінің титрлеу қисықтары тақырыбы бойынша сабаққа дайындалып, жаңа әдістер дайындап, студенттерге түсіндіруге, барынша сабақта жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды. Алдымен студенттерді үш топқа бөлу арқылы сабақ өткізілді. Сабақ жүргізу барысында смарт сағат арқылы бағаланды. Есеп шығарту барысында топпен ұйымшылдық көрсетіп, сабаққа толығымен қатысып, есепті формуламен дәлелдеп, титрлеу қисығы тұрғызылды. Секірмесін тауып, қолданылатын редокс-индикаторларын тауып дәлелденді. Келесі сәйкестендіру тапсырмасы арқылы сабақтың мазмұны толық ашылғаны анықталды. Термин сөздержәне оларға қысқаша анықтама беріліп түсіндірілді. Студенттер сабаққа белсене қатысып, барлық сұраққа дұрыс әрі тез жауап бере отырып, белсене қатыстырылды. Келесі тапсырмада студенттерге постер қорғау берілді. Әр топтан студенттер шығып, тақырыбын қорғап шықты (сурет 7). Сабақты қорытындылау барысында әр топ бір-біріне сұрақ қою арқылы бүгінгі тақырыпты түсініп, түсінбегені бойынша жұмыс жасалды. Ашық түрде сабақ қорытындыланып, берілген жауаптарға сәйкес бағаланды.

Әдебиеттер:

1. Қ.С Құлажанов. Аналитикалық химия. I-том 2001ж 286 б.
2. Н.А Кулина, Е.Е Малахова. Физическая и коллоидноя химия. 2004г 315 стр.
3. https://melimde.com/titrimetriyali-analizdi-negizderi.html

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР МЕН ФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Шойбекова Н.Н. – М1505 – 11 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Успабаева А.А. – б.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрены эффективные интерактивные методы и формы обучения биологии в школе. Приведены примеры использования многоуровневых заданий согласно таксономии Блума.

Summary

The article discusses effective interactive methods and forms of teaching biology at school. Examples of using multi-level tasks according to Bloom's taxonomy are given.

Басқа пәндер сияқты биология пәні де өте маңызды әрі қызықты пәндердің бірі болып табылады. Биология бұл – тірі табиғат, қоршаған орта және қоршаған ортадағы өмір туралы түсінік. Сондықтан да біз білім алушыларымыздың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар олардың қоршаған ортаға деген махаббаттарын да оята білуіміз керек. Ендеше, қалай ойлайсыз, биология ғылымдарының мәні мен құндылығын түсінбеген адам қоршаған ортаны қалай сақтап қалмақ?! Сол себепті де мектепте балаларға алғашқы сыныптан бастап қоршаған ортаны тануға деген дүниетану, жаратылыстану сияқты пәндер арқылы бастапқы білім беріледі. Білім алушылар осы биология пәні арқылы қоршаған ортаны түсінеді, қоршаған ортадағы бар биологиямен байланысты құбылыстарды жан-жақты зерттеушілік көзқараспен қарай отырып қабылдайды. Ендеше қазіргі таңдағы биологияны оқытуға қатысты жалпы білім беретін орта оқу орындарындағы «Спиральды оқыту» жаңартылған білім беру бағдарламасы құрылымының айтарлықтай күрделене түскенін ескеретін болсақ, білім алушылардың бойында дәл жоғарыда атап кеткендей қасиеттерді арттыра түсу үшін білім беру барысында жүйелі түрде интерактивті тәсілдер мен формаларды қолданған жөн деп санаймын. Жалғыз биологияны оқытуда ғана емес, барлық жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда интерактивті тәсілдер мен формаларды қолдануға ұсынар едім.

Биологияны оқыту барысында жаңа педагогикалық технологиялар мен идеялар, инновациялар мен интерактивті тәсілдерді қолдану соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан білім беру саласының мазмұнына айтарлықтай маңызды әрі бағалы өзгерістер әкеледі деп ойлаймын. Сондықтан да қазіргі таңдағы кез келген заманауи мұғалім өз білім алушыларының сабақ мазмұнына деген ынтасын оята алуы үшін жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақ барысын ұтымды ұйымдастыра алғаны керек.

Жалпы мұндағы «тәсіл» дегеніміз – бұл қандай да бір мақсатқа жетудің жолы, оқыту әдісінің элементі. Оқыту тәсілдері – бұл білім берушінің білім алушыға пәнге қатысты білімді жеткізуімен қатар оны меңгерте алуы болып табылады. Оқыту тәсілдерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу және ұйымдастыру. Жалпы, оқыту тәсілдерін білім алушының

белсенділігіне байланысты белсенді емес (пассивті) және белсенді (активті) деп бөліп қарастырсақ та болады [1].

«Белсенді емес тәсіл» - бұл мұғалім басты рөлде, ал білім алушылар екінші рөлде, яғни, тыңдаушы рөлінде болатын жағдайдағы мұғалім мен білім алушының арасындағы өзара байланыс. Ал, «белсенді тәсіл» - бұл мұғалім мен білім алушының арасындағы бірлескен іс-әрекет түріндегі форма, яғни, енді білім алушы мұнда тыңдаушы рөлінде емес, мұғаліммен бірге оқыту барысына әсер етуші рөлінде бола алады. Демек, интерактивті тәсілдерді қолдану барысында білім алушылар мұғаліммен тығыз байланыста болады. Сол себепті де оқытуда барынша интерактивті тәсілдер мен формаларды қолданған дұрысырақ. Бұл тәсілдер мен формалар білім алушылардың қысқа уақыт аралығында дене әрі ой еңбегінің күшін артығынан жұмсамай-ақ жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сабақ барысында білім алушыға тақырып мазмұнына сәйкес теориялық білімді жас ерекшелігіне қарай дұрыс әрі нақты жеткізе білуі, тақырып мазмұнына сай келетін дағдыларды қалыптастырып игерулеріне ықпал етуі және де білім алушылардың білімін үнемі қадағалап, тиісінше бағалау жүргізіп отыруы маңызды болып саналады. Білім алушылардың сұрақ қою арқылы сабақ барысында белсенді болуы олардың шығармашылығын, қызығушылығын арттырумен қатар, басқалардан ерекшелендіре түсуі де мүмкін. Сондықтан интерактивті тәсілдерді биологияны оқытуда қолдану тіпті жеңілірек бола түседі. Мәселен, ДНҚ моделін жасау қажет болса, білім алушы алдымен ДНҚ-ның молекулалық құрылысымен толық танысып шығады. Ары қарай білім алушы ДНҚ-ға қатысты есептеулерлерді жүргізе алуы үшін ДНҚ құрам бөліктерінің қасиеттерін, олардың арасындағы химиялық байланыстарды, негізгі өлшемдер мен түсініктерді зерттеп білуге тырысады. Жұмыс соңында білім алушылар бір-бірінің дайын болған жұмыстарын өзара салыстыруға тырысады. Мұндай тәсілдер білім алушының шығармашылық дамуымен қатар, топта жұмыс істей алу қабілетін арттырады, мәселелерді шешуде басқа білім алушылардың пікіріне құлақ асуға әрі өзінің ойын дербес жеткізе алатындай күйге жеткізеді. Ендеше, биологияны оқытуда сыни тұрғысынан ойлау мен функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған ресурстарды қолдану, өздінен оқу тәсілдері және де өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды қолдану сияқты жолдар арқылы интерактивті тәсілдер мен формалардың ұтымды қолданылуын әрі жүзеге асырылуын дамыта түсу керек. Сонда білім алушы сабақ барысына белсенді әрі ынталы күйде атсалысады.

Және тағы «Ой қозғау», «INSERT», «Кластерлер», т.с.с. интерактивті тәсілдердің мысалымен тізімді толықтыра беруге болады. Бұл тәсілдерді биологияны оқытуда білім алушылардың сабақ тақырыбы мен мақсатын айқындау кезеңінде тақырыпты анықтауға бағытталған мылқау суреттер не түрткі сұрақтарды қолдану арқылы және білім алушылардағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін де қолдануымызға болатындығын ескере кеткен жөн. Сонымен қатар интерактивті әдістер мен формаларды қолдану арқылы биология сабағын оқытуда берілген не жоспарланған оқу мақсаттарын нақты анықтау кезеңінде Блум таксономиясының танымдық деңгейлерін қолдану да

табысты нәтижеге әкелмек. Деңгейлеп оқыту технологиясын енгізуде де осы таксономияның барлық деңгейлерін қамтыған кезде ғана білім алушылардың толыққанды жоғары деңгейге жете алатындығын айтуға болады. Таксономияның барлық танымдық жоғары деңгейлері өзінен төмен деңгейлерден әлдеқайда күрделене түсетіндігі белгілі. Мәселен, «Адамның жыныс жүйесінің құрылысы» тақырыбындағы сабақ барысында білу және түсіну дейгейлері үшін «Өзіңді тани біл» жаттығуы бойынша келесідей ой қозғау сұрақтары арқылы білім алушылардың оқылым дағдыларын дамыту:

- аталық пен аналық жыныс мүшелерінің топтарына жататын бөліктер;
- аталық пен аналық бездердің қызметі;
- аталық пен аналық жыныс жүйесінің бір-бірінен ерекшелігі мен ұқсастығы.

Немесе осы білу және түсіну деңгейінде әйел және ер адамның жыныс жүйесінің бөліктерін төмендегі «Мылқау сурет» жаттығуы арқылы анықтауларына болады.



Ал, келесі талдау не синтез деңгейлеріндегі мақсатқа білім алушылардың бойында сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға итермелейтін сұрақтар қою арқылы жетуге болады:

1. Жатырдың сілемейлі қабырғасы мен оның атқаратын қызметінің арасындағы өзара байланысты сипаттаңыздар.
2. Жыныс жүйесінің әрбір мүшесі (бөліктері) қажет екенін дәлелдейтін мысал келтіріңіздер.
3. Іштей ұрықтану мен жатырішілік дамудың ерекшеліктерін ұсыныңыздар.
4. Жатырішілік даму тек сүтқоректілерге тән деп ойлайсыз ба? Не себепті? Жауабыңызды түсіндіріңіздер.

Заманауи мұғалім интерактивті тәсілдер мен формаларды қолдану барысында оқытуға қатысты көрнекіліктермен қатар ақпараттық технологияларды да ендіре білуі керек деп ойлаймын. Қазіргі таңда Назарбаев Зияткерлік білім беру ұйымдарында, жалпы, өзімнің күнделікті тәжірибемде «EBSCO», «Twig-Bilim», «BILIMLAND», т.с.с. ақпараттық білім беру ресурстары кеңінен қолданылып келеді. Бұл ақпараттық ресурстар мектеп бағдарламасына сәйкес ақпараттық бейнефильмдерді ұсынумен қатар интерактивті өрнекіліктер мен бақылау тапсырмаларын да қамтыған. Бұл ресурстар заманауи мұғалімнің бірден бір таптырмас көмекшісі бола алады деп

ойлаймын. Себебі, сабақ барысында білім алушылар арасында ақпаратты қабылдау ерекшеліктері әртүрлі аудиал, визуал деген сияқты білім алушылар да болуы мүмкін. Және соңында ақпараттық технологиялар көмегімен берілген білімнің білім алушылар үшін қаншалықты тиімді әрі түсінікті болғанын пысықтау үшін бейнефильм не анимация мазмұнына қарай «Шынайы не жалған», «Жалғасын тап!», «Аяқталмаған сөйлем» т.с. сияқты интерактивті оқыту әдістерінің элементтерін қолдануға болады. Жалпы, сынып ішінде көптеген интерактивті әдістер мен формаларды қолдануға болады, ал сол әдістер мен формалардың мақсатқа сай тиімді әрі нәтижелі болуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Дегенмен де оқыту барысында әдістер мен формаларды барынша сабақ барысына енгіземін деп қосымша қолдау мен жетелеуді қажет ететін білім алушылармен байланысты үзіп алмау керек. Мұндай білім алушылармен сабақ барысында үнемі ЖАДА қамтылып отыру тиіс. Себебі, білім беру саласындағы заманауи өзгерістер оқу мен оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды көздейді, қазіргі ақпараттық дамыған заман ахуалы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді [2].

Әдебиеттер:

1. Адошев А.И. и др. Развитие системы образования – обеспечение будущего. Одесса, 2013. 175 с.
2. Айснер Л.Ю., Трашкова С.М. Об использовании интерактивных методов обучения в высшей школе // Материалы международной научно-практической конференции: Инновации в образовательном пространстве: опыт, проблемы перспективы. 2017. С. 102-104.
3. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии. М.: КНОРУС, 2011. 432
4. Мухина Т.Г. Активные и интерактивные образовательные технологии (формы проведения занятий) в высшей школе. Нижний Новгород, 2013. 97 с.
5. Николаева Л.В. Новые образовательные технологии и принципы организации учебного процесса в современном ВУЗе // Фундаментальные исследования. 2013. № 11-3. С. 570-573.
6. Панькова Н.М., Кабанова Н.Н. Современные образовательные технологии в ВУЗе //
7. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение. М.: Академия, 2009. 192 с.
8. Привалова Г.Ф. Активные и интерактивные методы обучения как фактор совершенствования учебнопознавательного процесса в вузе // Современные проблемы науки и образования. 2014. № 3. URL: http://scienceeducation.ru/ru/article/view?id=13161
9. Aisner L.Y. Creating cognitive learning space at high school // Материалы международной научно-практической конференции: Наука и образование: опыт, проблемы, перспективы развития. 2018. 318 с.
10. Ellet W. The case study handbook: how to read, discuss, and write persuasively about cases. Harvard Business School Publishing Corporation, 2007. 288 p.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Түймебай А. – 1505-39 тобыныңс туденті
Оразбай Ұ. – 1505-39 тобының студенті
Құралбай Н. – К607-18 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Айтбаева А.Е. - а/ш.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается важность решения биологических задач и их роли в повышении учебно-познавательных способностей учащихся. В ходе преподавания главы «Законы наследственности и изменчивости» в курсе «Биология» системы среднего образования 9 класса показано, что учащиеся могут достичь навыков мышления высокого порядка по таксономии Блума путем решения генетических задач. В статье анализируются исследования зарубежных ученых, и раскрывается значение концептуальных знаний в решении биологических задач.

Summary

The article deals with the importance of solving biological problems and their role in increasing the educational and cognitive abilities of students. During the teaching of the chapter "Laws of heredity and variability" in the "Biology" course of the secondary education system, 9th grade, it is shown that students can achieve high-order thinking skills according to Bloom's taxonomy by solving genetic problems. The researches of foreign scientists are analyzed and the importance of conceptual knowledge in solving biological problems is revealed in the article.

Биологиялық ғылымдар саласындағы орталық пәндердің бірі ретінде генетика мұғалімдер мен студенттер үшін ерекше қиын пән болып табылады. Себебі, генетика биология ғылымының әртүрлі деңгейдегі үдерістер арасындағы байланыстарды қамтиды. Сонымен қатар, генетика тым жылдам немесе тым баяу және тым кішкентай немесе тым үлкен болып жатқан тікелей байқалмайтын ықтималдықтарды анықтауға тырысады [1].

Орта білім беру жүйесінде генетика саласы бойынша «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» тарауы жоспарланған. Бұл тарауда мектеп оқушылары Г.Менделдің генетиканың қалыптасуы мен дамуындағы қосқан үлесін, моно - және дигибридті шағылыстырудың цитологиялық негіздерін пайдаланып тұқым қуалаушылық заңдылықтарын зерттейді, зерттеу барысында генетикалық есептерді шығарады. Сонымен қатар, білім алушылар генетиканы зерттеудің негізгі әдістерін сипаттай отырып, генеалогиялық ағашты құруға бағытталған тапсырмаларды орындайды [2]. «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» тарауын меңгеру барысында білім алушылар математикалық білімдерін пайдаланады, оқу-танымдық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алады.

Генетикалық есептерді шығаруда қиындықтар, қателесулер жиі кездеседі [3]. Болашақ биология мұғалімдеріне биологиялық процестер мен құбылыстарды түсіндіруге тырысқанда деректерді интерпретациялау, болжау және гипотезаны тексеру сияқты ғылыми пайымдау стратегияларымен айналысқаны жөн. Ғылыми пайымдаулар мен мағыналық әрекеттер білім алушыларға тақырыпты терең түсінуге мүмкіндік береді [4].

Биологиялық есептерді шешу қабілеті білім беру арқылы жетілдірілетін жоғары деңгейдегі оқу-танымдық процесс [5]. Оқытудың оқу-танымдық

нәтижелері – оқу процесінің соңында білім түрінде алынған өзгерістерге байланысты оқу нәтижелері. Блум таксономиясын қайта қарау барысында когнитивтік аймақта болатын процестердің алты өлшемі белгілі [6]: есте сақтау C1, түсіну C2, қолдану C3, талдау C4, бағалау C5 және жинақтау C6. C1, C2, C3 өлшемдері негізгі когнитивтік процесс қабілеттері, ал C4, C5 және C6 жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын (жоғары ретті ойлау) сипаттайды. Сабақ тиімді оқу үдерісімен және танымдық қабілеттерін дамытумен қатар білім алушылардың оқу мақсаттарына ең жоғары деңгейге, C6-ға қол жеткуге алып келеді [7].

Биологиялық есептерді шешу негізгі үш дағдыны қалыптастырады, атап айтқанда:

1) Зияткерлік дағдылар: есептерді шешуге қажетті ережелерді, ұғымдарды, принциптерді меңгеру.

2) Берілген мәселені шынайы түсіну үшін ауызша ақпаратты схема түрінде ұйымдастыру.

3) Білім алушыларға ақпарат пен дағдыларды таңдауға және оларды есептерді шешуде қашан және қалай пайдалану керектігін шешуге мүмкіндік беретін когнитивтік стратегиялар [7].

Биологиялық есептерді шығару үшін тақырыптық білімді де, сәйкес когнитивтік стратегияларды таңдауды да талап ететін әрекет ретінде анықтауға болады. Биологиялық есептерді шешу процесін Kneeland (2001) [8] мынандай кезеңдерге бөліп көрсетті: a) мәселені түсіну, (б) қажетті ақпаратты жинау, (c) мәселенің түп-тамырын іздеу, (d) шешімдерді әзірлеу, (e) ең жақсы жолды таңдау және (f) мәселені шешу.

Генетикалық есептер екі топқа жіктеуге болады: (1) себеп-салдарлық (жабық есептер) және (2) әсер-себепті (ашық есептер). Есептердің екі түрін салыстыра отырып, себеп-салдарлық есептерден гөрі ашық есептердің жақсы жұмыс істейтіні дәлелденген [1]. Себеп-салдарлы есептерді алгоритмдер жиынтығын қолдану арқылы шешуге болатындықтан, орта мектеп оқулықтарындағы мұндай есептер білім алушыларға тұжырымдамалық түсініктерді дамытуға немесе мұғалімдерге оқушылардың тұжырымдамалық білімін өлшеуге көмектесе алмайды.

Негізгі генетикалық концепцияларды концептуалды түсіну генетикалық есептерді сәтті шешудің міндетті шарты болып табылады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша [1], болашақ биология мұғалімдері арасында ең проблемалық ұғым «аллель» ұғымы болды. M.Karagoz және M.Çakir зерттеулеріне қатысушылардың көпшілігінде аллель тұжырымдамасы туралы қате түсініктер, сәйкес келмейтін немесе ішінара түсініктер болды. Қатысушылар тұжырымдаманы анықтауда қиынға соқты және әдетте тұжырымдаманы сипаттаудың орнына мысалдар келтіруге және аллельдердің көріністерін түсіндіруге тырысты. Сонымен қатар, зерттеу жұмысына қатысушылардың байланысқан гендер, кроссовер, фенотип және генотип арақатынасы және тұқым қуалаушылық моделін жасау қабілеті туралы тұжырымдамалық түсінігінің жоқтығын көрсетеді. Сол сияқты, болашақ биология мұғалімдері доминантты және рецессивті белгілер, гомозиготалы және гетерозиготалы

даралар сияқты іргелі мендельдік концепцияларды толық емес, сәйкес келмейтін немесе ішінара түсінетінін көрсетті. Ген ұғымы әдетте жақсы түсінілген, бірақ «ген» мен «аллель» арасындағы айырмашылық олардың көпшілігі үшін түсініксіз болды, өйткені олар аллельдердің орнына гендерге қарапайым үстемдік немесе рецессивтілікті жатқызды. Басқа проблемалық концепцияларға эпистаз, ко-доминанттылық және толық емес доминанттылық жатады. Эпистаз әдетте көптеген аллельдердің жағдайларымен шатастырылды. Қатысушы әртүрлі гендер арасындағы және бір геннің әртүрлі аллельдері арасындағы өзара әрекеттесулерді оңай ажырата алмады.

Болашақ биология мұғалімдерінің мендельдік генетиканың негізгі тұжырымдамалары туралы түсініктерін зерттеу және гипотезаны тексеру, деректерді жинау, жоғары деңгейдегі когнитивті қабілеттерді қажет ететін генетикалық мәселелерді шешу кезінде олармен күресетін тұжырымдамалық және процедуралық қиындықтарды анықтау бағытындағы зерттеулер тұжырымдамалық түсінікке қол жеткізген қатысушылар ұғымдарды дұрыс сипаттап қана қоймай, сонымен қатар бұл ұғымдарды әртүрлі проблемалық жағдайларда зерттеп, мәселені шешу барысында қолайлы жерлерде қолдана алғандығын көрсетті. Бірақ, қатысушылардың ішінде бірнеше негізгі менделдік генетикалық концепциялар туралы біркелкі және толық емес түсінігі мен қате түсінігі бар екені анықталды.

Мектеп «Биология» курсы «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» тарауы бойынша 9 сынып орта мерзімді жоспарын талдайық.

Тарауда қарастырылған «9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару» оқу мақсаты бойынша білім алушылар дигибридті будандастыруға есептер шығару кезінде тұқымқуалаушылық заңдылықтарын сипаттайтын терминдер мен заңдар туралы білімдерін қолданады. Сабақ барысында дигибридті будандастыру бойынша есептердің шешімін рәсімдейді, генетикалық таңбаларды дұрыс пайдаланады, гаметаларды дұрыс анықтайды, Пеннет торын пайдалана отырып есептеулер жүргізеді, генотип пен фенотип бойынша ыдырауды дұрыс көрсетеді. Нәтижесінде мұғалімдер оқушылардың Блум таксономиясы бойынша талдау С4, бағалау С5 және жинақтау С6 дағдыларын арттыруға мүмкіндік жасайды.

Қорыта айтқанда, биологиялық есептерді шығару ең алдымен концептуальды білімді қажет етеді. Жеткілікті теориялық білім арқылы биологиялық, әсіресе генетикалық есептерді шешу жоғары деңгейдегі оқу-танымдық процеске қол жеткізеді, дәлірек айтқанда Блум таксономиясы бойынша С4, С5 және С6 жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. M.Karagoz and M.Çakir. Problem Solving in Genetics: Conceptual and Procedural Difficulties. Educational Sciences: Theory & Practice - 11(3). - 2011.

2. Биология. Оқу жоспары. 9 сынып. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. – 2018.

3. Temelli, A.. Lise öğrencilerinin genetikle ilgili konular- daki kavram yanılgılarının saptanması. Gazi Üniversitesi Kas- tamonu Eğitim Dergisi, 14 (1). - 2006. - 73–82.

4. Cooper, S., Hanmer, D., & Cerbin, B. Problem-solving modules in large introductory biology lectures enhance stu- dent understanding. The American Biology Teacher, 68, 9, 524–529. – 2006.

5. Senemoğlu, N. Gelişim öğrenme ve öğretim kuramdan uygulamaya (11. bs). Ankara: Gazi Kitabevi. – 2005.

6. Anderson, L. W. & Krathwohl, D. R. A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. Longman. – 2009.

7. Khoe Yao Tung, Alissa. Flipperentiated Learning in Biology Class to Improve Cognitive Learning Outcomes, Problem-Solving Skill, and Motivation. IJELS 9(1). 2021. - 183-190

8. Kneeland, S. Problem çözme (çev. N. Kalaycı, 1. bs). An- kara: Gazi Kitabevi. – 2001.

ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРҒА СИПАТТАМА

Әсет Б.Н., Бақытбек М.Қ.– 1504-11 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: **Мәдібекова Ғ.М**. – х.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В научной статье о промышленных отходах признаются сложные проблемы в области управления отходами, включая риски для окружающей среды и здоровья человека. Она основана на результатах предыдущих диалогов по промышленным отходам и подчеркивает важность сокращения, переработки и повторного использования отходов, а также изучения новых технологий управления отходами.

Summary

The scientific article on industrial waste acknowledges the complex challenges in waste management, including the risks to the environment and human health. It builds upon past dialogues on industrial waste and highlights the importance of reducing, recycling, and reusing waste as well as exploring new waste management technologies.

Кіріспе. Бұл тақырыпты таңдаудың себептеріне қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсер ету, тұрақты дамудың маңыздылығы, мәселені шешу үшін қажетті пәнаралық тәсіл, инновациялар мен оң өзгерістер әлеуеті жатады. Өнеркәсіптік қалдықтар-бұл әр түрлі мүдделі тараптардың назарын қажет ететін маңызды және өзекті мәселе. Өнеркәсіптік қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсері жаһандық проблема болып табылады. Мақаланың мақсаты-өндірістік қалдықтардың табиғатын талдау, олардың көздерін анықтау және қалдықтарды басқарудың қолданыстағы стратегияларының тиімділігін бағалау. Мақалада сонымен қатар тұрақты дамуға ықпал ету және қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғау үшін қалдықтарды басқарудың инновациялық тетіктері қарастырылады. Өнеркәсіптік қалдықтар қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсер етеді және индустрияландыруға байланысты олардың өндірісі өсті. Қалдықтар қатты, сұйық немесе газ тәрізді болуы мүмкін және әртүрлі салаларда түзіледі. Ғылыми мақаланың осы тарауында өнеркәсіптік қалдықтар, оның ішінде олардың көздері, сипаттамалары мен әсері талданады, сонымен қатар қалдықтарды басқарудың инновациялық механизмдері қарастырылады.

Мақсаттар: Өнеркәсіптік қалдықтарды және олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін талдау. Өнеркәсіптік қалдықтардың себептері

мен салдарын жою үшін қалдықтарды басқарудың тиімді стратегияларының қажеттілігін атап өту. Қалдықтарды басқарудың қолданыстағы әдістерін, технологиялары мен саясатын және олардың өндірістік қалдықтарды азайтудағы тиімділігін бағалау. Өнеркәсіптік қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша инновациялық шешімдерді ұсыну. Өнеркәсіптік қалдықтар мәселесі және оның қоғамға әсері туралы халықтың хабардарлығын арттыру.

Өнеркәсіптік қалдықтардың түрлері. *Қатты тұрмыстық қалдықтар:* өнеркәсіптік қалдықтардың бұл түріне өндіріс, құрылыс және ауыл шаруашылығы сияқты салаларда өндірілетін металдар, пластмассалар, шыны, қағаз және органикалық заттар сияқты материалдар кіреді [1]. *Сұйық қалдықтар. С*ұйық қалдықтарға химиялық өндіріс, мұнай және газ өндіру және тау-кен өнеркәсібі сияқты өндірістік процестерден пайда болатын ағынды сулар жатады [2]. *Қауіпті қалдықтар.* Өнеркәсіптік қалдықтардың бұл түріне улы, жанғыш, реактивті немесе коррозиялық және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін материалдар кіреді. Химиялық заттар, батареялар және электронды қалдықтар мысал бола алады [3]. *Газ тәрізді қалдықтар.* Газ тәрізді қалдықтарға ауаның ластануына және климаттың өзгеруіне ықпал ететін қазба отындарын жағу және химиялық реакциялар сияқты өндірістік процестердің шығарындылары жатады [4]. *Электрондық қалдықтар.* Электрондық қалдықтар (e-waste) құрамында қорғасын мен сынап сияқты улы заттар бар компьютерлер, смартфондар және теледидарлар сияқты тасталған электронды құрылғылар бар [5]. *Ауылшаруашылық қалдықтары.* Ауылшаруашылық қалдықтарына жануарлардың көңі, өсімдік қалдықтары және ауылшаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын пестицидтер сияқты материалдар жатады [6].

Өндірістік қалдықтардың көзі мен құрамына қарай жіктелуі.

Өнеркәсіптік қалдықтарды көзі мен құрамы бойынша жіктеуге болады. Төменде осындай жіктеудің кейбір мысалдары келтірілді.

Дереккөздер бойынша жіктеу:

- Өндірістік қалдықтар: өндірістік процестер нәтижесінде пайда болады, мысалы, қалдықтар, ақаулы өнімдер және артық шикізат.
- Құрылыс қалдықтары: құрылыс жұмыстары мен ғимараттарды бұзу нәтижесінде пайда болады, мысалы, бетон, ағаш және металл қалдықтары.
- Ауылшаруашылық қалдықтары: егін қалдықтары, көң және ауылшаруашылық химикаттары сияқты ауылшаруашылық және мал шаруашылығы жұмыстарынан пайда болады.
- Тау-кен қалдықтары: тау-кен жұмыстарынан пайда болады, мысалы, тау-кен қалдықтары, құйрықтар және шахталық дренаж.
- Электрондық қалдықтар: компьютерлер, смартфондар және теледидарлар сияқты электронды құрылғылардан пайда болады. [5]

Құрамы бойынша жіктеу:

- Қауіпті қалдықтар: батареялар, химиялық заттар және медициналық қалдықтар сияқты химиялық немесе физикалық қасиеттеріне байланысты адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін материалдар.

• Қауіпті емес қалдықтар: картон, қағаз және пластик сияқты адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға айтарлықтай қауіп төндірмейтін материалдар. [3]

Физикалық жағдайы бойынша жіктеу:

• Қатты қалдықтар: сұйық немесе газ емес кез келген қалдықтар, мысалы, құрылыс қалдықтары, электронды қалдықтар және тұрмыстық қалдықтар.

• Сұйық қалдықтар: мұнай мен химиялық заттардың төгілуі, ағынды сулар және өнеркәсіптік еріткіштер сияқты сұйық түрдегі кез келген қалдықтар.

• Газ тәрізді қалдықтар: өнеркәсіптік процестер, өртеу және полигондардағы шығарындылар сияқты газ тәрізді кез келген қалдықтар [2].

Бұл классификациялар өнеркәсіптік қалдықтарды жіктеудің пайдалы әдісін және қалдықтардың әртүрлі көздері мен құрамын түсінуді қамтамасыз етеді. Олар сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтарды қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін азайту үшін оларды дұрыс басқару мен жоюдың маңыздылығын атап көрсетеді.

Өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты қауіптер мен тәуекелдерді талқылау. Өнеркәсіптік қалдықтар көбінесе улы және қауіпті болғандықтан қоршаған ортаға да, адам денсаулығына да айтарлықтай қауіп төндіреді. Өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты тәуекелдерді бірнеше түрге бөлуге болады, соның ішінде химиялық, физикалық, биологиялық және радиологиялық тәуекелдер. Төменде өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты қауіптер мен қауіптерге шолу және оларды растау үшін қолданылатын әдебиеттер берілген:

Өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты қауіптер мен қауіптер айтарлықтай және әртүрлі екенін атап өткен жөн. Осы тәуекелдерді азайту және қоршаған орта мен адам денсаулығын қорғау үшін тиімді басқару стратегиялары қажет. Қалдықтарды басқарудың тиімді саясаты мен тәжірибесін әзірлеу үшін өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты қауіптер мен қауіптер туралы толық түсінікке ие болу маңызды [7-11].

Өнеркәсіптік қалдықтардың қоршаған ортаға әсері.

Өнеркәсіптік қалдықтар суға, ауаға, жерге және биоәртүрлілікке әсер ететін ауыр экологиялық және медициналық зардаптарға әкелуі мүмкін. Олар тоғандарды ластауы, ауаға зиянды газдар мен бөлшектерді шығаруы, топырақ пен жер асты суларын ластауы және табиғи тіршілік ету ортасын бұзуы мүмкін. Көптеген зерттеулер өнеркәсіптік қалдықтардың қоршаған ортаға кең ауқымды әсерін көрсетті және оны азайту үшін ережелер мен нұсқаулар әзірленді. Алайда, өндірістік қалдықтардың теріс әсерін толығымен жою үшін одан да көп жұмыс қажет[12-14].

Өнеркәсіптік қалдықтардың ластану мысалдарының сипаттамасы.

Павлодардағы (Қазақстан) алюминий зауыты ауаға күкірт диоксиді, азот оксидтері және көміртегі тотығын қоса алғанда, ластаушы заттардың көп мөлшерін шығарады. Бұл ластаушы заттар демікпе сияқты тыныс алу проблемаларын тудыруы мүмкін және жүрек-қан тамырлары ауруларымен және басқа да денсаулық мәселелерімен байланысты. Зерттеу сонымен қатар зауыттың шығарындылары топырақ пен судың сапасына зиянды әсер етуі мүмкін қышқыл жаңбырдың пайда болуына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті.

Karaca және Gürbüz (2019) тағы бір зерттеуі Түркиядағы алюминий зауытының жанындағы ауа сапасын талдады. Зерттеу зауыттың жанындағы ауадағы бөлшектердің концентрациясы басқа аймақтарға қарағанда айтарлықтай жоғары екенін көрсетті. Бөлшектер өкпеге еніп, тыныс алу проблемаларын тудыруы мүмкін, сонымен қатар түтін мен тұманның пайда болуына ықпал етеді. Жалпы алғанда, алюминий өндіру процесі Ауаның ластануының маңызды көзі болып табылады және шығарындыларды азайту және олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін азайту үшін шаралар қабылдау қажет[15, 16].

Өндірістік қалдықтарды азайтудың озық тәжірибесі және жаңа технологиялары. Өнеркәсіптік қалдықтарды азайту, қайта өңдеу немесе қайта пайдалану бойынша қолданыстағы озық тәжірибелерге шолу

Өнеркәсіптік қалдықтарды басқару әлемдегі көптеген компаниялар үшін маңызды мәселе болды. Бұл шолуда біз өнеркәсіпте қабылданған кейбір тиімді тәжірибелерді талқылаймыз.

Ең танымал әдістердің бірі-қалдықтарды азайтуға және ресурстарды барынша пайдалануға бағытталған дөңгелек экономика моделін енгізу. Өнеркәсіптегі *айналмалы экономика* тәжірибесінің кейбір мысалдарына өндірістің жабық циклі, материалдарды алмастыру және қалдықтарды энергияға айналдыру жатады [17].

Тағы бір тиімді тәжірибе-қалдықтарды қалыптастыру кезеңінде оларды анықтайтын және азайтатын бағдарламасын енгізу. Қалдықтардың пайда болу орындарын және оларды азайту мүмкіндіктерін анықтау үшін қалдықтарға аудит жүргізуге болады. Көптеген салалар қалдықтарды пайдалы *энергияға айналдыру* үшін қалдықтарды энергияға айналдыру технологиясы. Дегенмен, ауаның ластануын болдырмау үшін мұндай процестерден шығарындыларды дұрыс бақылауды қамтамасыз ету маңызды [18].

Ақырында, кейбір салалар қоршаған ортаға аз зиян келтіретін және аз қалдық шығаратын өнімдерді жасау үшін *экологиялық дизайн принциптерін* қолдана бастады. Бұл тәсіл өнімнің шикізат өндіруден бастап кәдеге жаратуға дейінгі өмірлік циклі бойына қоршаған ортаға әсерін ескеруді қамтиды [19].

Қорытындылай келе, өнеркәсіптік қалдықтарды азайтудың, қайта өңдеудің немесе қайта пайдаланудың көптеген озық әдістері бар екенін атап өткен жөн. Осы әдістерді қолдана отырып, компаниялар өздерінің тұрақтылығын арттырып қана қоймай, шығындарды азайтып, тиімділікті арттыра алады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтарды басқаруға басымдық беруі және қоршаған ортаға әсерді азайту үшін тиісті шаралар қабылдауы өте маңызды.

Өнеркәсіптік қалдықтарды басқарудың жаңа технологияларын талқылау. Өнеркәсіптік қалдықтарды басқару саласындағы жаңа технологиялар тиімділікті арттыруға, қоршаған ортаға әсерді азайтуға және айналмалы экономиканы дамытуға бағытталған. Оларға ластаушы заттарды кетіруге арналған жетілдірілген адсорбенттер мен биоремедиация, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру үшін қалдықтарды энергияға айналдыру технологиясы және айналмалы қайта өңдеу жүйелері кіреді. Алайда,

өнеркәсіптік қолданудың орындылығы мен тұрақтылығын бағалау үшін қосымша зерттеулер қажет.

Жағдайлық зерттеулердің сипаттамасы және өнеркәсіптік қалдықтарды азайтудың сәтті стратегияларының мысалдары. Өнеркәсіптік қалдықтарды азайту стратегиялары бүкіл әлемдегі компаниялар үшін маңыздырақ болып келеді, өйткені олар қоршаған ортаға әсерді азайтуға және тұрақтылық тәжірибесін жақсартуға тырысады. Мұнда бірнеше жағдайлық зерттеулер және өнеркәсіптік қалдықтарды азайтудың сәтті стратегияларының мысалдары келтірілген:

Procter & Gamble: Procter & Gamble Компания "полигонға нөлдік өндірістік қалдықтар" саясатын енгізді және өзінің өндірістік зауыттарында 90% қайта өңдеу деңгейіне жетті. Procter & Gamble сонымен қатар бөтелкені 10 есеге дейін қайта өңдеуге және қайта пайдалануға мүмкіндік беретін downy мата жұмсартқышы сияқты кейбір өнімдеріне тұйық цикл жүйесін енгізді [20].

Unilever: Unilever компания 2025 жылға қарай өзінің барлық өндірістік алаңдарындағы полигондарда қалдықтардың нөлдік деңгейіне жетуді және 2020 жылға қарай қалдықтардың көлемін екі есе азайтуды мақсат етеді. Unilever сонымен қатар қайта өңдеу деңгейін арттыру және пластик қалдықтарын азайту үшін ұйымдармен серіктес бола отырып, пластикалық қаптамаларын қайта пайдалану және қайта өңдеу бағдарламасын енгізді [21].

Бұл жағдайлық зерттеулер тұрақтылық тәжірибесін жақсарту және қоршаған ортаға әсерді азайту үшін қалдықтарды азайтудың тиімді стратегияларын енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Жаңа технологияларды енгізу, өршіл мақсаттар қою және жергілікті ұйымдармен ынтымақтасу арқылы компаниялар өнеркәсіптік қалдықтарды сәтті азайтып, тұрақты болашаққа үлес қоса алады.

Қорытынды. Өнеркәсіптік қалдықтар компаниялар үшін жаһандық проблема болып табылады, бірақ тиімді басқару стратегиялары бар. Оларға айналмалы экономика, қалдықтарды азайту, қалдықтарды энергияға айналдыру, қайта өңдеу және экодизайн кіреді. Жетілдірілген адсорбенттер мен биоремедиация сияқты жаңа технологиялар тиімділікті арттырады, қоршаған ортаға әсерді азайтады және айналмалы экономиканы дамытады. Болашақ зерттеулер осы технологиялардың орындылығы мен тұрақтылығын бағалауға, қалдықтарды басқару саясаты мен ережелерінің тиімділігін зерттеуге, сондай-ақ қалдықтарды тұрақты қайта пайдалану мен қайта өңдеудің инновациялық әдістерін зерттеуге бағытталуы керек. Бұл зерттеудің нәтижелері саясаткерлерге, өнеркәсіпке және қоғамға айтарлықтай әсер етіп, қалдықтарды тұрақты басқару және қоршаған ортаны сауықтыру тәжірибесін дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Мамин, Р.г. қалдықтарды басқарудың инновациялық механизмдері / Р. г. Мамин. - М.: МГСУ, 2018)

2. Shrivastava, P., & Shah, P. (2013). Assessment of the impact of industry and industrial activity on the environment. Journal of environmental science & engineering, 55(1), 1-22.

3. UNEP. (2020). Hazardous waste. UN Environment Program

4. source: IPCC. (2018).
5. Baldé, C. P., Forti, V., Gray, V., Kuehr, R., & Stegmann, P. (2017). Global e-waste Monitor 2017-quantity, flows and resources. UN University, International Telecommunication Union and International Solid Waste Association).
6. Wang, Z., Liu, H., & Xu, X. (2020). The impact of agricultural waste on the environment and their sustainable management. Journal of Cleaner Production, 247, 119211).
7. Management. Journal of Cleaner Production, 142(Part 4), 3087-3098).
8. 8.IAEA. (2018). Safety standards for the disposal of radioactive waste. International Atomic Energy Agency.
9. Khan, M. A., Zahid, M. F., Rizwan, M., & Nizami, A. S. (2018). Waste Management in health care: a review. Materials Today: Proceedings, 5(2), 7557-7566.
10. Lanphear, B. P., Rauch, S., Auinger, P., Allen, R. W., Hornung, R. W. (2018). Low lead levels and adult mortality in the United States: a population-based cohort study.
11. The Lancet Public Health, 3(4), e177-e184.
12. Eze, V. C., & Nwachukwu, E. O. (2019). Industrial waste and their impact on the environment. In Environmental Health Risk- Hazardous Factors to Living Species (pp. 219-235). IntechOpen.
13. Ighodaro, O. M., Obanla, O. A., & Balogun, O. A. (2019). Impact of industrial waste on the environment. In Environmental Management (pp. 235-251). Springer, Cham.
14. Kumar, P., Kumar, P., & Kumar, A. (2019). Industrial waste: characteristics, types and management methods. In the book "Waste Management and resource utilization efficiency" (pp. 123-135). Springer, Singapore.
15. 15.Karaca, F., & Gürbüz, H. (2019). Assessment of air pollution around an aluminum plant. International environmental
16. Жассұлан, А., Бекмұхамбетов, Ю., Болегенова, М., Касенова, А., және Шарапатова, к. (2020). Қазақстан, Павлодар қаласындағы алюминий зауытынан атмосфераға шығарындыларды бағалау. Environmental Science and Pollution Research, 27(28), 35358-35369.
17. European Commission," round Economy package " (2015)
18. Environmental Protection Agency (EPA)," Waste Reduction " (2021)
19. https://www.worldbank.org/en/topic/urbandevelopment/brief/solid-waste-management
20. Procter & Gamble компаниясының сайты
21. Unilever компаниясының сайты: https://www.unilever.com/sustainable-living/reducing-environmental-impact/waste-and-packaging/

DIFFICULTIES IN TRANSLATION OF BIOLOGICAL TERMS INTO ENGLISH

Нұрқиссақызы А.- 1505-32 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Султанова Г.Ф- аға оқытушы, магистр
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Особенностью биологии, как и других наук, является терминологическая насыщенность. В любом современном биологическом тексте присутствуют термины. В некоторых текстах их больше, в некоторых – меньше. История развития биологии существенно отражает особенности формирования терминологической базы. Во время становления науки на её развитие весомо повлияли греческий и латинский языки. В настоящее время латинская терминология и её применение – это дань традиции. Её можно встретить при описании видов, например, в ботанике и зоологии.

Түйін

Биологияның ерекшелігі, басқа ғылымдар сияқты, терминологиялық қанықтылық. Кез-келген заманауи биологиялық мәтінде терминдер бар. Кейбір мәтіндерде көп,

кейбіреулерінде аз. Биологияның даму тарихы терминологиялық базаның қалыптасу ерекшеліктерін айтарлықтай көрсетеді. Ғылымның қалыптасуы кезінде оның дамуына грек және латын тілдері қатты әсер етті. Қазіргі уақытта латын терминологиясы және оны қолдану дәстүрге құрмет болып табылады. Оны түрлерді сипаттау кезінде табуға болады, мысалы, ботаника мен зоологияда.

As in other sciences, the peculiarity of biology is the terminological richness. There are many terms in any modern biological text. In some texts there are more of them, in some there are fewer. The history of biology largely reflects the peculiarities of the formation of the terminological base. During the formation of science, Greek and Latin had a significant impact on its development. Currently, Latin terminology and its application are a tribute to tradition. It can be found in the description of species such as botany and zoology. Historically, the centers of development of these sciences are located in England and the United States. How do you determine which terms can be transliterated and which can't? The answer is simple — experimentally. For this purpose, you can use a dictionary of biological terms. In general, we can trust any source of specific terms. The meaning of a simple sentence structure is to provide an opportunity to correctly understand them to people who do not speak English at the level of a professional linguist. Today, a very large number of the results of various studies are published in English. The English language has a powerful influence on the formation of the terminological base of modern biology. Based on the above information, it is possible to derive a simple algorithm that will allow you to translate special texts on biology without much difficulty. It looks like this: check the sentence for words that may be untranslated. With the help of special literature, you can try to reveal their meaning, although this is not always necessary. You can leave these words in their original form in the same place where they stand in the original text. Analyze the grammatical structure of the sentence: find the subject, predicate, determine the type of sentence (simple, complex), etc. This will help you understand what role special terms can play in a sentence and how they are related to each other. Make a translation of the terms. Find out if they can be transliterated or not. Translate the rest of the words in the sentence. Correct the word order if necessary.

There is another feature of the translation of biological terms and texts in general, which should not be forgotten. Texts and terms related to biology should be translated into Russian as close as possible to the original text. The fact is that the sentences of special texts, as a rule, have a clear and easy-to-understand grammatical structure. The meaning of the simple structure of sentences is to provide an opportunity for students to understand them correctly. Today, a very large number of the results of various studies are published in English. English has had and still has a powerful influence on the formation of the terminological base of biology.

Latin terminology often does not need translation. For example, the well-known English word cell. In Russian, there is its equivalent – a cell. The word cell is of Greek origin – kytos. The situation is different with special terms that originated from Latin or Greek words and are actively used in both English and Russian. As a rule, for a translator who is not a specialist in biology, it is the translation of these terms that is particularly difficult. They are usually transliterated from English into Russian.

For example, the English word inhibitor in a special text does not have to be translated as an inhibitory substance, it is enough to transliterate it as an inhibitor.

According to the Oxford Dictionary, the English term "honey" — "honey" was first recorded back in 825. Another term corresponding to the concept of "honey" in English is the word "mead", which is believed to have originated from the Indo-Iranian word "medhu", which undoubtedly indicates its ancient origin.

The term "bees-wax" – "beeswax" — was first observed in English in the XVII century. It is easy to guess their meaning from the spelling of these words, since they are very similar in all three languages.Honey and wax are items of international trade. Merchants from different countries called bee products with the same words for better communication with each other.

Thus, the terms are units of linguistic and professional knowledge that ensure the effectiveness of intercultural communication. For this reason, the etymology of words is of the greatest practical importance when translating texts on beekeeping, since a number of words that relate to beekeeping have a similar etymology in different languages, and the meaning of these words can be guessed or learned from the context.

References:

1 . Dictionary of the Russian language of the XI-XVII centuries. – Moscow: Publishing house "Science", 1995. – 280 p.

2. Chernykh, P.Ya. Historical and etymological dictionary of the modern Russian language / P.Ya.Chernykh. – Moscow: Publishing house "Russian language", 1992. – 560 p.

3. The Shorter Oxford English Dictionary on Historical Principles / Revised and edited by C.T.Onions. Vol. I, II. – Oxford: Oxford University Press, 1991. – 2672 p.

ӘОЖ 631.147 (075.8)

ТОПЫРАҚ МИКРОФЛОРАСЫН ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Алпыс Ә.А. – 1505-29 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Жаппарбергенова Э.Б. – б. ғ. к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме.

В научной статье представлены результаты экспериментальных исследований по применению «Gaming-edycational technology» в рамках преподавания почвенной микробиологии.

Summary.

The scientific article presents the results of experimental studies on the use of "Game and educational technology" in the teaching of soil microbiology.

Тақырыптың өзектілігі. Геймификация –ойын арқылы оқытуға негізделген заманауи технология. Тәсілдің басты мақсаты оқыту үдерісін жеңілдетіп отырып, дәріс барысын интербелсенді деңгейде өткізу болып табылады. Сонымен бірге, технологияның басты мақсаты білім алушылардың сабақ барысына қызығушылығын арттыру. Гейминг технологияның келесі кезендері кездеседі:

1)Уақыт аралығына шектеу қою

2)Ынталандыру жүйесін кіріктіру

3) Пікір алмасуға арналған арнайы жағдай жасау

4) Жұмысты кезеңдерге бөліп беру

Халықаралық дәстүрге сәйкес, гейминг оқытудың бірнеше модификациясы кедесіп, қолдануда бір қатар өзгешеліктер танытады. Мәселен, «Сторилайн» бағытында білім алушыларға қызық тарих ретінде тапсырмалар құрастылып, персонаждар мен сюжеттік бағыт келтіріледі.

«Метаойын» – бұл оқытуға негізделген контент алдында ойын әдістің орналасуы. механики, располагающиеся над обучающим контентом. Әр бір жаңа тапсырма ойындағы жаңа қадам, ал оны орындау ынталану балл қосумен бағаланады және білім алушының курс өтуге мотивациясы болып келеді.

«3D-технологиялар» – бағытталған сала бойынша виртуальды экскурсия, саяхаттар (Ұлттық қорықтар, мұражайлар) жасалып, Google Street View платформасымен орындалады.

Уже с момента запуска проекта игра была для Novakid важной составляющей образовательного процесса. Но если вначале геймификация больше выражалась во взаимодействии ученика и преподавателя, то затем мы начали добавлять отдельные игры и общую метаигру, связанные с целями обучения.

Жұмыстың мақсаты. Жұмыстың басты мақсаты «Гейминг оқыту технологиясын» «Биология» бағытындағы пәндер, атап айтсақ, «Микробиология», сабақтарында қолдану арқылы білім алушылардың тақырыпты меңгеру динамикасын зерттеу болып келді.

Жұмыстың міндеттері.

1. Оңтүстік аймақтың топырақ микрофлорасын зерттеуді білім алушыларға гейминг технология негізінде үйрету;

2. Топырақта кездесетін микрофлораны зертхана жағдайында зерттеуде гейминг әдістерді пайдалану;

3. Гейминг технология негізінде жүргізілген оқу нәтижесін бағалау, бағалау критерийлерін құру.

4. Геймификацияда Wordwall, Quizizz платформаны пайдалану.

Зерттеу обьектілері. Зерттеу объекті ретінде 10 сыныптың білім алушылары алынып, Биотехнология тарауды өту барысында геймификация тәсілдері қолданылды. Экспериментке қатысқан контингенттің жалпы саны 83 болып келіп, олар үш топқа, демек екі эксперименттік бір бақылау командасы жіктелді.

Білім алушыларға бастапқы білім деңгейін анықтау үшін 20 минут уақыт берілді (сурет 1).

Сурет-1. Білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау барысы

Бағалау критерийлері бастапқы білім деңгейін анықтау үшін 30 баллдық жүйе арқылы құрастырылып, бағаланды (кесте 1).

Кесте-1 Эксперименттік және бақылау топтарындағы бастапқы білім деңгейі

Білім алаушылар	Бағалар жүйесі			
	25-30 балл	19-24 балл	14-18 балл	13балл және төмен
Эксперименттік топ 1	12%	38%	48%	2%
Эксперименттік топ 2	9%	34%	54%	3%
Бақылау топ	11%	39%	50%	2%
Орташа үлгерімі	10%	37%	50%	2,3%

«Gaming-edycational technology» әдістерін орындау барысындағы маңызды эксперименттік кезеңге бағалау критерийлерін құрастыру болып табылды. Осы мақсатта келесі талаптар құрастылып, орындалу кезеңде қолданылды:

1.Тақырып бойынша өзекті ақпаратты жеткізу

2.Жұмысты презентациялау, аудиториямен байланыс және кері байланыс жасау

3.Топ мүшелерінің белсенділігі

4.Жұмысты ұйымдастыру, уақытты ұтымды пайдалану

5. Презентацилық жұмыстың талаптарға сәйкестігі

Эксперимент аясында екі топқа заманауи ойындар ұсынылып, олардың көмегімен топырақ микрофлорасының Azotobacter, Rhizobium, Clostridium туыстарына толық морфоцитологиялық сипаттамалар берлді. Әсіресе, «Burger», «Loto», "Fillipity" ақпараттық технологияларға негізделген гейминг тәсілдер тиімділік танытты. Эксперименттік ойын технология нәтижесіндегі үлгерім көрсеткіші Word wall платформа арқылы бағаланып, нәтижелері төменде берілген (кесте 2).

Кесте-2 Эксперименттік және бақылау топтарындағы «Gaming-edycational technology» (ойын-оқу технологиясы) әдістерін қолдану бойынша үлгерім

нәтижесі

Білім алаушылар	Бағалар жүйесі			
	25-30 балл	19-24 балл	14-18 балл	13 балл және төмен
Эксперименттік топ 1	18%	44%	58%	0%
Эксперименттік топ 2	14%	43%	57%	0%
Бақылау топ	13%	40%	51%	1%
Орташа үлгерімі	15%	42%	55%	0,3%

Қорытынды. Оңтүстік аймақтың топырақ микрофлорасының биологиялық қасиеттерін зерттеу барысында «Gaming-edycational technology» (ойын-оқыту технологиясы) әдісін қолдану эксперименттік жұмыстарын, аталған оқыту технологиясының жоғары деңгейдегі тиімділігін көрсетіп, «Биология» бағытындағы білім алуышлардың білімін жоғарлатуда кең қолданысты талап ететің әдес екенің дәлелдеді.

Әдебиеттер:

1. Coyle D, Hood Ph., Marsh D / CLIL Content and Language Integrated Learning. CUP. – 2010.

2. Hernandez M. Evaluation within Project-based learning (n.d.) / Retrieved from https://www.edutopia.org

УДК 372.851

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРОХОЖДЕНИИ ТЕМ «ФОТОСИНТЕЗ», ПРЕДУСМОТРЕННЫХ ШКОЛЬНОЙ ПРОГРАММОЙ

Парходова К. К.– студентка 1507-89 группы

Научный руководитель: Абубакирова А.А. – PhD, старший преподаватель

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Мақалада "Фотосинтез" тақырыптарын өту кезінде білімдерін қамтуда мектепте зертханалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында педагогикалық әдістерді қолдану бойынша зерттеу нәтижелері келтірілген.

Summary

The article presents the results of research on the use of pedagogical methods during laboratory and research work at school when passing the topic "Photosynthesis".

Биологическая наука - экспериментальная наука. Большое значение для развития интереса учащихся к биологии имеют лабораторные и практические занятия. Во время лабораторных, практических занятий учащиеся могут совмещать знания, полученные ранее на уроке, при самостоятельной работе на практике, расширять уровень знаний. Поэтому в малокомплектных школах необходимо проводить лабораторные, практические занятия по биологии, развивать мышление учащихся, развивать желание к знаниям. В настоящее

время не существует общепринятой комплексной методики проведения лабораторных и практических занятий по биологии. Однако, поскольку на практике в малокомплектной школе не созданы полноценные условия для проведения лабораторных и практических работ, создается возможность их проведения в ресурсных центрах. Для развития исследовательских навыков учащихся все наблюдения и исследования должны проводиться систематически и планомерно, цель работы должна быть четкой и иметь возможность ее достижения [1,2].

Одним из действий, обнаруживших характерную особенность биологической науки в школьном предмете биологии, является лабораторная исследовательская работа и наблюдение за живыми объектами в природе, которые широко используются в методах исследования этой науки. Оба метода этого исследования являются основными путями научного познания, начиная с первого дня обучения студентов - биологов и заканчивая в дальнейшей профессиональной компетенцией. В программах и планах по школьной биологии эти лабораторные работы и занятия проводятся с выделением специальных часов или включаются в темы [3].

Лабораторный урок-это также тип урока, в котором в основном изучается новый материал. Немного отличается от других типов уроков. На лабораторном занятии используется предметная наглядность, большую часть времени занимает работа учащихся с биологическими объектами (наблюдение, практика). Во время лабораторных занятий особенно действенно формируются практические и интеллектуальные умения обучающихся, поскольку они делают предметный анализ, построение и вывод в процессе работы с природными объектами или их эскизами. Эффективность лабораторного занятия во многом зависит от степени самостоятельности, умелого управления воспитателем познавательной деятельностью детей, обеспечивающей высокую активность учащихся в усвоении новых знаний и формировании квалификации [4].

При прохождении педагогической практики в школе-лицей №7 им Ю. Саремы нами была проведена научная работа на тему «Использование эффективных педагогических технологий при прохождении тем «Фотосинтез», предусмотренных школьной программой.

